

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛДІК ДАМУЫН ДИАГНОСТИКАЛАУ ЖӘНЕ МОНИТОРИНГІЛЕУ ӘДІСНАМАСЫН ӘЗІРЛЕУ

Астана, 2025

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды (2025 жылғы 5 маусымдағы №2 хаттама)

Балалардың тілдік дамуын диагностикалау және мониторингілеу әдіснамасын әзірлеу. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025 ж. – 80 б.

«Балалардың тілдік дамуын диагностикалау және мониторингілеу әдіснамасын әзірлеу» әдістемелік ұсынымдары бастауыш сынып білім алушыларының қазақ тілінде сөйлеу, түсіну және ойды жеткізу қабілеттерін бағалау мен бақылау процесін ұйымдастыруға бағытталған. Ұсынымда тілдік дамуды диагностикалау мен мониторингілеудің тиімді тәсілдері мен құралдары қамтылған. Бұл педагогтерге білім алушылардың тілдік ерекшеліктерін уақытылы анықтап, қажетті қолдау көрсетуге және қазақ тілінде қарым-қатынас жасау дағдыларын жүйелі дамытуға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсынымдар орта білім беру ұйымдарының басшыларына, білім басқармалары мен бөлімдерінің өкілдеріне, оқу-әдістемелік орталықтардың әдіскерлеріне, бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған.

КІРІСПЕ

Тіл – адамның ойлау жүйесінің, мәдениет пен қоғаммен қарым-қатынас құралының маңызды компоненті. Әрбір адамның коммуникативтік қабілеті мен әлеуметтік өзара әрекеттесуі тіл арқылы жүзеге асады. Сондықтан баланың тілдік дамуы оның жан-жақты тұлға ретінде қалыптасуының негізгі индикаторларының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде балалардың тілдік дамуын бағалау мәселесі ерекше назар аударуды талап етеді. Қазіргі уақытта балалардың тілдік қабілеттері әртүрлі деңгейде дамуда. Бұл олардың оқу жетістіктеріне, әлеуметтік бейімделуіне және эмоционалдық жағдайына тікелей әсер етеді. Осыған байланысты баланың тілдік дамуын уақытылы диагностикалау және жүйелі мониторинг жүргізу қажеттілігі туындайды. Бұл балалардың жеке ерекшеліктерін, даму динамикасын нақты бағалауға және педагогикалық қолдау көрсету бағыттарын дұрыс анықтауға мүмкіндік береді.

Балалардың тілдік дамуын диагностикалау және мониторингілеу – кешенді, жүйелі және ғылыми негізделген процесс. Ол балалардың тілдік қабілеттерінің әртүрлі аспектілерін бағалауға, олардың даму деңгейін анықтауға және бақылауға арналған әдістер мен құралдарды қамтиды. Бұл процесс балалардың жеке ерекшеліктері мен даму қарқынын ескере отырып, педагогикалық түзету және қолдау шараларын уақытылы ұйымдастыруға септігін тигізеді.

Бұл әдістемелік ұсынымның негізгі мақсаты – балалардың тілдік дамуын диагностикалау және мониторингілеу әдістемесін әзірлеу, оның тиімділігін арттыру арқылы білім беру процесінде балалардың тілдік жетілуін жеделдету және сапалы бақылауды қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- 1) балалардың тілдік дамуын бағалауда қолданылатын қазіргі диагностика мен мониторинг әдістерін талдау;
- 2) тілдік дамудың негізгі көрсеткіштерін анықтау және оларды бағалаудың критерийлерін белгілеу;
- 3) балалардың тілдік даму деңгейін кешенді бағалауға арналған диагностикалық құралдар мен бақылау әдістерін әзірлеу;
- 4) мониторингті ұйымдастырудың тиімді тәсілдерін және жүйесін құру;
- 5) әдістемелік ұсынымды педагогикалық практикада қолдануға енгізу бойынша нұсқаулар беру.

Зерттеу нысаны – бастауыш сынып білім алушыларының тілдік дамуы.

Зерттеу пәні – балалардың тілдік дамуын диагностикалау және мониторингілеу әдістері мен әдістемесі.

Зерттеуде теориялық және эмпирикалық әдістер қолданылады. Теориялық деңгейде – ғылыми әдебиеттерді талдау, салыстыру және жүйелеу; эмпирикалық деңгейде – педагогикалық бақылау, диагностикалық тестілеу, сұхбат алу, бақылау және статистикалық талдау әдістері қолданылады.

Бұл әдістемелік ұсынымның ғылыми маңызы – тілдік дамудың диагностикасы мен мониторингінің теориялық негіздерін бір жүйеге келтіру, балалардың тілдік дамуының ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан талдау болып табылады. Сонымен бірге, әдістемелік ұсыным педагогикалық практикада қолдануға тиімді құралдарды әзірлеу арқылы білім беру сапасын арттыруға бағытталған.

Практикалық маңызы – балалардың тілдік дамуындағы кемшіліктерді ерте кезеңде анықтап, педагогикалық қолдауды ұйымдастыруға мүмкіндік беретін диагностикалық және мониторингтік құралдардың кешенді жүйесін ұсыну. Бұл әдістемелік ұсыным педагогтар мен мамандарға бағыт-бағдар бере отырып, балалардың тілдік жетілуін жетілдіру бойынша іс-шараларды нақтылауға септігін тигізеді.

Әдістемелік ұсыным кіріспеден, негізгі бөлімдерден және қорытындыдан тұрады. Кіріспеде зерттеу өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, зерттеу нысаны мен пәні, қолданылған әдістер мен әдістемелік ұсынымның ғылыми-практикалық маңыздылығы сипатталады. Негізгі бөлімде тілдік дамуды диагностикалау және мониторингілеу әдістері, құралдары мен тәсілдері қарастырылады. Қорытындыда зерттеу нәтижелері жинақталып, балалардың тілдік дамуын бағалауда тиімді қолдануға болатын ұсыныстар мен тұжырымдар беріледі.

1 БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛДІК ДАМУЫН ДИАГНОСТИКАЛАУ ЖӘНЕ МОНИТОРИНГІЛЕУ ӘДІСНАМАСЫ

Негізгі мақсат – тілді меңгеру деңгейін қазіргі уақытта бағалау ғана емес, сонымен қатар даму динамикасын қадағалау, баланың жаңа білімді қалай меңгеріп жатқанын және тілді әртүрлі жағдайларда қалай қолданатынын түсіну. Әдістеме әртүрлі тәсілдер мен құралдардың кешенін қамтиды.

Негізгі принциптер:

Жүйелілік – бұл диагностика мен мониторингтің тұрақты әрі жүйелі түрде жүргізілуін қамтамасыз ететін принцип. Бұл принцип тілдік құзыреттіліктің әртүрлі аспектілерін кеңінен қамтып, білім алушылардың тіл дағдыларын кешенді түрде бағалауды көздейді. Мұндай тәсіл білім беру процесін үздіксіз жақсартып отыруға мүмкіндік береді.

Диагностика мен мониторинг жүйелілігі

Диагностика – білім алушылардың тілдік дағдылары мен білім деңгейін анықтауға арналған зерттеу процесі. Бұл процесс үнемі жүргізіліп, белгілі бір кезеңдерде (мысалы, оқу жылының басында, ортасында, соңында) қайталанып отырады. Диагностика арқылы мынадай маңызды мәселелер анықталады:

- білім алушылардың тілдік дағдыларының бастапқы деңгейі: оқу жылынан басында әрбір білім алушының айтылым, тыңдалым, жазылым және оқылым дағдыларының бастапқы деңгейі анықталады;

- құзыреттіліктің дамуы: диагностика білім алушылардың тілдік қабілеттерінің өзгерісін, олардағы жетістіктерді немесе қиындықтарды көрсетуге мүмкіндік береді;

- әр түрлі аспектілер бойынша бағалау: диагностика тек сөздік қорды немесе грамматиканы ғана емес, сөйлеу дағдыларының түрлі деңгейлерін қамтиды. Мысалы: лексикалық, грамматикалық, фонетикалық, сөйлеу әрекетінің түрлі түрлері мен техникалары.

Мониторинг – бұл білім алушылардың оқу процесін бақылап, олардың тілдік құзыреттілігінің деңгейін үздіксіз бағалауды қамтиды. Ол дидактикалық тапсырмалардың орындалуын, оқу жоспарының орындалу сапасын, білім алушылардың жетістіктері мен қиындықтарын жүйелі түрде тіркеп отыруды көздейді. Мониторингтің негізгі мақсаттары:

- тілдік дағдыларды бақылау: тілдің барлық аспектілері бойынша (фонетика, лексика, грамматика, ауызша және жазбаша сөйлеу) білім алушылардың жетістіктері мен даму бағытын бақылап отыру;

- қиындықтарды анықтау: білім алушылардың тілдік дағдыларында кездесетін қиындықтарды ерте кезеңде анықтап, қажетті түзетулер мен әдістемелік көмек көрсету;

- жеке және топтық даму: әрбір білім алушының жеке дамуын қадағалау, сондай-ақ топтың тілдік дамуын бағалау;

- тұрақты бағалау: білім алушылардың білім деңгейі үнемі бағаланып отырады, бұл оқу нәтижелерінің нақты әрі объективті көрінісін береді.

Тілдік құзыреттілік дегеніміз – тілдің барлық салаларын тиімді қолдана білу дағдылары. Бұл дағдылар тек тілдің грамматикалық аспектілерін емес, оның барлық компоненттерін қамтиды:

- лексикалық құзыреттілік: сөздік қорды дамыту, сөздерді дұрыс қолдану және олардың мағыналарын түсіну;

- грамматикалық құзыреттілік: сөйлем құрылымдарын дұрыс қолдану, сөз таптарын, сөйлем мүшелерін дұрыс орналастыру;

- фонетикалық құзыреттілік: дыбыстардың дұрыс айтылуы, сөздердің айтылу ерекшеліктері;

- сөйлеу дағдылары: тілдің барлық аспектілерін дұрыс әрі түсінікті қолдану (ауызша сөйлеу, жазбаша тіл, тыңдау дағдылары).

- когнитивті құзыреттілік: тілдік ақпаратты өңдеу, талдау, пайымдау және логикалық ойлау қабілеттері.

Жүйелілік диагностика мен мониторингтің маңыздылығы:

- қажетті өзгерістер енгізу: тілдік құзыреттіліктің түрлі аспектілерінде кездесетін қиындықтарды дер кезінде анықтап, оқу процесін түзетуге мүмкіндік береді;

- оқытудың тиімділігі: тұрақты мониторинг пен диагностика оқыту әдістерінің тиімділігін арттырады, білім алушылардың қажеттіліктеріне бейімделген әдістерді қолдануға мүмкіндік береді;

- білім алушының даму динамикасы: диагностика мен мониторинг білім алушының жеке даму динамикасын түсінуге көмектеседі, бұл жеке оқу жоспарын құруға ықпал етеді.

Диагностика мен мониторинг жүйелі түрде жүзеге асырылса, тілдік құзыреттіліктің барлық аспектілері үнемі бақылауда болады, білім алушылардың даму деңгейі дұрыс бағаланып, қажет болған жағдайда оқыту процесі түзетіледі. Бұл білім алушылардың тіл дағдыларын үздіксіз дамытып, оларды жоғары деңгейде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Кешенділік – бұл баланың дамуын толыққанды бағалау үшін әртүрлі әдістер мен құралдарды қолдану принципі. Бұл принциптің негізінде баланың даму процесінің барлық аспектілерін ескере отырып, оның білім алу нәтижелерін, тілдік қабілеттерін, әлеуметтік және эмоциялық жағдайын қамтитын жан-жақты диагностика жүргізіледі. Кешенді тәсіл баланың жеке қажеттіліктерін, мүмкіндіктерін және қиындықтарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді, бұл оқыту мен дамыту процесін тиімді етеді.

Кешенді тәсілдің басты мақсаты – баланың дамуын тек бір жақты емес, барлық қырынан бағалау. Әрбір бала өзіндік ерекше тұлға, оның дамуы әртүрлі факторлармен байланысты, сондықтан оның даму динамикасын толыққанды түсіну үшін бір ғана әдіс немесе құрал жеткіліксіз. Кешенді бағалау әдістері мен құралдары баланың физикалық, когнитивті, эмоционалдық, әлеуметтік және тілдік даму деңгейін ескереді, бұл жалпы даму көрінісін анықтауға мүмкіндік береді.

Әдістер мен құралдардың әртүрлілігі

1. Тілдік дағдыларды бағалау әдістері

Құжаттамалық әдіс: білім алушының жазбаша жұмыстарын, тапсырмаларын, күнделікті тілдік әрекеттерін сараптау. Бұл әдіс арқылы білім алушының жазу дағдылары, сөздік қоры, грамматикалық құрылымдарды меңгеру деңгейі анықталады.

Сөйлеуді бақылау: білім алушының ауызша сөйлеу деңгейін бақылау, тыңдалым және айтылым дағдыларын тексеру. Білім алушының күнделікті сөйлеу әрекетіндегі сөздер мен дыбыстардың дұрыс айтылуын, сөйлем құрылымдарын бақылау.

Тілдік ойындар мен жаттығулар: ойындар мен түрлі жаттығулар арқылы білім алушының лексикалық және грамматикалық қабілеттерін дамыту. Бұл әдіс арқылы білім алушылардың тілге деген қызығушылығын арттыруға болады.

2. Когнитивтік (танымдық) даму әдістері

Тесттер мен сауалнамалар: білім алушының ақыл-ойы мен ойлау қабілеттерін бағалау үшін тесттер мен сауалнамаларды қолдану. Мысалы, логикалық тапсырмалар, есте сақтау және зейін қойып тыңдау дағдыларын тексеру.

Зерттеу мен эксперименттер: білім алушының оқуға деген қызығушылығы мен ғылыми тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту. Мұнда оларды зерттеулерге қатыстыру арқылы олардың танымдық дағдыларын дамыту.

Көрнекі құралдармен жұмыс: білім алушының дүниетанымын кеңейту үшін түрлі көрнекі құралдарды (карточкалар, диаграммалар, суреттер) пайдалану арқылы тапсырмалар беру.

3. Эмоционалдық және әлеуметтік даму әдістері

Әлеуметтік жағдайды зерттеу: білім алушының әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын бақылау. Ол топтық жұмыс, ойын және әлеуметтік жағдайларда өзін қалай ұстайтынын көрсетеді.

Психологиялық тесттер: білім алушының эмоциялық тұрақтылығы, өзін-өзі бағалауы, стресс жағдайларына төзімділігі мен эмоционалдық жағдайы туралы мәлімет жинау үшін арнайы психологиялық тесттер жүргізу.

Топтық жұмыс: білім алушының командада жұмыс жасау дағдыларын зерттеу. Бұл әдіс арқылы білім алушы ұжымдық ортада қалай әрекет ететінін, топтық жұмысқа қалай қатысатынын анықтауға болады.

4. Физикалық даму әдістері

Дене шынықтыру және қозғалыс жаттығулары: баланың дене даму деңгейін, моторикасын тексеру үшін физикалық жаттығулар мен ойындар ұйымдастыру.

Денсаулық жағдайын бағалау: баланың физикалық жағдайы мен жалпы денсаулығын бақылау (мысалы, бойының өсуі, физикалық күш-жігері, тұрақтылығы).

Кешенді әдістемелерді қолдану

1. Психологиялық-педагогикалық зерттеу әдістері – білім алушының жалпы дамуы, жеке ерекшеліктері, дағдылары мен қабілеттері туралы жан-

жақты ақпарат жинау мақсатында педагогтар мен психологтар бірлесіп жүргізетін зерттеу. Бұл әдістер баланың дамуындағы ауытқуларды ерте анықтауға және оның ерекшеліктеріне сәйкес дамытушы әдістемелерді жоспарлауға мүмкіндік береді.

2. Мазмұнды және мақсатты бағытталған бақылау: білім алушыға түрлі тапсырмалар жиынтығы ұсынылып, оларды орындау барысындағы нәтижелер мен қиындықтар талданып, білім алушының даму жағдайы бағаланады. Мұндай тәсіл оның когнитивтік, тілдік және эмоционалдық дамуын толыққанды көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

3. Оқу нәтижелерін мониторинг арқылы бағалау: оқу процесінде жиі қолданылатын тапсырмалар, тесттер және бағалау құралдары арқылы білім алушының білім деңгейі мен даму динамикасы бақыланып, ол бойынша қажетті түзетулер енгізіледі. Сонымен қатар, білім алушының оқу жетістіктері мен кемшіліктерін талдау арқылы оқытуды тиімді ұйымдастыруға болады.

Кешенді тәсілдің артықшылықтары:

- баланың толыққанды дамуы: бұл тәсіл білім алушының барлық даму салаларын ескере отырып, оның жеке қабілеттерін және мүмкіндіктерін жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді;

- қиындықтарды ерте анықтау: диагностика және мониторинг жүйелі түрде жүргізілген жағдайда, білім алушылардың дамуындағы қиындықтар немесе ауытқулар бар болса, олар ерте кезеңде анықталып, қажетті түзетулер енгізу үшін қажет;

- тиімді оқыту стратегиялары: кешенді әдістер арқылы педагог әр білім алушының жеке қажеттіліктеріне сәйкес әдіс-тәсілдерді таңдауға мүмкіндік туғызады;

- педагогикалық түзетулер енгізу: егер білім алушы қандай да бір даму кезеңінде қиындықтарға тап болса, педагог тиісті психологиялық немесе педагогикалық әдістермен білім алушының дамуын түзетуге бағыттайды.

Кешенділік білім алушының дамуын әртүрлі тұрғыдан, жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді. Әртүрлі әдістер мен құралдарды қолдана отырып, білім алушының тілдік, когнитивтік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын бақылап, оның жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту және тәрбиелеу процесін оңтайландырып отыру қажет. Бұл әдіс білім алушының дамуындағы барлық аспектілерді қамтып, оның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Жеке тәсілдеменің мазмұны мен мәні

Жеке тәсілдеме – әрбір білім алушының жасына, даму деңгейіне, танымдық мүмкіндіктеріне, қызығушылықтары мен жеке ерекшеліктеріне қарай оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыруға бағытталған педагогикалық ұстаным. Бұл тәсіл баланың тұлғалық дамуын қамтамасыз етуді, оқу процесін барынша қолайлы әрі нәтижелі етуді көздейді.

Жас ерекшеліктерін ескеру

Бастауыш сынып білім алушыларының жасына тән физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін назарға алу – жеке тәсілдеменің маңызды бөлігі. Әр жас кезеңінде баланың қабылдауы, есте сақтауы, зейіні мен ойлауы белгілі

бір заңдылықпен дамиды. Мысалы, 1–2-сыныптарда балалардың қимыл-қозғалысқа бейімділігі жоғары, олар ойынды, көрнекілікті және әрекет арқылы оқытуды қажет етеді. Ал 3–4-сыныптарда баланың логикалық ойлауы мен танымдық қызығушылықтары артып, олар өз бетінше жұмыс істеуге бейімделе бастайды.

Мұндай ерекшеліктерді ескеріп, оқу материалдарын білім алушының жасына сәйкес ұсыну оқу мотивациясын арттырады және оқу тапсырмаларын тиімді орындауына мүмкіндік береді.

Жеке ерекшеліктерді тану және бейімдеу

Бастауыш сынып білім алушылары бір-бірінен ойлау тәсілі, есте сақтау қабілеті, сөйлеу мәнері, эмоциялық реакциясы, қызығушылығы мен мінез-құлқы бойынша ерекшеленеді. Бір бала ақпаратты есту арқылы жақсы меңгерсе, екіншісі – көру немесе қимыл арқылы үйренуге бейім. Сонымен қатар, кейбір балаларға жеке қолдау қажет болса, басқалары топпен жұмыс істеуге ыңғайлы.

Мұндай айырмашылықтарды педагог ескеріп, әр балаға тиімді әдіс-тәсілдер мен жұмыс түрлерін таңдауы тиіс. Бұл:

- оқыту стилін бейімдеуді;
- тапсырмалар деңгейін реттеуді;
- баланың қызығушылығына сай мазмұн ұсынуды;
- кері байланысты дер кезінде беруді қамтиды.

Жеке тәсілдеменің маңызы

Жеке тәсілдеме арқылы педагог:

- әр баланың әлеуетін толық ашуға жағдай жасайды;
- оқуға деген қызығушылығын арттырады;
- эмоционалдық жайлылық пен өзін-өзі бағалауды нығайтады;
- білімдегі олқылықтарды дер кезінде байқап, түзету жұмыстарын жүргізе алады.

Даму қарқынын ескеру және білім беру қажеттіліктеріне қарай бейімдеу

Білім алушылардың даму қарқыны әртүрлі болуы мүмкін: кейбірі оқу материалын тез меңгереді, ал басқаларына қосымша уақыт пен қолдау қажет болады. Мұндай жағдайда жеке тәсілдеме келесі әдістер арқылы іске асырылады:

- материалды жылдам меңгертін білім алушыға – күрделі тапсырмалар беру;
- түсінуі баяу білім алушыға – қосымша түсіндіру, көрнекі құралдар қолдану;
- қажет жағдайда – жеке немесе шағын топпен жұмыс ұйымдастыру.

Сонымен қатар жеке тәсілдеме білім беру қажеттіліктеріне бейімделуді де көздейді. Бұл:

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға (мысалы, логопед, дефектологпен жұмыс, оңтайландырылған тапсырмалар арқылы) мақсатты қолдау көрсету;
- дарынды балалар үшін тереңдетілген, шығармашылық бағыттағы тапсырмалар ұсыну;

- эмоциялық немесе әлеуметтік қолдауға мұқтаж білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу арқылы іске асады.

Мұндай икемділік пен бейімделу педагогке әр білім алушының мүмкіндігін ашуға жағдай жасап, білім беру процесінің сапасын арттыруға көмектеседі.

Жеке тәсілдемені іске асыру жолдары:

- диагностика мен мониторинг нәтижесіне сүйену – білім алушының даму деңгейін, тілдік құзыреттілігін, оқуға деген ынтасын үнемі бақылау арқылы жеке оқыту жолын дұрыс анықтауға мүмкіндік береді;

- оқу тапсырмаларын саралау – бір тақырып шеңберінде тапсырмаларды әртүрлі деңгейде (жеңіл, орташа, күрделі) ұсыну. Мысалы, бір балаға сөз тіркестерін құрастыру, екіншісіне сөйлем құрау, үшіншісіне мәтін жазу тапсырмасын беру;

- қолайлы қарқын мен әдісті таңдау – бір бала көрнекілікпен жақсы түсінсе, екіншісі – әңгімелеу немесе талдау арқылы меңгереді. Сондықтан оқыту тәсілдері әртүрлі болуы тиіс: ойын, сахналау, жобалық жұмыс, зерттеу, әңгімелесу және т.б.

- мотивация мен қолдауды жеке ұйымдастыру – әр білім алушының қызығушылығы мен ішкі уәжін ояту маңызды. Бір балаға мадақтау қажет болса, екіншісіне нақты мақсат қою, үшіншісіне шығармашылық еркіндік беру мотивацияны арттырады.

- ата-анамен серіктестік – білімі алушының жеке ерекшеліктерін ескеруде ата-анамен тұрақты байланыста болу оның дамуын дұрыс бағытта ұйымдастыруға көмектеседі.

Жеке тәсілдеменің күтілетін нәтижелері:

- білім алушының оқуға деген қызығушылығы артады;
- өзіндік сенімі, жауапкершілігі мен бастамашылдығы дамиды;
- білім алушының оқу процесінде жетістікке жетуіне жағдай жасалады;
- әр білім алушы өз мүмкіндігіне сай нәтижеге қол жеткізеді, оқу процесінде артта қалмайды;

- инклюзивті орта қалыптасады, яғни әр білім алушы оқу процесінің толыққанды қатысушысы ретінде қабылданады.

Жеке тәсілдеме – бұл балаға тұлға ретінде қараудың, оны түсінудің, қолдаудың және дамытуға бағыттаудың маңызды шарты. Бұл тәсіл білім алушының мүмкіндіктерін барынша ашуға, оның оқу траекториясын тиімді жоспарлауға және оқыту сапасын арттыруға септігін тигізеді. Әр білім алушының өзіндік дамуын, қабілеттерін және қарқынын ескере отырып ұйымдастырылған оқу процесі ғана шынайы нәтижеге жеткізеді.

Динамикалық қағидат

Динамикалық қағидат – білім алушының тілдік және жалпы даму процесін тұрақты бақылап, ілгерілеуін бағалауға, өзгерістерді дер кезінде тіркеуге және қажет жағдайда білім беру процесіне бейімделген түзетулер енгізуге бағытталған тәсіл. Бұл қағидат білім алушының дамуындағы үздіксіз қозғалысты, яғни ілгерілеуді үнемі назарда ұстауды көздейді.

1) даму барысын үнемі бақылау: білім алушының тілдік дағдылары, сөздік қоры, сөйлеу белсенділігі, дыбыстау ерекшеліктері уақыт өте келе дамып отырады. Мұндай өзгерістерді бір реттік бағалаумен анықтау жеткіліксіз, ол үшін ұзақ мерзімді бақылау, жүйелі қайталап тексеру және мониторинг жүргізу қажет.

Мысалы: 1-тоқсанда бала қысқа сөйлемдер құраса, 3-тоқсан соңында күрделі сөйлемдер мен мәтіндер құра алуы мүмкін.

2) өзгерістерді тіркеу және салыстыру: соңғы нәтижелерді алдыңғы көрсеткіштермен салыстыру арқылы баланың жеке прогресін анықтау маңызды. Салыстырмалы бақылау арқылы даму бағыты (ілгерілеу, кідіріс немесе кері кету) көрінеді. Мұндай ақпарат педагогке әр балаға қандай қолдау немесе тапсырма қажет екенін нақты анықтауға көмектеседі.

3) түзету және бейімдеу мүмкіндігі. Егер баланың дамуында кідіріс байқалса, оқу процесіне уақытылы түзетулер енгізу керек.

Мысалы:

- тапсырмалардың мазмұнын жеңілдету немесе күрделендіру;
- визуалды, есту, қимыл-қозғалыс тәсілдерін қолдану;
- қосымша қолдау көрсету (мысалы, логопедпен жұмыс);
- оқу материалдарын қайта құрылымдау.

Егер бала ілгерілеп жатса, оны ынталандыру үшін күрделірек және шығармашылық тапсырмалар беруге болады.

4) жеке оқу траекториясын құру. Динамикалық тәсіл арқылы әр білім алушының даму процесіне сүйеніп жеке оқу картасы немесе траекториясы жасалады. Бұл картада:

- қай кезеңде қандай нәтижеге жеткені;
- қандай қолдауға мұқтаж болғаны;
- қандай өзгерістер енгізілгені;
- болашақта қандай бағытта жұмыс істеу қажеттігі нақты көрсетіледі.

5) отбасы мен мамандар арасындағы байланыс. Білім алушы дамуындағы өзгерістер туралы ата-аналармен және мамандармен (логопед, дефектолог, психолог) тұрақты ақпарат алмасу маңызды. Ортақ талқылау арқылы оқу процесіне тиімді түзетулер енгізу мүмкіндігі артады.

Динамикалық тәсілдің нәтижелері:

- білім алушының даму процесі үздіксіз қадағаланады, өзгерістер назардан тыс қалмайды;

- педагог дер кезінде әрекет етіп, оқу-тәрбие процесін икемді түрде басқара алады;

- оқыту сапасы артады, себебі нақты деректерге сүйеніп ұйымдастырылады;

- білім алушының жеке ерекшелігі ескеріледі, әркім өз деңгейінде нәтижеге қол жеткізеді;

- білім алушы өз даму қарқынын түсініп, жетістігін бағалауға үйренеді (рефлексия дағдысы қалыптасады).

Динамикалық қағидат – білім алушының даму процесіндегі өзгерістерді үнемі бақылауға мүмкіндік беретін, педагогке нақты шешімдер қабылдауға негіз болатын маңызды әдістемелік ұстаным.

Оқу процесінің осылайша икемді әрі бейімделгіш түрде ұйымдастырылуы білім беру сапасын арттырып, әр білім алушы үшін тиімді оқу ортасын қалыптастыруға жол ашады.

Ынтымақтастық қағидаты

Ынтымақтастық қағидаты – білім алушының тілдік және жалпы дамуын тиімді қамтамасыз ету үшін педагогпен қатар ата-аналар, логопедтер, психологтар және басқа да мамандардың бірлесе әрекет етуін көздейтін тәсіл. Бұл қағидат барлық тараптар арасындағы сенімге негізделген қарым-қатынас пен ортақ жауапкершілікті талап етеді.

1) тәрбие мен оқытуда ортақ мақсат. Педагог, ата-ана және мамандар баланың дамуына ортақ көзқараспен қарайды.

Мақсаты: білім алушының әлеуетін ашу, тілдік кедергілерді жою, сөйлеу дағдыларын дамыту және психоэмоционалдық қолдау көрсету.

2) педагог пен ата-ананың серіктестігі. Ата-ана тек бақылаушы емес, білім беру процесінің белсенді қатысушысы. Педагог бала дамуы туралы ақпарат беріп, ата-анамен тұрақты байланыста болады. Ата-ана үйде қолдау көрсетіп, сөйлесуге ынталандырып, ұсынылған тапсырмаларды орындау арқылы бала дамуына үлес қосады.

3) мамандардың қатысуы. Егер білім алушының сөйлеу, қабылдау немесе эмоционалдық дамуында ерекшеліктер байқалса, логопед, психолог, дефектолог, әлеуметтік педагог секілді сала мамандары педагогикалық процеске тартылуы қажет.

- логопед – сөйлеу бұзылыстарын түзетеді.
- психолог – баланың ішкі мотивациясын, сенімін қалыптастырады.
- медицина қызметкерлері – көру, есту, жүйке жүйесі жағдайын ескеріп кеңес береді.
- әлеуметтік педагог – баланың әлеуметтенуі мен отбасылық жағдайына назар аударады.

4) командалық жұмыс және ақпарат алмасу. Барлық тараптар арасында жүйелі кері байланыс ұйымдастырылады:

- жеке кездесулер, диагностика нәтижелерімен бөлісу, ұсыныстар беру;
- педкеңестер, консилиумдар мен ата-аналарға арналған семинарлар өткізіледі.

5) үй мен мектептің үйлесімді байланысы. Үй жағдайында қолданылатын әдіс-тәсілдер мен мектептегі оқу мен дамытуға бағытталған жұмыс өзара сәйкестендіріліп, бірізділік сақталады. Мұндай үйлесімділік білім алушы үшін ортақ және тұрақты оқу-даму ортасын қалыптастырады. Бұл баланың даму қарқынын сақтап, мектептегі дағдыларын үйде де бекітуге мүмкіндік береді.

Ынтымақтастық нәтижелері:

- балаға кешенді және үйлесімді қолдау көрсетіледі;
- проблемаларды ерте анықтап, жедел әрекет ету мүмкіндігі артады;

- сенім мен жауапкершілікке негізделген серіктестік қалыптасады;
- бала өзін қабылданған әрі қамқорлыққа алынған тұлға ретінде сезінеді;
- сөйлеу белсенділігі мен әлеуметтік бейімделуі артады.

БІНТІМАҚТАСТЫҚ – білім алушының табиғи әрі тиімді дамуын қамтамасыз ететін жол. Бұл қағидаттың табысты жүзеге асуы үшін барлық тараптар арасында ашықтық, сенім, ортақ жауапкершілік және тұрақты байланыс қажет. Мұндай бірлескен әрекет білім алушыға шынайы әрі тұрақты қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Құпиялылық және этика қағидаты – бұл білім алушыға қатысты жиналған ақпараттың (диагностикалық нәтижелер, даму ерекшеліктері, психологиялық немесе логопедиялық қорытындылар және т.б.) толықтай құпия сақталуын және тек білім алушының игілігі үшін ғана, этикалық нормаларға сай қолданылуын қамтамасыз ететін маңызды әдістемелік ұстаным.

1) баланың жеке деректерін қорғау. Диагностика нәтижесінде алынған мәліметтер (баланың сөйлеу деңгейі, даму динамикасы, мінез-құлық ерекшеліктері, отбасылық жағдай және т.б.) – жеке сипаттағы, құпия ақпарат болып табылады. Мұндай деректерге тек бала дамуына тікелей қатысы бар тұлғалар – педагог, логопед, психолог, мектеп әкімшілігі мен ата-анасы (немесе заңды өкілі) ғана қол жеткізе алады.

Бұл ақпарат басқа адамдарға (мысалы, өзге ата-аналарға, балаларға, таныстарға) ұсынылмайды, жария етілмейді және таратылмайды.

2) ақпаратты тек баланың игілігі үшін пайдалану. Бақылау және диагностика нәтижелері білім алушыны кемсіту, салыстыру немесе жазалау үшін емес, оған қолдау көрсету және дамуына жағдай жасау үшін қолданылады.

Мысалы, егер балада фонематикалық қабылдауда қиындық анықталса, бұл оның оқшаулануына емес, арнайы түзету жұмыстарын ұйымдастыруға негіз болады.

3) этика талаптарының сақталуы. Педагог пен мамандар баланың ерекшелігі туралы пікір білдіргенде:

- бейтарап, сыпайы, қолдаушы және кәсіби тілмен сөйлеуі тиіс;
- таңбалау, кемсіту немесе келеке етуге жол берілмеуі қажет;
- баланың ар-намысы мен қадір-қасиеті әрдайым алдыңғы қатарда тұруы шарт.

Жазбаша немесе ауызша пікір білдіру кезінде әрқашан мейірімді және қолдаушы тон қолданылуы тиіс.

4) ата-анамен қарым-қатынас. Ата-анамен жеке ақпарат талқылауы жеке әңгімелесу форматында, құпиялылық пен өзара сенім жағдайында жүзеге асырылады.

Қандай да бір қиындықтар анықталған жағдайда, ата-ананы кінәлау емес, керісінше, бірлесе шешім іздеу мен қолдау көрсету басты назарда болады.

5) бала құқығын сақтау. Білім алушы өзіне қатысты ақпараттың қалай қолданылып жатқанын білуге құқылы (жасына сай түрде түсіндіріледі).

Ол ыңғайсыз жағдайлардан қорғалуы тиіс, құрдастарының алдында ыңғайсыздық сезінуіне, ерекше атап көрсетілуіне жол берілмейді.

Құпиялылық және этика қағидатының нәтижелері:

- білім беру процесінде сенімді әрі қауіпсіз психологиялық орта қалыптасады;
- педагог пен ата-ана арасында кәсіби және сенімді байланыс орнайды;
- бала өзін қабылданған және қорғалған тұлға ретінде сезінеді;
- ақпараттың дұрыс қолданылуы арқылы әділ әрі нақты шешімдер қабылданады;
- педагог пен мамандардың кәсіби этикасы сақталады.

Құпиялылық және этика қағидаты – білім алушының жеке кеңістігі мен ар-намысын қорғауға бағытталған, педагогикалық жауапкершілікті талап ететін маңызды ұстаным. Бұл қағиданы сақтау білім беру процесінің адамгершілік негізін нығайтып, ата-аналар мен педагогтер арасындағы сенімді серіктестікке жол ашады. Ең бастысы – бала үшін психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Диагностика мен мониторингтің негізгі бағыттары:

1) сөйлеудің фонетикалық-фонематикалық жағының дамуының мақсаты: бастауыш сынып білім алушыларын сөйлеу тіліндегі дыбыстық дағдылардың (дыбыстарды дұрыс айтуы, буындық құрылымды меңгеруі және фонематикалық қабылдауы) қалыптасу деңгейін анықтау және оның даму динамикасын бақылау.

Диагностика: сөйлеудің фонетикалық-фонематикалық жағы келесі үш негізгі компонент бойынша бағаланады:

- дыбыстарды айту ерекшеліктері: білім алушының барлық дыбыстарды дұрыс әрі анық айтуы бағаланады (артикуляциялық бұзылыстар – мысалы, «р», «ш», «с» сияқты дыбыстарды алмастыру, бұрмалау, түсіріп айту анықталады);
- сөздің буындық құрылымын меңгеруі: сөзді дұрыс буынға бөліп айту қабілеті тексеріледі (білім алушы буындарды қысқартпай не ұзартпай, буын саны мен тәртібін сақтап айта алатынына назар аударылады);
- фонематикалық есту және дыбыстарды ажырату қабілеті: сөйлеу дыбыстарын тыңдалым арқылы естіп, бір-бірінен ажырата білуі (мысалы, «б» мен «п», «қ» пен «к» дыбыстары); дыбыстарды орнымен сәйкестендіру (сөздің басында, ортасында, соңында есту); мысалы: «Сен қай дыбысты естідің?», «Қай сөзде [ш] дыбысы бар?» деген тапсырмалар беріледі.

Қолданылатын әдістер:

- сөйлеуді бақылау;
- білім алушының әңгімелесу кезіндегі, мәтін оқу мен мазмұндау барысындағы сөйлеуі тыңдалады;
- қателер түрі мен жиілігі белгіленеді (мысалы, дауыссыз дыбыстарды алмастыру);
- буындар мен сөздерді қайталауға арналған арнайы тапсырмалар: педагог буындарды (па–ба–ма), сөздерді (мысалы, «қалам», «балапан») айтып береді, бала қайталайды; қайталану дәлдігі, айтылым анықтығы бағаланады;
- фонематикалық естуді бағалау тапсырмалары: дыбыстарды салыстыру («Б» мен «П» дыбысы бар сөздерді ажырату); сөзден белгілі бір дыбысты табу

(мысалы: «Қай сөзде «р» дыбысы бар?»); естілген дыбыстың сөздегі орнын анықтау: «Ана» сөзінде [н] дыбысы қай жерде естіледі?;

- сурет бойынша жұмыс: балаға бірнеше сурет көрсетіледі, педагог белгілі бір дыбысты айтады – бала сол дыбысы бар суретті таңдайды. Бұл әдіс визуалды және фонематикалық танымды ұштастырады;

- фонематикалық талдау мен жинақтауға арналған тапсырмалар: сөзді дыбыстық құрамға талдау (мысалы, «Қала» – неше дыбыс, неше буын?); жаңа сөз құрастыру (мысалы, «бар» сөзінен «пар», «қар» сөздерін жасау).

Фонетикалық-фонематикалық даму баланың дұрыс сөйлеуін, оқу және жазу дағдыларының негізін қалайды. Бастауыш сынып кезеңінде бұл бағытты үнемі бақылап, диагностикалап отыру – тілдік дамудың сапалы ілгерілеуін қамтамасыз ететін негізгі алғышарттардың бірі.

2. *Сөйлеудің лексикалық-грамматикалық жағының дамуының мақсаты:* білім алушының сөздік қоры мен грамматикалық құрылымдарды қолдану деңгейін анықтау және оны дамыту жолдарын белгілеу.

Диагностика келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

а) сөздік қоры. Түсінетін (рецептивті) сөздік қоры: бала тыңдаған мәтін, әңгіме немесе сұрақ мазмұнын түсіне ме, қажетті ақпаратты іріктей ала ма – осы қабілет тексеріледі.

Белсенді (өнімді) сөздік қоры: бала сөздерді өзі сөйлегенде, әңгіме құрастырғанда, сұрақтарға жауап бергенде дұрыс әрі орынды қолдана ала ма – осы көрсеткішке мән беріледі.

Қолданылатын әдістер:

- әңгімелеу әдісі (балаға сурет көрсетіп, әңгіме айтқызу арқылы сөйлеу дағдысын дамыту);

- сұрақ-жауап әдісі (мәтін бойынша сұрақ қою арқылы түсіну мен байланыстырып сөйлеуді тексеру);

- түсіндіру әдісі (ұғымдарды өз сөзімен айтып беруін сұрау арқылы ұғымдық аппаратын кеңейту);

- тілдік ойындар әдісі (сөз тізбектету, синоним мен антоним табу арқылы сөздік қорды жетілдіру);

- рөлдік ойын әдісі (жағдаятты сахналау (мысалы, «Сатушы – сатып алушы») арқылы коммуникативтік қабілетті дамыту);

- жетелеуші сұрақтар әдісі (сөйлем құрату, сөздік қорын кеңейту мақсатында жетекші сұрақтар қою).

Осы әдістерді қолдану мысалдары мен мақсаттары төмендегі кестеде көрсетілген.

1-кесте. Әдістерді қолдану мысалдары мен мақсаттары.

Берілген мысал	Мақсаты
Сурет бойынша әңгіме құрату	Бұл – сөйлеу әрекетін дамытуға арналған жаттығу
Мәтіннен кейін сұрақ қою	Бұл – тыңдап түсіну немесе сөйлеу әрекетін тексеру әдісі арқылы жасалған тапсырма

Ұғымдарды түсіндірту («Мысық деген не?»)	Бұл – бала ұғымын нақтылауға бағытталған тапсырма
Синоним, антоним табу	Бұл – сөздік қор мен тілдік нормаларды тексеру тапсырмасы
Бір тақырып бойынша сөз тізбектету	Бұл – сөз байлығын анықтауға арналған жаттығу

ә) грамматикалық құрылымдарды қолдану:

- білім алушы сөйлемде сөздерді дұрыс байланыстыра ала ма;
- жалғаулар мен шылауларды қолдану деңгейі;
- сөйлем түрлерін (хабарлы, сұраулы, лепті) дұрыс қолдануы;
- жіктік, септік жалғауларын меңгеруі;
- етістіктің шақтарын (осы шақ, өткен шақ, келер шақ) қолдана алуы;
- сөздердің орын тәртібі, байланысы;
- қосымша сөз тіркестері мен күрделі сөйлемдер құрастыру.

Мысалы:

Кеше мен дүкенге бардым. – өткен шақ, зат есім + етістік байланысы.

Ол қалың кітапты үстелдің үстіне қойды. – тұрлаусыз сөйлем, септік жалғауларын қолдану.

б) морфологиялық өзгерістерді меңгеру:

- зат есімді жекеше-көпше түрінде қолдану: бала – балалар;
- етістікті шақ, рай, жақ бойынша түрлендіру;
- сын есім мен сан есімді қолдану және олардың зат есіммен байланысы (мысалы: қызыл гүл, бес дәптер);
- шылаулар мен көмекші сөздерді орынды пайдалану.

Бағалау әдістері:

- айтылымды тыңдап және жазып алу;
- жалғастыру тапсырмалары (мысалы: «Кеше ауа райы жаңбырлы болды, сондықтан...»);
- түзетуді қажет ететін сөйлемдермен жұмыс (мысалы: «Мен баратын дүкен» орнына «Мен дүкенге барамын»).

3. *Сөйлеудің прагматикалық және коммуникативтік жағының мақсаты:* білім алушының тілдік қарым-қатынас жасау дағдысын, сөйлеу жағдаятына бейімделу қабілетін және коммуникативтік ниетін бағалау.

Бағалау келесі бағыттарда жүзеге асырылады:

а) коммуникативтік ниет және белсенділік:

- білім алушы қарым-қатынас орнатуға, диалог бастауға және қолдауға қаншалықты ұмтылады;
- сұрақ қою, жауап беру, өз ойын білдіру немесе пікір алмасуға қатысуға ынтасы байқала ма;
- сөйлесуді бастау, оны жалғастыру және аяқтау әрекетіне белсенді араласуы;
- вербалды (ауызша) қарым-қатынасқа еркін қосыла алуы және тілдік қарым-қатынасқа бейімділігі. Мысалы: «Мен саған бір нәрсе айтқым келеді»,

«Қалай ойлайсың?» деген бастамалар; «Сен не айтқың келді?» сияқты кері байланыс жасау.

ә) тыңдаушының ерекшеліктерін ескеруі:

- білім алушы өз ойын жеткізуде тыңдаушының жасын, тәжірибесін және жағдайын назарға ала отырып сөйлеуі;

- тыңдаушыға түсінікті болуын қадағалап, қажет болған жағдайда ойды нақтылап немесе қайталап беруі;

- әңгіменің мазмұнын тыңдаушының деңгейіне бейімдей отырып құруы;

- тілдік құралдарды тыңдаушының қабылдау мүмкіндігіне сай таңдауы.

б) сөйлеу жағдаятына бейімделуі:

- әңгімелесу орнын, уақытын, серіктесін ескере отырып тілдік құралдарды таңдауы;

- коммуникативтік мақсатқа жету үшін сөйлеу тәсілдерін өзгерте алуы (мысалы, сұрау, дәлелдеу, өтіну, келісу, келіспеу);

- әр түрлі жағдайларда өзін еркін сезінуі (мысалы: танысу, кешірім сұрау, өтініш білдіру, алғыс айту).

в) сөйлеудің әлеуметтік-функционалдық рөлі:

- рөлдік ойындарда тілдік жағдаятты түсінуі және соған бейімделуі (мысалы, «сатушы – сатып алушы», «дәрігер – бала»);

- әлеуметтік нормаларға сай сөйлеу тәсілдерін қолдануы (әдеп сақтау, сыпайы сөйлеу, үлкен-кішіге сөйлеу ерекшелігі);

- әр түрлі әлеуметтік ортада (үйде, мектепте, қоғамдық орындарда) тілдік бейімделуі.

4. Байланыстырып сөйлеудің дамуы

Диагностика бағыттары:

- ойды жүйелі жеткізу: білім алушы өз ойын дәйекті, бірізді және логикалық түрде білдіре ала ма, соны бағалау. Бұл сөйлеу әрекетінің мазмұнды әрі ретпен өрбуіне мүмкіндік береді;

- мазмұндау қабілеті: тыңдалған немесе оқылған мәтіндердің мазмұнын дұрыс және түсінікті жеткізе білуі. Мәтіндегі негізгі ойды, оқиғаның өрбуін, кейіпкерлер әрекетін дәл жеткізуі маңызды;

- сурет немесе тақырып негізінде әңгіме құрастыру: берілген көрнекілік немесе тақырып бойынша әңгіме құрастырып, оқиға желісін байланыстыра білу, мазмұнды жүйелі ұйымдастыру.

Қолданылатын әдіс-тәсілдері:

- мәтіндерді мазмұндау: тыңдалған немесе оқылған мәтіндердің мазмұнын қысқаша немесе толық айтып беру. Бұл ретте мәтін құрылымын (басы, дамуы, қорытындысы) сақтай отырып баяндауға үйрету;

- суреттер сериясы бойынша әңгіме құрастыру: бірнеше ретті сурет негізінде оқиға желісін құрастырып, уақыт пен кеңістік байланысын сақтай отырып әңгімелеу. Әрбір суретті сипаттап, біртұтас мазмұнды мәтін құрастыру;

- сипаттау әңгімелер құрастыру: заттың, адамның немесе құбылыстың сыртқы белгілерін, қасиеттерін сипаттай білу. Мысалы: «Менің сүйікті

ойыншығым», «Күзгі табиғат», «Мектептегі бір күн» деген тақырыптарда жазбаша немесе ауызша әңгіме құрау;

- тақырыптық әңгімелесу: белгілі бір тақырыпқа байланысты әңгімелесу жүргізу. Білім алушы сұрақтарға жауап беру арқылы немесе өз пікірін білдіру арқылы белсенді түрде диалогке қатысады. Мысалы: «Менің отбасым», «Жануарлар әлемі».

5. *Сөйлеуді түсінудің дамуы*

Диагностика бағыттары:

- бағытталған сөйлеуді түсіну: педагог тарапынан берілген сөздік нұсқауларды, тапсырмаларды дұрыс қабылдау және орындау қабілеті. Мұндай сөйлеу көбіне әрекетке бағытталған болады. Білім алушы оны тыңдап, мағынасын дұрыс түсініп әрекет ете білуі тиіс;

- нұсқауларды түсіну және орындау: бір және бірнеше кезеңді (күрделі) нұсқауларды тыңдап, оларды рет-ретімен орындау. Мысалы: «Қызыл қаламсапты алып, дәптеріңнің оң жақ бетіне күн жаз» сияқты тапсырмаларды толық орындауы;

- мәтіндердің мағынасын түсіну: тыңдалған немесе оқылған мәтіндегі негізгі ойды, себеп-салдарлық байланысты, кейіпкерлердің әрекетін түсіну, мәтіндегі жекелеген сөздер мен сөйлемдердің мағынасын анықтай алу.

Қолданылатын әдіс-тәсілдері:

- нұсқауларды орындау тапсырмалары: педагог нұсқау береді, білім алушы оны тыңдап, дәл және дұрыс орындайды. Қарапайым (бір қадамдық) және күрделі (екі немесе одан да көп әрекетті қамтитын) нұсқаулар қолданылады. Мысалы: «Орныңнан тұр да, есікке жақында»;

- мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру: тыңдалған немесе оқылған мәтінге байланысты нақты, түсінуге бағытталған сұрақтар қойылады. Мысалы: «Балалар қайда барды?», «Неге олар қуанған еді?»;

- сөйлемге сәйкес суретті таңдау: педагог сөйлем немесе мәтін оқиды, білім алушы соған сәйкес келетін суретті табады. Бұл әдіс сөйлем мағынасын визуалды түрде түсінуді бағалауға мүмкіндік береді. Мысалы: «Балалар орманда саңырауқұлақ теріп жүр» деген сөйлемге сәйкес суретті таңдауы.

6. *Оқылым және жазылым дағдыларының дамуы*

Оқылым мен жазылым – бастауыш сынып білім алушыларының тілдік және танымдық дамуының негізгі компоненттері болып табылады. Бұл дағдылар білім алушының тілдік қарым-қатынасын, логикалық ойлауын, сөздік қорын, өз ойын жазбаша және ауызша жүйелі түрде жеткізе білуін қамтамасыз етеді. Осы дағдыларды қалыптастыру мен дамыту – бастауыш білім берудің басты міндеттерінің бірі.

Оқылым – білім алушының мәтінмен өзара әрекеттесуі, ақпаратты қабылдап, түсініп, оны талдау және өзіне қажеттісін таңдап алу қабілеті. Ал жазылым – білім алушының өз ойын жазбаша сауатты, логикалық бірізділікпен, құрылымдық жағынан дұрыс жеткізе білу біліктілігі. Бұл екі дағды бір-бірімен тығыз байланысты және бірін-бірі толықтырады.

Оқылым мен жазылым дағдыларының даму деңгейін анықтау мақсатында келесі негізгі бағыттар бойынша диагностика жүргізіледі:

1) оқу техникасы:

- жылдамдық: білім алушының белгіленген уақыт аралығында оқи алған сөздерінің саны есептеледі. Бұл көрсеткіш оның оқу қарқынын сипаттайды;
- дұрыстық: мәтінді қатесіз оқу, яғни сөздерді дұрыс буындап, дауыссыз және дауысты дыбыстарды анық айтуы тексеріледі;
- мәнерлеп оқу: дауыс ырғағын, екпін мен кідірістерді дұрыс сақтай отырып, мәтінді түсінікті әрі әсерлі оқи алу қабілеті бағаланады.

2) оқылған мәтінді түсіну: мәтіннің мазмұнын дұрыс түсіне білу – оқылым сапасының негізгі көрсеткіші. Бұл бағытта:

- оқылған немесе тыңдалған мәтіннің негізгі ойын түсіну;
- мәтіндегі оқиғалардың ретін, себеп-салдарлық байланысын анықтау;
- кейіпкерлердің әрекеті мен мінезін саралау;
- мәтін бойынша берілген сұрақтарға жауап беру немесе оны қысқаша/толық мазмұндап беру сияқты тапсырмалар қолданылады.

3) жазылым дағдылары:

- сауатты жазу: орфографиялық (емле) және пунктуациялық (тыныс белгілерін дұрыс қою) нормаларды сақтай отырып, таза әрі қатесіз жазу дағдысы;
- каллиграфия: жазудың әдемілігі мен біркелкілігі, әріптердің нақты, жол бойымен бірізді жазылуы, жазу құралының дұрыс ұсталуы бағаланады;
- жазбаша мазмұндау: білім алушының өз ойын жазбаша түрде жүйелі түрде жеткізу, мәтін құрау және құрылымын сақтау қабілеті ескеріледі.

Оқылым мен жазылым дағдыларын дамыту үшін сабақ барысында келесі әдістер мен тәсілдер пайдалануға болады:

1) дауыстап оқу. Мәтінді дауыстап оқу арқылы білім алушы артикуляциялық дағдыларын жетілдіреді, дыбыстарды нақты айту мен сөйлем құрылымын сезінуді үйренеді. Бұл әдіс оқу мәнерін қалыптастырып, мәтінге эмоциялық реңк беруге баулиды.

2) іштей оқу. Мәтінді іштей оқу – білім алушының өздігінен мәтінді түсіну, ойша талдау, ақпаратты есте сақтау қабілетін дамытады. Бұл – оқу дағдыларын күрделендіруге және кейінгі білім беру деңгейіне бейімделуге негіз болатын маңызды кезең.

3) мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру. Бұл әдіс мәтін мазмұнын қаншалықты түсінгенін, негізгі ойды анықтай алу қабілетін тексеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, талдау, салыстыру, қорытынды жасау сияқты ойлау әрекеттері де дамиды.

4) көшіру. Дайын мәтінді көшіру арқылы білім алушы жазу қарқынын реттейді, орфографиялық және тыныс белгілерін дұрыс қолдануды үйренеді. Сонымен бірге бұл әдіс каллиграфиялық дағдыларды жетілдіруге көмектеседі.

5) диктант жазу. Педагог тарапынан айтылған мәтінді тыңдай отырып жазу – тыңдалым арқылы жазу дағдысын, жазу сауаттылығын, грамматикалық нормалар мен тыныс белгілерін қолдану білігін жетілдіруге бағытталған тиімді әдіс. Өртүрлі диктант түрлері (әріп диктанты, буын диктанты, сөздік диктанты,

көру диктанта, өздік диктанта, терме диктант, түсіндірме диктанта, еркін диктант есте сақтау диктанта, шығармашылық диктант, еркін диктант) білім алушылардың жазылым деңгейіне қарай таңдалады.

б) мазмұндама және шығарма жазу. Бұл – білім алушының тыңдаған немесе оқыған мәтін бойынша өз ойын жазбаша жеткізуге, мәтін құрастыруға, логикалық байланыстар орнатуға дағдыландыратын күрделі жұмыс. Шығарма жазу шығармашылық ойлау қабілетін, тіл байлығын дамытып, білім алушыны өз пікірін жазбаша жеткізуге үйретеді.

Диагностика мен мониторинг құралдары

Білім алушының тілдік, коммуникативтік, когнитивтік даму деңгейін анықтау мен жүйелі қолдау көрсету үшін педагог тарапынан түрлі диагностикалық және мониторингтік құралдар пайдаланылады. Бұл құралдар білім алушылардың сөйлеу дағдыларын, тыңдалым, оқылым және жазылым қабілеттерін, тілдік қорын және тілдік нормаларды меңгеруін кешенді түрде бағалауға бағытталады.

1) бақылау әдісі. Бақылау – білім алушының сөйлеу әрекетін табиғи, еркін жағдайда талдауға мүмкіндік беретін педагогикалық тәсіл. Сөйлеуді бақылау арқылы педагог білім алушының тілдік нормаларды қалай меңгеріп жатқанын, сөздік қорын, ойын жеткізу құрылымын, сөйлеу мотивациясын және тілдік-коммуникативтік жағдаяттарда бағдарлану дағдысын нақтылай алады.

Бақылау барысында назар аударатын көрсеткіштер:

- білім алушының сөйлеуге ниет білдіруі, сұрақ қоя білуі және өз ойын еркін жеткізуге талпынысы;
- диалог пен монолог кезіндегі белсенділігі (диалогтік қатысу, сұраққа жауап беру, ой бөлісу, әңгімелеу, сипаттау, дәлелдеу);
- сөйлеуде интонация, дауыс ырғағы, экспрессивті мән беру сияқты компоненттерді қолдана алуы;
- коммуникативтік жағдаятқа сәйкес бейімделе сөйлеуі (ресми және бейресми стильді ажыратуы);
- тыңдаушыға бағдарлануы (серіктесінің реакциясына мән беруі, жауапты күтуі, байланыс орната алуы).

2) сұхбат (жеке әңгімелесу) әдісі – педагог пен білім алушы арасындағы мақсатты қарым-қатынас арқылы баланың сөйлеу дағдыларын, тілдік қорын және коммуникативтік бейімін бағалауға арналған әдіс. Сұхбат еркін және құрылымдалған форматта жүргізілуі мүмкін.

Қолдану ерекшеліктері:

- сөйлеу белсенділігі мен ниетін анықтауға мүмкіндік береді;
- мазмұнды, дәйекті және логикалық жауап құрау қабілетін байқатады;
- сұрақтарға жауап беру, өз ойын білдіру, нақты мысал келтіру секілді әрекеттер арқылы баланың тілдік дамуы бағаланады.

Бағалау критерийлері:

- жауаптардың толықтығы мен мазмұндылығы;
- сөйлем құрау құрылымы, лексика мен грамматиканы қолдану деңгейі;

- коммуникативтік жағдайға бейімделе жауап бере алуы.

3) тапсырмаларды орындау арқылы диагностикалау – мақсатты тілдік тапсырмалар білім алушының сөйлеу әрекетін құрылымдық және мазмұндық жағынан талдауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс ауызша және жазбаша тапсырмаларды қамтиды. Мысалы: сурет бойынша әңгіме құрау; оқылған немесе тыңдалған мәтін бойынша мазмұндама; сөйлемді аяқтау; берілген тақырып бойынша диалог жүргізу.

Бағалау бағыттары:

- қолданылған сөздік қорының әртүрлілігі;
- сөйлеудің логикасы, құрылымдылығы;
- грамматикалық және стилистикалық нормаларды сақтау.

4) жазбаша жұмыстарды талдау әдісі. Жазбаша жұмыстар – білім алушының тілдік сауаттылығы мен ойды жеткізу қабілетін кешенді бағалауға арналған тиімді әдіс. Жазылым нәтижелері арқылы баланың орфографиялық, пунктуациялық және синтаксистік дағдылары көрініс табады.

Қарастырылатын аспектілер:

- грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдану;
- сөз тіркестері мен сөйлемдер арасындағы логикалық байланыс;
- орфография мен тыныс белгілерді меңгеру деңгейі;
- ойдың мазмұндылығы және дәйектілігі.

5) қалыптастырушы бағалау әдісі. Қалыптастырушы бағалау – білім алушының оқу барысындағы ілгерілеуін, тілдік қабілеттерінің даму динамикасын бақылауға және уақтылы кері байланыс беруге бағытталған. Бұл әдіс оқыту мен бағалауды біріктіру арқылы сөйлеу әрекетін жетілдіреді.

Мысалы: Оқушы рефлексиясы («Не үйрендім?», «Қиын болған тұстар»); «Екі жұлдыз, бір тілек» тәсілі; Ауызша/жазбаша өзіндік талдау жүргізу.

Мақсаты:

- тілдік прогресті нақтылау;
- сөйлеу кезінде кездесетін қиындықтарды анықтау;
- оқуға ынтасын арттыру арқылы ішкі мотивацияны дамыту.

6) тест және сауалнама әдісі. Тестілер мен сауалнамалар білім алушының тілдік білімін, түсіну қабілетін және сөйлеуге дайындық деңгейін формалды түрде бағалауға арналған. Бұл әдіс әсіресе оқу жылының басы мен соңында салыстырмалы талдау жасау үшін қолданылады.

Тест мазмұны:

- дыбыстық, морфологиялық және синтаксистік құрылымдар;
- сөз мағынасын, тіркесуін, антоним/синоним тану;
- тыңдалым мен оқылым бойынша түсіну деңгейі.

Сауалнама бағыттары:

- сөйлеу белсенділігіне көзқарас;
- қиындық сезінетін аспектілер;
- тілдік қарым-қатынасқа деген қызығушылық.

7) портфолио әдісі. Портфолио – білім алушының тілдік дамуын ұзақ мерзімді бақылауға арналған құрал. Жинақталған жұмыстар білім алушының сөйлеу дағдыларының даму траекториясын бейнелейді.

Портфолио мазмұны:

- жазбаша жұмыстар (мазмұндама, шығарма, диктант);
- ауызша сөйлеудің аудиожазбалары;
- білім алушының өзіндік талдауы мен рефлексия жазбалары.

Пайдасы:

- динамикалық даму деңгейін көруге болады;
- жетістіктер мен қиындықтарды салыстырмалы түрде бағалауға мүмкіндік береді.

8) сөйлеуді диагностикалауға арналған ойын әдістері. Сөйлеу дағдыларын еркін жағдаятта бағалау үшін көркемдік және рөлдік ойындар қолданылады.

Ойын түрлері:

- жағдаяттық ойындар («Қонаққа бару», «Дүкенде»);
- рөлдік диалогтар (педагог пен білім алушы арасында);
- сөйлеу жаттығулары (шапшаң жауап, сұрақ-жауап тізбегі).

Бағалау: білім алушының бастама көтеруі, серіктесімен әрекеттесуі, сөйлеу бірізділігі және интонацияны дұрыс қолдануы арқылы бағаланады.

Теориялық негіздеме: сөйлеуді диагностикалау мен бақылауға қатысты ғылыми-практикалық тұжырымдар Л.С. Выготский, А.А. Леонтьев, М.М. Бахтин еңбектерінде кеңінен негізделген.

Л.С. Выготскийдің пікірінше, сөйлеу – баланың когнитивтік дамуы мен ішкі ой жүйесінің көрсеткіші. Ол сөйлеу мен ойлаудың бірлігіне, сөйлеудің алдымен әлеуметтік сипатта болып, кейін ішкі сөйлеуге айналатынына назар аударады. Бұл идеялар сөйлеуді бақылау арқылы баланың ішкі даму деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.

А.А. Леонтьев сөйлеуді психологиялық әрекет ретінде қарастырып, оны мотивация, ойды қалыптастыру, ішкі сөйлеу, сыртқы сөйлеу деген кезеңдерге бөледі. Бұл кезеңдер педагогке сөйлеу әрекетін құрылымдық талдауға, білім алушының сөйлеудегі әлсіз тұстарын анықтауға көмектеседі.

М.М. Бахтин сөйлеуді диалогтік құбылыс деп қарап, оны әрдайым нақты тыңдаушыға бағытталған әрекет ретінде сипаттайды. Оның пікірінше, сөйлеу жағдаяттық және жанрлық тұрғыда талдануы тиіс. Бұл көзқарас білім алушының сөйлеуін нақты контекстте бақылаудың қажеттілігін көрсетеді.

Диагностикалық тапсырмалар мен тестілер – білім алушылардың сөйлеу және тілдік дағдыларын жан-жақты бағалауға бағытталған, арнайы әзірленген әдістемелік құралдар мен бақылау түрлері. Бұл тапсырмалар мен тестілер баланың тілдік даму деңгейін, коммуникативтік қабілетін, сөздік қорын, грамматикалық құрылымдарды меңгеру деңгейін және мәтін құрастыру дағдыларын нақты әрі жүйелі анықтауға мүмкіндік береді.

Аталған диагностикалық құралдар сөйлеу тілі мен оның құрамдас бөліктерін (фонетика, лексика, грамматика, синтаксис) кешенді түрде бағалауға бағытталған. Мысалы:

- фонетикалық деңгейді анықтайтын тапсырмаларға: дыбыстарды дұрыс айту, дыбыстарды ажырату және есту арқылы тану жатады;

- лексикалық қорды бағалау үшін сөздердің мағынасын түсіндіру, синоним-антоним табу, сөз тіркестерімен сөйлем құрау тапсырмалары қолданылады;

- грамматикалық құрылымды тексеруде сөздердің түрленуін, сөйлемдегі сөздердің байланысын, жалғау-жұрнақтарды қолдану дағдыларын бақылау қажет;

- сөйлем мен мәтін құрастыру тапсырмалары: оқиға желісін ретімен айту, сурет бойынша әңгіме құрау, берілген тақырыпқа қысқаша мәтін құрастыру арқылы жүзеге асырылады;

- коммуникативтік және прагматикалық деңгей: тілдік бірліктерді жағдаятқа сәйкес қолдана білу, сұрақ-жауап жүргізу, өтініш немесе нұсқау айту сияқты әрекеттер арқылы бағаланады;

- диагностикалық тапсырмалар мен тестілерді қолдану педагогке білім алушының сөйлеу тілі қай деңгейде дамып жатқанын нақты анықтап, қай бағытта қолдау көрсету қажет екенін белгілейді. Сонымен қатар, бұл құралдар білім алушылардың сөйлеу қабілеттеріндегі өзгерістерді динамикалық түрде бақылауға мүмкіндік береді;

- жазба жұмыстарын талдау: білім алушылардың тілдік және жазбаша сөйлеу дағдыларын бағалауға бағытталған жүйелі бақылау тәсілі. Бұл процесс барысында педагог білім алушылардың дәптерлерін, бақылау жұмыстарын, мазмұндамалары мен шығармаларын тексеру арқылы, олардың жазу дағдыларын, орфографиялық және пунктуациялық сауаттылығын, ойды жүйелі жеткізу қабілетін, тілдік қорын және грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдануын жан-жақты саралайды.

Жазба жұмыстарын талдау бірнеше бағыт бойынша жүргізіледі:

- орфографиялық және пунктуациялық сауаттылық. Жазба жұмысында сөздерді дұрыс жазу, тыныс белгілерін орынды қолдану, сөздердің жазылу нормаларын сақтау деңгейі анықталады;

- грамматикалық құрылымдарды меңгеру. Сөйлемдегі сөздердің байланысы, сөйлем мүшелерін дұрыс қолдану, сөз тіркестерін құрастыру дағдыларына назар аударылады;

- сөздік қоры мен стилистикалық ерекшеліктері. Білім алушының сөзді тиімді таңдауы, синонимдер мен бейнелі сөздерді қолдана білуі, сөйлемдердің әртүрлілігі мен мазмұндық байлығы бағаланады;

- мәтіннің құрылымы мен логикалық жүйелілігі. Мәтіннің кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдер бойынша құрылуы, ойдың дәйектілігі мен байланыстың сақталуы сарапталады;

- ойды жазбаша түрде беру. Білім алушының өз ойын түсінікті, жүйелі және сауатты жеткізу қабілеті бағаланады, сол арқылы жазбаша сөйлеудің даму деңгейі айқындалады. Жазба жұмыстарын талдау педагогке білім алушының тілдік және жазбаша сөйлеу дағдыларының даму қарқынын бақылауға, жиі кездесетін қателерін анықтауға және жеке оқу-тәжірибелік қолдау көрсетуге

негіз болады. Бұл әдіс сондай-ақ оқыту процесінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін кері байланысты қамтамасыз етеді.

Оқушы портфолиосы – білім алушының белгілі бір уақыт аралығындағы жеке тілдік даму динамикасын, оқу жетістіктерін, шығармашылық қабілеттерін, коммуникативтік біліктілігін және өзіндік рефлексиясын бейнелейтін құжаттар мен жазба, көрнекі материалдардың жүйеленген жинағы. Бұл жинақ білім алушының оқу процесіндегі жеке жетістіктерін нақты көрсетіп, оның тілдік құзыреттілігінің даму деңгейін бақылауға және бағалауға мүмкіндік береді.

Портфолио мазмұнына жеке жазба жұмыстары – мазмұндамалар, шығармалар, диктанттар және басқа да жазба түріндегі жұмыстар баланың жазбаша сөйлеу дағдыларын, сөздік қорын, тілдік құрылымдарды меңгеруін көрсетеді. Сондай - ақ жазба жұмыстары мен қатар ауызша сөйлеуді дамытуға арналған тапсырмалар жиынтығының нәтижелерін көруге болады:

- ауызша сөйлеуді дамытуға арналған тапсырмалар нәтижелері. Монолог және диалог үлгілері, өз ой-пікірін білдіру және т.б. материалдар білім алушының ауызша тілдесу білігін айқындайды;

- көркем және шығармашылық жұмыстар. Өлең құрастыру, сурет бойынша әңгіме құрау, рөлдік ойындар, ертегі немесе әңгіме жазу сияқты шығармашылық сипаттағы тапсырмалар білім алушының тіл байлығын және қиялын дамытудың көрсеткіші ретінде қарастырылады;

- қатемен жұмыс нәтижелері және өзіндік рефлексия. Жіберілген қателерді түзету жұмыстары, өзіндік талдау парақтары мен мұғалімнің кері байланысы білім алушының тілдік дамуындағы өзгерістерді, білім алуға деген ынтасын және өзін-өзі бағалау қабілетін сипаттайды;

- қосымша материалдар білім алушының қатысқан тілдік байқаулары, олимпиадалар, жобалар және басқа да білім беру іс-шараларының нәтижелері мен сертификаттары жинақталады.

Оқушы портфолиосы – педагогке баланың тілдік дамуын ұзақ мерзімде бақылауға, оқу мазмұнын даралап, бағыттап ұйымдастыруға мүмкіндік беретін маңызды құрал. Сонымен қатар, бұл жинақ баланың жетістіктерін көрнекі түрде көрсетіп, ата-анамен тиімді кері байланыс орнатуға ықпал етеді.

Баланың даму карталары – білім алушының жеке даму процесін жүйелі түрде бақылауға, бағалауға және тіркеуге арналған құжат. Бұл карталар білім алушының тілдік, когнитивтік, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоциялық және психомоторлық дамуындағы ілгерілеу мен өзгерістерді кезең-кезеңімен белгілеп, нақты нәтижелерге сүйене отырып, педагогке әрі қарай жұмыс бағытын айқындауға көмектеседі.

Даму карталарының негізгі мақсаты – білім алушының жеке ерекшеліктерін, жетістіктерін және қиындықтарын уақытында анықтап, соған сәйкес педагогикалық қолдау көрсету.

Даму карталарының мазмұнына мыналар кіреді:

- жалпы ақпарат бөлімі. Баланың аты-жөні, жасы, сыныбы, педагогтің аты-жөні, карта толтырылған күндер.

- диагностикалық нәтижелер.

Арнайы әдістемелер мен тапсырмалар арқылы алынған баланың даму деңгейі туралы мәліметтер:

- 1) тілдік даму (лексикалық қоры, сөйлеу тілінің түсініктілігі, грамматикалық құрылымдарды қолдануы);
- 2) танымдық даму (зейін, есте сақтау, ойлау, қабылдау деңгейі);
- 3) әлеуметтік-эмоциялық даму (қарым-қатынасқа түсуі, эмоцияны тануы және білдіруі, топпен жұмыс істеу дағдылары);
- 4) қимыл-қозғалыс дағдылары (моториканың дамуы);
- 5) өзін-өзі реттеу және тәртіп сақтау дағдылары.

Даму динамикасын тіркеу бөлімі

Білім алушының белгілі бір уақыт аралығындағы даму динамикасы:

- мерзіммен белгіленген нәтижелер (тоқсан сайын, жартыжылдық немесе айлық бақылаулар);

- салыстырмалы талдау (бастапқы және ағымдағы даму деңгейінің айырмашылығы);

- даму бағыты: тұрақты, баяу немесе жылдам ілгерілеу.

Педагогтің қорытындысы мен ұсыныстары:

- білім алушының даму картасына сүйене отырып, қандай салада қолдау қажет екендігі;

- оқу-тәрбие жұмысының нақты бағыттары;

- жеке немесе топтық жұмыс формаларын қолдану ұсыныстары;

- ата-анаға берілетін ұсыныстар.

Даму картасының маңызы:

- білім алушының жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін бейімдеуге;

- уақтылы түзету жұмыстарын жүргізуге;

- білім алушы, ата-ана және педагог арасында тиімді кері байланыс орнатуға;

- педагогтің кәсіби қызметін дәлелді жоспарлауға мүмкіндік береді.

Диагностика мен мониторинг жүргізу кезеңдері

1) бастапқы диагностика – оқу жылының басында (қыркүйек айында) білім алушылардың тілдік дамуының қазіргі (бастапқы) деңгейін анықтау мақсатында жүргізілетін міндетті бағалау кезеңі. Бұл кезең педагогке әр білім алушының тілдік құзыреттілігінің нақты деңгейін анықтауға, жеке ерекшеліктерін тануға және алдағы оқу процесін тиімді жоспарлауға көмектеседі.

Мақсаты:

- білім алушының айтылым, тыңдалым, жазылым және оқылым, түсіну дағдылары бойынша бастапқы тілдік даярлық деңгейін анықтау;

- тілдік дамуда туындауы мүмкін қиындықтарды немесе тежелістерді ерте кезеңде анықтау;

- жеке оқу траекториясын құру үшін бастапқы мәліметтерді жинақтау.

Мазмұны:

- сөйлеу дағдыларын зерделеу: ойын ауызша жеткізе білу, сөйлем құрау, сөздік қорының көлемі мен құрылымдық дұрыстығы;

- тыңдалым және түсіну: мәтіндерді тыңдап, мазмұнын түсініп, сұрақтарға жауап беру;

- оқылым: әріптерді тану, буындап /тұтас оқу және оқығанды түсіну деңгейі;

- жазылым: дыбыс пен әріптерді дұрыс жазу, сөз бен сөйлемдер құрау;

- сөздік қоры: белсенді және енжар сөздердің көлемін бақылау.

Құралдар мен әдістер:

- арнайы тапсырмалар (сурет бойынша әңгімелеу, мәтін құрастыру, сұрақтарға жауап беру);

- диагностикалық карталар немесе парақтар;

- мұғалімнің бақылау парағы (күнделікті сөйлеу белсенділігіне бақылау жүргізу);

- жазбаша тапсырмалар (жазу үлгілері, қысқа мәтіндер, диктант элементтері);

- оқу техникасын тексеру парағы (дауыстап оқу жылдамдығы, мазмұнды түсінуі).

Нәтижелерді рәсімдеу:

- әр білім алушының нәтижесі арнайы кестеге немесе «даму картасына» енгізіледі;

- қажет болған жағдайда ата-аналармен кері байланыс ұйымдастырылады;

- диагностика қорытындысы педагогке қандай салада қолдау көрсету қажет екенін айқындауға мүмкіндік береді.

Нәтиже негізінде:

- тілдік даму деңгейі бойынша білім алушыларды топтастыру (шартты түрде: жеткілікті, орташа, төмен деңгей);

- қосымша қолдауды қажет ететін білім алушылар тобы анықталады;

- оқу іс-әрекетінің мазмұны мен әдістемесі сараланып, нақты мақсаттар қойылады.

2) ағымдағы мониторинг – оқу жылы барысында тілдік дағдылардың қалыптасуын кезең-кезеңмен қадағалау және білім алушылардың жетістіктері мен қиындықтарын талдау арқылы жүргізілетін бақылау процесі. Бұл кезең оқыту барысын тиімді реттеуге мүмкіндік береді.

Мақсаты:

- тілдік дағдыларды үздіксіз бақылау;

- айтылым, оқылым, жазылым, тыңдалым дағдыларының даму қарқынын бағалау;

- тілдік кедергілерді уақтылы анықтау және оларды жеңілдетуге бағытталған шаралар қабылдау;

- білім алушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, сараланған тәсілдерді қолдану.

Әдістері:

1) тұрақты бақылау – сабақ барысында білім алушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларына жүйелі бақылау жүргізу. Мұғалім қарым-қатынас мәдениетін, ойын еркін жеткізе алуын, сұрақтарға жауап беру қабілетін қадағалайды. Диалог, пікірталас, ойын әдістері қолданылады.

2) ауызша және жазбаша жұмыстарды талдау – оқылым мәнерлілігі, сөйлеу құрылымдарының дұрыстығы, логикалық ойлау және сөздік қор тұрғысынан бағаланады. Жазбаша жұмыстар (диктант, мазмұндама, шығарма) орфографиялық және пунктуациялық сауаттылық, сөйлем құру дағдысы бойынша талданады. Қайталанатын қателер анықталып, олардың алдын алуға арналған педагогикалық әдістер қолданылады.

3) ағымдағы мониторинг – білім алушылардың тілдік дағдыларының дамуын үздіксіз бақылауға, қажетті түзетулерді уақтылы енгізуге және оқу процесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін құрал. Бұл жүйе білім алушылардың жетістіктерін дәлелді бағалауға, жеке ерекшеліктерін ескеруге, сонымен қатар тілдік-коммуникативтік қабілеттерін мақсатты жетілдіруге жағдай жасайды.

Аралық диагностикалық тапсырмалар – ай сайын немесе тоқсан сайын тілдік дағдыларды нақтылауға арналған тапсырмалар орындалатылады. Айтылым мен жазылым бойынша арнайы тестілер мен практикалық жұмыстар арқылы білім алушылардың жетістіктері мен қажеттіліктері айқындалады.

Мониторингті ұйымдастыру кезеңдері білім алушылардың тілдік даму динамикасын жүйелі бақылауға мүмкіндік береді. Төменде берілген кестеден мониторингті жүргізу кезеңдерімен таныса аласыздар.

2-кесте. Мониторингті жүргізу кезеңдері.

Кезең	Мониторинг түрі	Бақылау әдістері	Нәтижелерді талдау
қыркүйек	бастапқы диагностика	айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым дағдыларын анықтау	даму картасына енгізу
ай сайын	ағымдағы бақылау	сабақ барысында бақылау, жазба жұмыстарды тексеру	жеке қателер мен жетістіктерді тіркеу
тоқсан сайын	аралық диагностика	тест, диктант, мазмұндама, шығарма	тілдік даму серпінін бағалау
жыл соңында	қорытынды диагностика	барлық көрсеткіштерді салыстыру	қорытынды жасау

Мониторинг нәтижелерін талдау – білім алушының тілдік дамуының ағымдағы жағдайын кешенді бағалауға және оқу процесін дер кезінде түзетуге

бағытталған маңызды кезең. Бұл кезеңде алынған деректер келесі бағыттарда қолданылады:

- әрбір білім алушыға арналған жеке даму картасы жүйелі түрде толықтырылады, онда оның жетістіктері мен қиындықтары нақты белгіленеді;
- білім алушының алдыңғы және ағымдағы нәтижелері салыстырылып, тілдік даму серпіні (ілгерілеу деңгейі) анықталады;
- оқу процесінде қолдауды қажет ететін білім алушыларға жеке оқу-тәрбиелік қолдау көрсетіледі;
- ата-аналарға баласының тілдік дамуы мен оқу барысындағы жетістіктері туралы ақпараттық есеп беріледі, бұл ата-анамен тиімді серіктестік орнатуға мүмкіндік береді;
- педагог өз жұмысын талдай отырып, келесі оқу кезеңіне арналған түзету және жетілдіру стратегияларын анықтайды, оқу материалын жоспарлауда білім алушылардың нақты қажеттіліктерін ескереді.

4) аралық диагностика – білім алушының тілдік дағдыларының даму серпінін кезең-кезеңімен жүйелі бағалауға мүмкіндік беретін маңызды педагогикалық әрекет. Бұл диагностика оқу жылы барысында әр тоқсанның немесе жартыжылдықтың соңында өткізіледі және білім алушының оқу нәтижелеріндегі ілгерілеу мен баяулау процесін талдауға, сондай-ақ қосымша қолдауды қажет ететін бағыттарды айқындауға бағытталады.

Аралық диагностиканың мақсаты:

- білім алушының айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылым дағдыларындағы ілгерілеуін (прогресін) бағалау;
- оқу барысында кездесетін қиын тұстар мен жетістіктерді анықтау;
- жеке білім беру траекториясын нақтылау мақсатында нақты мәліметтер жинау;
- педагогтің оқу процесін ұйымдастыру тиімділігін саралау.

Өткізу мерзімі: әр тоқсан соңында немесе жартыжылдық аяқталған уақытта (I және II жартыжылдықта). Уақыты педагогтің, мектептің немесе бағдарлама талаптарының ерекшеліктеріне сәйкес икемделуі мүмкін.

Аралық диагностикада қолданылатын құралдар:

- жазбаша жұмыстар: мазмұндама, шығарма, диктант;
- ауызша сөйлеу: монолог және диалог;
- тыңдалым: мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап беру;
- оқылым: мәтінді мәнерлеп және түсініп оқу;
- грамматикалық және лексикалық тапсырмалар: тілдік нормаларды меңгеру деңгейін анықтауға арналған тапсырмалар.

Бағалау критерийлері:

- сөздік қордың молаюы;
- сөйлемді мағыналық және грамматикалық тұрғыдан дұрыс құрастыра білуі;
- ойды жүйелі және түсінікті жеткізе алуы;
- тілдік нормаларды (орфография, пунктуация, стиль) сақтай алуы;
- жағдаятқа сай тілдік қарым-қатынас жасау дағдысының қалыптасуы.

Құжатталуы:

- әр білім алушының жеке даму картасына тіркеледі;
- білім алушы портфолиосында аралық жұмыстар сақталады;
- педагог қорытынды анықтама немесе диагностика парағын толтырады.

Сыныптарға икемдеу ерекшеліктері:

- 1-сынып: қарапайым ауызша тапсырмалар, бейнелі суреттер бойынша әңгіме құрастыру, сөздік қорын анықтау;
- 2-сынып: оқығанын мазмұндау, қысқа сөйлемдермен ойды жеткізу, қарапайым диктанттар;
- 3-сынып: мәтінге жоспар құру, логикалық жүйелілікпен сөйлеу, сөйлем құрылымын түсіну;
- 4-сынып: түрлі жанрдағы мәтіндермен жұмыс (сипаттау, әңгімелеу, пайымдау), күрделі сөйлемдермен сөйлеу және жазу дағдылары.

5) Қорытынды диагностика мақсаты: оқу жылының соңында білім алушылардың тілдік даму деңгейін кешенді түрде анықтау, жыл бойындағы ілгерілеуін талдау және келесі оқу жылына арналған мақсаттарды жоспарлау.

1-сынып бойынша міндеттері:

- дауыстап және іштей оқу дағдысын тексеру (дұрыс, түсініп, мәнерлеп оқу);
- сөздік қоры мен байланыстырып сөйлеу дағдысының қалыптасу деңгейін бағалау;
- жазбаша сөйлеу элементтерінің даму көрсеткішін анықтау.

Тапсырма үлгілері:

- қарапайым мәтінді дауыстап оқу және сұрақтарға жауап беру;
- сурет бойынша 4–5 сөйлем құрастыру;
- диктант (5–6 сөз);
- қысқа мазмұндама (мұғалім оқыған мәтін негізінде).

2-сынып бойынша міндеттері:

- мәтінді түсініп оқу және мазмұнын әңгімелеп беру дағдысын бағалау;
- ойды ретімен жеткізу, сөйлемдерді байланыстыру шеберлігін бақылау;
- жазба жұмыстарда орфографиялық және пунктуациялық қателермен жұмыс.

Тапсырма үлгілері:

- мәтінді оқу және қысқаша мазмұнын айту;
- берілген тақырып бойынша 6–8 сөйлемнен тұратын шағын әңгіме жазу;
- диктант (8–10 сөз, сөйлем түрінде);
- қарапайым сұрақтар бойынша пікір білдіру.

3-сынып бойынша міндеттері:

- мәтінді мәнерлеп оқу және мағыналық бөліктерге бөлу дағдысын тексеру;
- өз ойын жүйелі жеткізу, себеп-салдарлық байланыстарды көрсете білу.

Тапсырма үлгілері:

- 100–120 сөздік мәтінді оқу және негізгі ойды анықтау;

- «Менің отбасым», «Табиғат туралы әңгіме» тақырыптарына шығарма жазу (10–12 сөйлем);

- жаңылтпаш немесе мақал-мәтелді түсіндіріп жазу;

- сюжетті сурет бойынша әңгіме құрастыру.

4-сынып бойынша міндеттері:

- тілдік нормаларды сақтай отырып, өз ойын ауызша және жазбаша түрде жеткізу шеберлігін бағалау;

- мәтін құрылымын тану және мазмұндық бөлшектерді ажырату.

Тапсырма үлгілері:

- мәтінмен жұмыс (тақырыбын табу, жоспар құру, негізгі ойды анықтау);

- шығарма жазу (15–18 сөйлем);

- мазмұндама (оқылған немесе тыңдалған мәтін бойынша);

- берілген пікірге өз көзқарасын білдіріп жазу (мысалы: «Дос қандай болу керек?»).

Бағалау нәтижесі: барлық сыныптарда диагностика нәтижелері білім алушының даму картасына енгізіледі. Бұл деректер келесі оқу жылында тілдік жұмыс бағыттарын нақты жоспарлауға, сондай-ақ қосымша қолдауды қажет ететін білім алушыларды анықтауға негіз болады.

Бастауыш сынып білім алушыларының тілдік дамуын жүйелі бақылау, диагностикалау және мониторинг жүргізу олардың оқу жетістіктерін бағалап, дер кезінде қолдау көрсетуге негіз болады. Бұл процесс оқыту мазмұнын білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне сай жоспарлап, тілдік құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етеді.

2 БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛДІК ДАМУЫН ДИАГНОСТИКАЛАУ ЖӘНЕ МОНИТОРИНГІЛЕУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Бастауыш мектеп жасындағы білім алушылардың тілдік дамуын диагностикалау мен мониторингілеу – білім берудің сапасын арттыруға және әр баланың тілдік ерекшеліктерін ескеруге бағытталған маңызды процесс. Бұл кезеңде тілдің қалыптасуы белсенді жүріп, білім алушының ауызша және жазбаша сөйлеу дағдылары, сөздік қоры, грамматикалық құрылымдарды меңгеру деңгейі мен байланыстырып сөйлеу қабілеті біртіндеп жетіле бастайды.

Тілдік дамуды уақтылы бағалау мен бақылау білім алушының оқу жетістігін ғана емес, сонымен қатар оның тұлғалық, танымдық және коммуникативтік дамуын қолдауға мүмкіндік береді. Осы тарауда бастауыш сынып білім алушыларының тілдік дамуын диагностикалауға және оның динамикасын мониторингілеуге арналған әдіснамалық негіздер, қолдануға ыңғайлы әдістер мен құралдар ұсынылады.

Тілдік дамуды бағалау білім беру мазмұнына кіріктіріліп, жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Диагностикалық жұмыстар білім алушылардың жас ерекшеліктерін, тілдік орта жағдайын, ана тілін меңгеру деңгейін ескере отырып ұйымдастырылады. Бұл педагогтерге тілдік даму қарқынын, мүмкін болатын қиындықтарды, сондай-ақ түзету мен қолдауды қажет ететін бағыттарды уақтылы анықтауға мүмкіндік береді.

Ұсынылып отырған әдістемелік ұсынымдар бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің, логопедтер мен мектеп психологтарының кәсіби қызметіне қолдау көрсетуге арналған. Олар білім алушылардың тілдік дамуын кешенді бағалауға, педагогикалық процесті тиімді ұйымдастыруға және тілдік дағдыларды дамыту бойынша мақсатты жұмыстар жүргізуге бағытталған.

Бастауыш сынып білім алушыларының тілдік дамуын диагностикалау және мониторингтеу – олардың айтылым, оқылым, жазылым және тыңдалым дағдыларының деңгейін анықтап, дер кезінде түзету және дамыту жұмыстарын жүргізуге бағытталған маңызды процесс. Бұл процесс логопед, дефектолог, педагог-психолог, сынып жетекшілері және ата-аналардың бірлескен жұмысын талап етеді.

Жұмыстың мақсаты – бастауыш сынып білім алушыларының тілдік дағдыларының қалыптасу деңгейін жан-жақты зерделеу. Бұл мақсат, ең алдымен, білім алушының ауызша және жазбаша сөйлеу, тыңдалым, оқылым дағдылары бойынша қазіргі даму деңгейін анықтауға бағытталады. Сонымен қатар тілдік даму барысында білім алушыда кездесетін қиындықтар мен кідірістерді нақтылап, сол бағыттағы түзету жұмыстарына негіз жасау көзделеді.

Зерттеу нәтижелері білім алушының тілдік құзыреттілігін ескере отырып, жеке және топтық деңгейде тиімді оқу траекторияларын құруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде білім алушыларға қажетті қолдауды дер кезінде көрсетіп, тілдік дағдыларын дамытуға бағытталған мақсатты жұмыстарды ұйымдастыруға жол ашады. Жұмыстың тағы бір маңызды мақсаты – түзету-дамыту жұмыстарының

жүйелілігін қамтамасыз ете отырып, оқыту процесін баланың жеке ерекшеліктеріне бейімдеп, тілдік әлеуетін ашу және оны жетілдіру.

Білім алушылардың тілдік дамуын жүйелі бағалау мен мониторинг жүргізудің маңызды құралы ретінде диагностикалық жұмыстар бірнеше негізгі бағыт бойынша ұйымдастырылады. Бұл бағыттар білім алушының фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, мәтінмен жұмыс жасау, тыңдалым, оқылым және жазылым дағдыларын жан-жақты қамтиды.

Фонетикалық даму бағыты білім алушының дыбыстарды дұрыс айтуын, буын құрылымын меңгеруін және фонематикалық есту қабілетін бағалауға бағытталады. Бұл үшін арнайы тапсырмалар мен тесттер – дыбыстарды тану және дұрыс дыбыстау жаттығулары қолданылады.

Лексикалық даму аясында сөздік қордың көлемі, сөз мағынасының меңгерілуі және қолданылу аясы тексеріледі. Бұл бағытта суретпен жұмыс, сөз мағынасын түсіндіру, синоним мен антонимдерді табу сияқты тапсырмалар ұсынылады.

Грамматикалық құрылымдарды меңгеру деңгейі сөз тіркестері мен сөйлемдерді дұрыс құрау арқылы анықталады. Сөйлемді толықтыру, сөздерді түрлендіру, грамматикалық қатені табу сияқты тест тапсырмалары бұл дағдыны бағалауға мүмкіндік береді.

Байланыстырып сөйлеу бағыты білім алушының ойды жүйелі, логикалық құрылымда жеткізе білу қабілетін бағалайды. Сурет бойынша әңгіме құрау немесе оқиға желісін реттілікпен баяндау секілді тапсырмалар ұсынылады.

Сөйлеуді түсіну – тыңдалған немесе оқылған ақпаратты қабылдап, түсіну дағдысына негізделеді. Бұл бағытта мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап беру, сөйлемдер мен суреттерді сәйкестендіру тапсырмалары пайдаланылады.

Оқылым мен жазылым бағытына келсек, білім алушының мәтінді түсініп оқу және сауатты жазу қабілеттері бағаланады. Тапсырмалар қатарында диктант, көру диктанты, мәтін мазмұнын айту және сөздермен сөйлем құрау жаттығулары бар.

Осы диагностикалық бағыттар алдыңғы бөлімде берілген мониторинг пен бағалау тәсілдерімен тығыз байланыста іске асырылады және тілдік дамудың әр қырын нақтылап, білім алушыға жеке қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Сөйлеудің фонетикалық жағын диагностикалау және мониторинг жасау – бұл білім алушының дыбыстарды дұрыс айту қабілетін анықтау, сөйлеу процесіндегі кемшіліктерді табу және оның даму динамикасын бақылау процесі. Бұл жұмыс логопедиялық тәжірибеде маңызды орын алады. Міне, бұл процестің негізгі кезеңдері:

1) диагностика.

- бастапқы тексеру: сөйлеу қабілетін анықтау үшін логопед арнайы тесттер, суреттер және жаттығуларды қолданады;

- дыбыстарды айту дәлдігін бағалау: артикуляциялық аппараттың (тіл, ерін, таңдай) жұмысын тексеру;

- фонематикалық естуін бағалау: ұқсас дыбыстарды ажырата алуын тексеру;

- сөйлеу моторикасын бағалау: жіңішке моторика, бұлшық еттердің қозғалғыштығы тексеріледі.

2) мониторинг (қадағалау)

- динамиканы бақылау: дұрыс дыбыстау мен сөйлеудің жақсаруы немесе нашарлауын жүйелі түрде тексеріп отыру;

- жетістіктерді тіркеу: арнайы кестелер мен күнделіктер арқылы білім алушының сөйлеуіндегі өзгерістер жазылып отырады;

- жеке жұмыс жоспарын түзету: мониторинг нәтижесіне қарай логопед сабақ бағдарламасын өзгертуі мүмкін.

Тілдік дамуды диагностикалауда қолданылатын құралдар білім алушының сөйлеу дағдыларын жан-жақты бағалауға және қажетті түзету жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл құралдар баланың фонетикалық, фонематикалық, артикуляциялық және тілдік қабылдау деңгейін анықтауға бағытталған.

Артикуляциялық жаттығулар – білім алушының сөйлеу мүшелерінің икемділігі мен қозғалыс дағдыларын жетілдіруге арналған. Мұндай жаттығулар дыбыстарды дұрыс айтуға қажетті бұлшықеттерді (ерін, тіл, жақ) жаттықтырады. Артикуляциялық жаттығулардың көмегімен білім алушы дыбыстардың айтылу орнын дұрыс қалыптастырып, фонетикалық дәлдікті меңгереді.

Фонематикалық есту жаттығулары – білім алушының дыбыстық есту қабілетін дамытуға бағытталған. Бұл жаттығулар дыбыстарды бір-бірінен ажырату, ұқсас дыбыстарды тану және дұрыс дыбыстау дағдыларын қалыптастырады. Фонематикалық есту – жазылым және оқылым дағдыларының негізі болып табылады, сондықтан бұл жаттығулар оқуға дайындық кезінде маңызды рөл атқарады.

Аудио-визуалды материалдар – тыңдалым және көрнекілік арқылы тілдік түсінікті арттыру мақсатында қолданылады. Білім алушыларға арналған бейнематериалдар, дыбыстық жазбалар, суретті карточкалар мен анимациялық жаттығулар айтылым, тыңдалым және түсіну дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Аудио-визуалды материалдар білім алушының қызығушылығын арттырып, тілдік дамуға оң әсер етеді.

Логопедиялық тесттер мен ауалнамалар – сөйлеу тілінің түрлі аспектілерін, атап айтқанда, дыбыстау, грамматикалық құрылымдарды қолдану, сөздік қор көлемі мен байланыстырып сөйлеу деңгейін бағалауға арналған. Бұл құралдар нақты әрі құрылымды диагностикалық ақпарат алуға мүмкіндік береді және педагогке білім алушының тілі қандай бағытта дамып жатқанын анық көрсетеді.

Жоғарыда көрсетілген барлық құралдар білім алушының тілдік даму деңгейін жан-жақты саралап, оқыту процесінде тиімді педагогикалық шешімдер қабылдауға негіз болады.

Диагностикалық әдістемелер мен жаттығулар білім алушының тілдік дамуындағы әрбір аспектіні кешенді түрде бағалап, сөйлеу кемшіліктерін анықтап, уақтылы түзетуге бағытталған. Бұл әдістер сөйлеу мүшелерінің дұрыс жұмысын қамтамасыз ету, дыбыстарды ажырату мен дыбыстау қабілетін

жетілдіру, байланыстырып айтылым және тыңдалым дағдыларын дамыту сияқты бірнеше негізгі бағыттарды қамтиды.

1) артикуляциялық аппаратты тексеру – білім алушының тіл, ерін, таңдай және жақ сияқты сөйлеуге қатысатын мүшелерінің құрылымы мен қозғалысын бақылау арқылы жүргізіледі. Бұл тексеру сөйлеу процесінде қолданылатын бұлшықеттердің үйлесімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Артикуляциялық бұзылыстардың алдын алу немесе түзету жұмыстары осы бағыттағы жаттығулар арқылы жүзеге асады.

2) дыбыстау дағдыларын бағалау – білім алушының дыбыстарды дұрыс айту қабілеті тексеріледі. Сөйлеуінде қате айтылатын дыбыстар немесе бұрмаланған дыбыстау жағдайлары болса, ол тілдік дамудың тежелгенін немесе сөйлеу аппаратындағы ақаулардың бар екенін көрсетеді.

3) фонематикалық қабылдауды бағалау – білім алушының ұқсас дыбыстарды есту арқылы ажырата білуін анықтауға бағытталған. Бұл қабілет баланың болашақтағы оқу мен жазу процесіне негіз болады. Дыбыстарды тану, салыстыру, орнын ажырату сияқты тапсырмалар арқылы білім алушының фонематикалық естуінің деңгейі анықталады.

4) фонематикалық талдау және жинақтау – сөздің дыбыстық құрылымын саралай білу, дыбыстардың орнын, санын және ретін дұрыс анықтау тапсырмалары арқылы тексеріледі. Бұл әдіс білім алушының аналитикалық ойлауын және сөйлеу құрылымын түсіну қабілетін дамытады.

5) сөздік қор мен грамматикалық құрылымды тексеру – білім алушының сөздік қорының көлемі мен қолдану аясы, сөйлем құрау дағдылары бағаланады. Білім алушының сөздерді орынды қолдануы, грамматикалық байланыстарды меңгеруі тілді меңгеру деңгейінің маңызды көрсеткіші болып табылады.

6) байланыстырып сөйлеуін тексеру – оқиғаларды реттілікпен баяндау, сурет бойынша әңгіме құрастыру, өз ойын жүйелі және түсінікті жеткізе білу сияқты қабілеттерді анықтауға арналған. Бұл бөлім тілдік коммуникативтік дағдыларды дамытуды көздейді.

Осы мақсатта дидактикалық ойындар мен жаттығулар қолданылады. Мысалы:

«Керекті сөзді көрсет және ата» жаттығуы тыңдалым және сөздік қорды дамытуға бағытталып, білім алушыға берілген суреттер арасынан нақты тапсырмаға сәйкес сөзді табуға мүмкіндік береді. Бұл жаттығу білім алушының логикалық ойлауын, категориялар бойынша ажырата білуін және сөздерді дұрыс дыбыстауын жетілдіреді.

«Кім жақсы тыңдайды?» жаттығуы білім алушылардың нұсқаулықты тыңдау және нақты орындау дағдысын тексеруге бағытталған. Қарапайым және ұзақ мерзімді нұсқаулықтар арқылы білім алушының есту зейіні мен есте сақтау қабілеті бағаланады. Сонымен қатар, қысқа мәтін тыңдатып, мазмұнына қатысты сұрақтарға жауап беру арқылы тыңдалым мен түсінік дағдылары дамиды.

«Жұдырық-қолдың қыры-алақан» жаттығуы қимыл арқылы есту зейінін, моториканы және дыбыстық сигналды тану қабілетін жетілдіруге көмектеседі. Бұл жаттығу сөз бен қимылды сәйкестендіру, сонымен қатар, зейінді

шоғырландыруға бағытталған. Қиындатылған нұсқалары білім алушының тыңдауға және шапшаң қимыл жасауға деген қабілетін арттырады.

Жалпы алғанда, сөйлеудің фонетикалық жағын диагностикалау және түзету барысында қолданылатын бұл нақты тапсырмалар мен жаттығулар баланың дыбысты дұрыс айту, естіп қабылдау және артикуляциялық аппаратты жетілдіру бағытында тиімді нәтиже береді. Олар тілдік дамуды жан-жақты бағалауға және білім алушының жеке ерекшелігіне сай түзету жұмыстарын ұйымдастыруға мүмкіндік туғызады.

Артикуляциялық жаттығулар мен фонематикалық естуді дамытуға арналған жаттығулар – бастауыш сынып білім алушыларының тілдік дағдыларын қалыптастырудағы маңызды құралдардың бірі. Бұл жаттығулар сөйлеу мүшелерінің икемділігін арттырып, дыбыстарды дұрыс айтуға және есту арқылы тануға көмектеседі. Әсіресе сөйлеудің бастапқы кезеңінде артикуляция мен фонематикалық қабылдаудың сапасы баланың сауатты сөйлеуі мен жазуына тікелей әсер етеді.

Артикуляциялық жаттығулар

Артикуляциялық жаттығулар сөйлеу аппаратына жататын тіл, ерін, жақ және таңдайдың қозғалыс белсенділігін жетілдіруге бағытталған. Олар дыбыстарды дұрыс айтуға физиологиялық негіз дайындайды.

Мысалы, «*Тіл үйшігі*» жаттығуы баланың тіл бұлшықеттерін белсендіре отырып, тілдің жоғары бағытта қозғалуын қамтамасыз етеді. Мұнда ауызды кең ашып, тілді жоғары таңдайға тіреп, 5 – 10 секунд бойы қозғалмай ұстап тұру ұсынылады. Бұл жаттығу «л», «ш», «ж» сияқты күрделі дыбыстарға дайындық ретінде тиімді. Балалар үшін түсінікті болу үшін «тіл үй салып жатыр, үйдің төбесіне жабысып тұруы керек» деген бейнелі түсіндіру қолданылады.

«*Сағат тілі*» жаттығуы тілдің оңға және солға бұйірлік қозғалысын дамытуға арналған. Ауыз ашық күйде, тілдің ұшын кезекпен оң және сол жақ ерінге тигізу арқылы орындалады. Бұл «р», «л» дыбыстарына дайындық болып табылады. Мұғалім білім алушыларға «тіліміз сағаттың тілі сияқты айналып жүр» деген бейнелі нұсқаулық бере алады.

«*Жылан*» жаттығуы арқылы тіл алға қарай ұзартылып, бірнеше секунд бойы сол қалыпта ұсталады. Бұл тілдің орта тұсын күшейтіп, «с», «з» дыбыстарына дайындық ретінде орындалады. Балалар жаттығуды «Жылан жорғалап шықты, ұзын тілін шығарып, с-с-с деп ысылдайды» деген бейнелеу арқылы қызыға орындайды.

Фонематикалық естуді дамыту жаттығулары

Фонематикалық есту жаттығулары баланың дыбыстық талдау мен тану қабілетін жетілдіруге бағытталған. Бұл жаттығулар сөйлеу кезінде дыбыстарды нақты ажырата білуге, олардың орнын анықтауға және дұрыс айтуға көмектеседі.

«*Дыбысты тап*» жаттығуы барысында мұғалім бірнеше сөз айтады, ал білім алушы сол сөздердің ішінен берілген дыбыс бар сөздерді табуы керек. Мысалы, «б» дыбысын анықтау кезінде мұғалім «балапан», «доп», «алма»,

«балық» сөздерін айтады. Білім алушы «б» дыбысы бар «балапан» және «балық» сөздерін бөліп көрсетеді. Бұл жаттығу есту зейінін арттырады және дыбыстық талдауды дамытады. Уақыт өте келе жаттығу дауысты-дауыссыз дыбыстармен, сондай-ақ жуан-жіңішке дыбыстармен күрделендіріледі.

«Сөздегі дыбысты анықта» жаттығуы білім алушының дыбыстың сөздегі орналасуын (басында, ортасында, соңында) анықтау қабілетін дамытады. Мысалы, мұғалім «қазан» сөзін айтады, ал білім алушы «з» дыбысы сөздің ортасында орналасқанын анықтайды. Бұл жаттығу дыбыстардың сөз ішіндегі орнын түсінуге көмектеседі.

«Ұқсас дыбыстарды ажырату» жаттығуы ұяң-қатаң немесе жіңішке-жуан дыбыстарды салыстыра отырып тануға үйретеді. Мұғалім мысалы ретінде «ш» және «с» дыбыстарын ұсынады да, «шана», «сандық», «шаш», «сүт» сияқты сөздерді атайды. Білім алушы әр сөзде қандай дыбыс бар екенін анықтайды. Тапсырманың күрделі түрінде «қаз – қыс», «тұр – тур» сияқты сөз жұптары пайдаланылады, бұл фонематикалық тыңдау икемін тереңдете түседі.

Осы жаттығулар сөйлеудің фонетикалық жағын диагностикалау мен түзету процесінде негізгі құрал ретінде қолданылады. Олар арқылы білім алушылардың дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, фонематикалық талдау дағдыларын жетілдіру және дұрыс дыбыстау машықтарын дамыту жүйелі түрде іске асырылады. Артикуляциялық және фонематикалық жаттығулар жүйелі түрде өткізіліп отырса, балалардың сөйлеу тілі анық, сауатты және бай болады.

Фонематикалық талдау және жинақтау тапсырмалары

Білім алушының дыбыстарды қабылдау, ажырату және талдау қабілеттерін дамытуда бірнеше арнайы жаттығу түрлері қолданылады. Бұл жаттығулар тілдік дамудың бастапқы сатыларында маңызды рөл атқарады және фонематикалық есту мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырады.

«Дыбыстарды сана» жаттығуы білім алушының сөз ішіндегі дыбыстар санын дұрыс анықтау қабілетін дамытуға бағытталған. Мұғалім белгілі бір сөзді айтады, ал білім алушы сол сөздегі дыбыстардың нақты санын анықтап, айтып беруі керек. Мысалы, мұғалім «күн» деген сөзді ұсынады, білім алушы оның үш дыбыстан тұратынын анықтайды: [к], [ү], [н]. Бұл жаттығудың күрделендірілген нұсқасында білім алушыға дыбыс пен әріптің санын салыстыру ұсынылады. Мысалы, «шөп» сөзінде төрт әріп болғанымен, үш дыбыс бар екенін ажырата білу талап етіледі. Мұндай тапсырмалар білім алушылардың фонематикалық естуін тереңірек дамытып, әріп пен дыбыс айырмашылығын түсінуге көмектеседі.

«Дыбыстарды орнына қой» жаттығуы дыбыстардың ретін дұрыс анықтап, сөз құрау қабілетін дамытады. Бұл жаттығуда білім алушыға араласқан дыбыстар жиынтығы беріледі. Мысалы, [а], [н], [т] дыбыстарын дұрыс ретке қойып, «тан» немесе «ант» сөзін құрастыруы қажет. Қосымша тапсырма түрінде сурет ұсынылып, соған байланысты дыбыстар айтылып, білім алушы суретке сәйкес сөзді өздігінен құрастыруы тиіс.

«Сөзді бөл» жаттығуы білім алушыны сөзді буынға және дыбысқа бөлуге дағдыландырады. Мұғалім сөзді айтады, ал білім алушы оны алдымен буынға бөледі: мысалы, «алма» сөзі – ал-ма (екі буын), кейін сол сөзді дыбыстарға бөледі: [а], [л], [м], [а]. Бұл жаттығу күрделендірілгенде білім алушы буынға бөліп қана қоймай, әр буындағы дыбыс санын да анықтап айтуы тиіс.

Ойын түріндегі жаттығулар

Білім алушылардың оқу процесіне қызығушылығын арттыру, белсенділігін көтеру және тілдік дағдыларын ойын арқылы дамыту мақсатында ойын жаттығулары кеңінен қолданылады.

«Кемпірқосақ» ойын жаттығуы сөздік қорды байытуға, түстер мен зат атаулары арасындағы байланысты бекітуге, логикалық және көрнекі ойлауды дамытуға бағытталған. Мұғалім білім алушыларға кемпірқосақтың әр түсіне байланысты сөз айту тапсырмасын береді. Мысалы: «қызыл – қызанақ», «көк – көкнәр», «сары – лимон». Жетілдірілген нұсқасында білім алушы әр түске байланысты зат есім ғана емес, етістік не сын есім де айтуы тиіс. Бұл тапсырма балалардың тілдік қорын әрі кеңейтіп, сөз таптарын ажыратуға мүмкіндік береді.

«Еске түсіру» ойын жаттығуы есте сақтау қабілетін дамыта отырып, сөйлеу белсенділігін арттыруды көздейді. Мұғалім бірнеше сөз немесе сөйлем оқиды, ал білім алушы оларды қайталап айтуы немесе есіне түсіріп жеткізуі қажет. Мысалы: «Үстелде дәптер, қалам, өшіргіш бар» деген сөйлем айтылғаннан кейін мұғалім: «Не болды?» деген сұрақ қояды, білім алушы: «Дәптер, қалам, өшіргіш» деп жауап беруі тиіс. Күрделі нұсқада сөйлем саны мен ұзындығы арттырылады.

«Ой қозғау» ойын жаттығуы шығармашылық ойлау қабілетін дамытып, белгілі бір тақырып төңірегінде ойын еркін жеткізуге мүмкіндік береді. Мұғалім белгілі бір сөз, сурет немесе жағдаят ұсынады, ал білім алушы сол жөнінде өз ойын білдіреді. Мысалы: «Бұлттар қайдан пайда болады?», «Егер мен сиқыршы болсам...», «Аю қыс кезінде не істейді?». Бұл жаттығу күрделендірілгенде білім алушыға «Неге?», «Қалай?», «Қашан?» деген сұрақтар қойылып, ойын тереңдетіп жеткізуге ынталандырылады.

Мониторинг жасау жолдары

Тілдік дамудың динамикасын бақылау үшін жүйелі мониторинг жүргізу қажет. Бұл мақсатта белгілі уақыт аралығында диагностикалық жұмыстар қайталанып, бұрынғы және қазіргі нәтижелер салыстырылады. Әр баланың тілдік дағдыларының даму динамикасы арнайы кестелер мен жеке карталарға түсіріліп отырады. Мұндай жүйелілік баланың даму бағытын нақты көруге және қажетті түзету жұмыстарын уақытылы жүргізуге жағдай жасайды.

Бағалау шкаласы

Орындалған тапсырмаларды бағалау үшін келесі шкала ұсынылады:

0 балл – тапсырманы орындай алмайды;

1 балл – педагогтің көмегімен орындайды;

2 балл – өздігінен орындайды, бірақ қателіктер кездеседі;

3 балл – өздігінен және дұрыс орындайды.

Осы шкала арқылы баланың айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым дағдыларының даму деңгейі нақты бағаланып, келесі қадамдарды жоспарлауға негіз болады. Мониторинг нәтижесі білім алушының тілдік ілгерілеуін айқындап қана қоймай, жеке және топтық жұмысты тиімді ұйымдастырудың негізі ретінде қолданылады.

Тілдік даму ерекшеліктерін диагностикалау мен түзетуге арналған жұмыс барысында ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге сүйену – педагог қызметінің маңызды құрамдас бөлігі. Бұл бағытта білім алушылардың сөйлеу дағдыларын бағалауға, сөйлеу бұзылыстарының түрлерін анықтауға және түзетуге бағытталған бірқатар әдістемелік құралдар мен зерттеулер кеңінен қолданылады.

Аталған салада Қ. Өмірбекова мен Қ. Серкебаеваның «Логопедия» оқу құралы (Алматы, 1996 ж.), Б.М. Гриншпун мен С.С. Ляпидевскийдің «О классификации речевых расстройств» (Мәскеу, 1969 ж.), А.Н. Гвоздевтің «Вопросы изучения детской речи» (Мәскеу, 1961 ж.), Р.Е. Левинаның «Основы теории и практики логопедии» (Мәскеу, 1968 ж.) сияқты еңбектері педагогтер үшін теориялық және практикалық тұрғыда құнды ақпарат көзі болып табылады. Бұл әдебиеттерде логопедиялық диагностиканың негіздері, сөйлеу тілі бұзылыстарының жіктелуі, олардың себептері мен даму ерекшеліктері, сондай-ақ түзету жұмыстарының мазмұны мен әдістері жан-жақты сипатталған.

Осы еңбектерге сүйене отырып, тілдік даму диагностикасы мен түзету жұмыстары жүйелі, ғылыми негізде ұйымдастырылып, білім алушылардың сөйлеу қабілетін дамыту мен қолдауға нақты бағдар береді.

Сөйлеудің лексикалық дамуын диагностикалау және мониторинг жүргізу – бұл білім алушының сөздік қорын, сөздерді қолдану қабілетін, мағынасын түсінуін және оларды сөйлем ішінде орынды пайдалану дағдыларын кешенді түрде бағалау және бақылау процесі. Мұндай жұмыс білім алушылардың тілдік дамуын тереңірек түсініп, жеке ерекшеліктерін ескере отырып педагогикалық қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Диагностика мен мониторинг логопедтер мен дефектологтардың күнделікті тәжірибесінде маңызды орын алады және баланың тілі мен сөздік қорындағы өзгерістерді жүйелі түрде қадағалап отыруға жағдай жасайды.

Сөйлеудің лексикалық дамуын бағалау үшін түрлі әдістемелік құралдар мен тапсырмалар қолданылады. Бұл тапсырмалар сөздердің мағынасын түсінуге, оларды сөйлеуде орынды қолдануға, сөздік қорды кеңейтуге және сөйлеу құрылымдарын қалыптастыруға бағытталады.

Сөздік қорын бағалау мақсатында «*Артық сөзді тап*» жаттығуы тиімді саналады. Бұл тапсырмада білім алушы берілген сөздер ішінен мағынасы жағынан үйлеспейтінін ажыратып көрсетуі тиіс. Мысалы, «алма, апельсин, шырша, банан» сөздерінің ішінде «шырша» – артық сөз, себебі ол жеміс емес. Мұндай тапсырма білім алушының сөздер арасындағы семантикалық байланысты түсіну қабілетін дамытады. Тапсырманы күрделендіру үшін

сөздердің санын көбейтіп немесе ұқсас мағынадағы сөздермен жұмыс жасау ұсынылады.

Синонимдер мен антонимдерді табу арқылы білім алушының сөз байлығын байқауға және оны белсенді қолдануға болады. Мұғалім бір сөзді ұсынады, білім алушы соған синоним немесе антоним табуы керек. Мысалы, «жақсы» – синонимі «керемет», «жоғары» – антонимі «төмен». Бұл тапсырма білім алушылардың сөздік қорын байытып қана қоймай, мағына жағынан әртүрлі реңктерді ажырата білуге үйретеді.

Сөз мағынасын түсінуді бағалауға бағытталған тапсырмалар да маңызды. «Не үшін керек?» немесе «Бұл кім / не істейді?» секілді сұрақтар арқылы білім алушы заттың немесе тұлғаның қызметін сипаттап айтуы керек. Мысалы, «қалам не үшін керек?» – «жазу үшін». Мұндай тапсырмалар білім алушының сөзбен байланысты ойлау қабілетін дамытып, сөздер арасындағы логикалық байланысты орнатуға көмектеседі.

Сөйлем құрау және сөз тіркестерімен жұмыс істеу – сөйлеудің маңызды бір саласы. Мұнда білім алушыларға сурет ұсынылып, сол суретке қатысты сөйлем құрау талап етіледі. Мысалы, суретте доп ойнап жүрген бала бейнеленсе, білім алушы: «Бала саябақта доп ойнап жүр» деп сипаттауы тиіс. Тапсырманы күрделендіру үшін сөйлем ұзындығын арттыру немесе сөйлемді сұрақтар арқылы (Қайда? Кім? Не істеді?) құрастыру ұсынылады.

Жалпыдан жекеге және керісінше көшу дағдысын қалыптастыру үшін заттарды топтастыру жаттығулары қолданылады. Мысалы, «*Жемістерді ата*» немесе «*Бұл қандай затқа жатады?*» тапсырмалары арқылы білім алушы заттарды ортақ белгісіне қарай топтастырып, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын анықтайды. Бұл тапсырмалар білім алушылардың логикалық ойлау қабілетін арттырып, сөздік қорын кеңейтеді.

Мониторинг жүргізу барысында баланың сөздік дамуына байланысты көрсеткіштер жүйелі түрде қадағаланып отырады. Белгілі бір уақыт аралығында диагностика қайталанып, нәтижелер салыстырылады. Әр баланың даму динамикасы кестеге түсіріліп, оның сөздік қорындағы ілгерілеу мен қиындықтары белгіленеді. Сонымен қатар, бақылау күнделігі жүргізіледі, онда оқушының жаңа меңгерген сөздері, түсіндірген мағыналары және қиындық туғызған сөздер тіркеліп отырады.

Бағалау шкаласы келесідей ұсынылады:

0 балл – орындай алмайды;

1 балл – педагогтің көмегімен орындайды;

2 балл – өздігінен орындайды, бірақ қателіктер бар;

3 балл – өздігінен және дұрыс орындайды.

Сөйлеудің лексикалық дамуын бағалау және түзету жұмыстарын жүргізуде педагогтер мен мамандардың кәсіби тәжірибесіне сүйенетін негізгі ғылыми-әдістемелік еңбектер бар. Бұл еңбектер баланың тілдік дамуын жан-жақты түсінуге, сөйлеу ерекшеліктерін талдауға және жүйелі жұмыс ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Солардың қатарында Қ. Өмірбекова мен Қ. Серкебаевтың «Логопедия» атты оқу құралы ерекше орын алады. Бұл кітапта

сөйлеу тілі бұзылыстарының түрлері, олармен жұмыс жүргізудің әдіс-тәсілдері кеңінен сипатталады. Қазақ тілді оқырман үшін қолжетімді әрі практикалық бағытта жазылған бұл еңбек логопедиялық жұмыстың негізгі тұғырнамасын ұсынады.

Сонымен қатар, орыс ғалымдарының да зерттеулері маңызды. Мәселен, Б.М. Гриншпун мен С.С. Ляпидевскийдің «О классификации речевых расстройств» атты еңбегі сөйлеу бұзылыстарының түрлерін жүйелеуге және олардың себеп-салдарын ғылыми тұрғыда анықтауға бағытталған. Бұл жұмыс маманға балада кездесетін тілдік ауытқуларды нақты саралап, тиімді түзету жолдарын белгілеуге көмектеседі.

А.Н. Гвоздевтің «Вопросы изучения детской речи» атты зерттеу еңбегі балалардың сөйлеу тілін зерттеуге арналған маңызды дереккөз болып табылады. Онда балалар тілі дамуының заңдылықтары, жас ерекшеліктеріне байланысты ерекшеліктері терең қарастырылады.

Р.Е. Левинаның «Основы теории и практики логопедии» атты еңбегі логопедия саласының теориялық негіздерін жүйелеп, практикалық қолданыстағы тәсілдермен ұштастырады. Бұл еңбек дефектологиялық білім берудің маңызды құрамдас бөлігі ретінде танылған.

Осы аталған әдебиеттер педагогтерге баланың сөйлеу тіліне байланысты диагностикалық және түзету-дамыту жұмыстарын ғылыми негізде жүргізуге бағыт береді. Әдістемелік тұрғыдан сенімді, тәжірибеде тиімді дәлелденген бұл еңбектер тілдік дамуды зерттеуде және практикалық қолдау көрсету ісінде үлкен мәнге ие.

Сөйлеудің грамматикалық құрылымының дамуын диагностикалау және мониторинг жүргізу – баланың морфологиялық және синтаксистік дағдыларын бағалау мен дамытуға бағытталған маңызды процесс болып табылады. Бұл жұмыс білім алушының сөйлем құрау қабілетін, сөздерді дұрыс түрлендіруін, грамматикалық ережелерді меңгеруін анықтап, тілдік дамудағы мүмкін болатын олқылықтарды түзетуге жағдай жасайды. Білім алушының грамматикалық дағдылары оның ойды дәл, жүйелі және қисынды жеткізе алу қабілетімен тығыз байланысты. Сол себепті де, бұл бағыттағы диагностикалық жұмыс тіл дамуының жалпы көрсеткіштерімен қатар, білім алушының коммуникативтік құзыреттілігін дамытуда маңызды орын алады.

Сөйлеудің грамматикалық құрылымын зерттеу барысында қолданылатын әдістер мен тапсырмалар білім алушының синтаксистік және морфологиялық деңгейде қаншалықты сауатты сөйлейтінін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл мақсатта логопед немесе педагог білім алушының сөйлем құрау, сөз түрлендіру және сөздердің сөйлемдегі орын тәртібін сақтау қабілеттерін тексереді.

Бірінші кезекте, сөйлем құрау дағдыларын бағалау үшін білім алушының шығармашылық ойлау қабілетін, сөздерді байланыстыра алу шеберлігін және синтаксистік нормаларды қолдана білуін анықтайтын тапсырмалар ұсынылады. Мысалы, білім алушыға бір сурет көрсетіліп, сол сурет негізінде сөйлем құрастыру тапсырылады. Бұл тапсырмада білім алушының сөйлемдегі сөздердің логикалық байланысын сақтап, ойды тұтас жеткізе алуына назар аударылады.

Сонымен қатар, бірнеше сөз беріліп, сол сөздерден мағынасы бар сөйлем құрастыру сұралады. Мысалы, «мысық», «доп», «ойнау» сөздерінен: «Мысық доппен ойнап жүр» немесе «Бала мысыққа доп лақтырып жатыр» сияқты сөйлем құрауы мүмкін. Мұндай тапсырмалар білім алушының синтаксистік құрылымдарды меңгеру деңгейін көрсетеді.

Екінші бағыт – сөз түрлендіру және сөзжасам дағдыларын бағалау. Бұл бөлімде білім алушы сөздерді септей, жіктей алуы, сондай-ақ оларға жұрнақ жалғап, жаңа сөздер жасай білуі қажет. Мысалы, «кітап» сөзін барлық септік жалғауларымен түрлендіріп айту – білім алушының морфологиялық білімін көрсетеді. «Оқу» сөзінен «оқушы», «оқулық» сияқты туынды сөздер жасап шығу – сөзжасам дағдысының дамуын айқындайды. Бұл жұмыстар баланың сөз құрылымының заңдылықтарын қаншалықты меңгергенін және жаңа сөз жасау механизмдерін түсінуін көрсетеді.

Үшінші бағыт – грамматикалық құрылымдарды түсіну. Бұл бөлімде білім алушының сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтай білуі, сөздердің арасындағы грамматикалық байланысты аңғарып, оны түсіндіре алуы бағаланады. Мысалы, білім алушыдан сөйлемнің дұрыс құрылуын тексеру немесе сөздердің орнын ауыстырып сөйлем құрау талап етіледі. Бұл тапсырмада білім алушының тілдік жүйені ішкі заңдылықтарымен түсініп, қолдана алу қабілеті көрініс табады.

Грамматикалық құрылымды диагностикалаумен қатар, оның даму динамикасын бақылау да маңызды. Мониторинг жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Мысалы, ай сайын немесе тоқсан сайын баланың грамматикалық дағдылары қай деңгейде екені анықталып, алдыңғы нәтижелерімен салыстырылады. Бұл процесс білім алушының сөйлеу тілінің даму қарқынын нақты көруге мүмкіндік береді. Әр білім алушы үшін бақылау күнделігі жүргізіліп, оған оның грамматикалық құрылымдарды қолданудағы жетістіктері мен қиындықтары жазылып отырады. Бұл мұғалімге немесе логопедке қажетті түзету жұмыстарын уақытылы жоспарлауға және жеке оқыту стратегияларын анықтауға көмектеседі.

Бағалау кезінде арнайы баллдық шкала қолданылады:

0 балл – тапсырманы орындай алмайды;

1 балл – тапсырманы көмекпен орындайды;

2 балл – өздігінен орындайды, бірақ қателіктер жібереді;

3 балл – өздігінен және дұрыс орындайды.

Сөйлеудің грамматикалық құрылымын диагностикалау мен дамыту жұмысы белгілі бір әдістемелік әдебиеттерге сүйеніп ұйымдастырылады. Бұл бағытта Р.Е. Левина, В.И. Лубовский, С.Д. Забрамная және О.Н. Усанованың сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын тексеру әдістемелері кеңінен қолданылады. Бұл авторлар балалардың грамматикалық нормаларды меңгеру деңгейін анықтауға арналған тапсырмалар жиынтығын ұсына отырып, әр түрлі жастағы білім алушылармен жұмыс істеуге лайықталған диагностикалық жүйе құрастырған. Сонымен қатар, Қ. Өмірбекова мен Қ. Серкебаевтың «Логопедия» оқулығы отандық мектеп жағдайына бейімделген әдістерді ұсынады. Ал Жезқазған университетінің мамандары әзірлеген «Сөйлеудің грамматикалық

құрылымын қалыптастыру әдістемесі» курсы осы бағытта жұмыс істейтін педагогтер мен логопедтерге нақты көмек беретін практикалық материалдарға толы.

Осылайша, сөйлеудің грамматикалық құрылымын диагностикалау мен мониторинг жүргізу – білім алушының тілін жан-жақты бағалаудың ажырамас бөлігі. Бұл жұмыс арқылы баланың сөйлеу дағдыларын терең зерттеп, қажетті жағдайда дер кезінде түзету жұмыстары қолға алынады. Нәтижесінде білім алушының тілі ғана емес, ойлау қабілеті, танымдық белсенділігі де дами түседі.

Байланыстырып сөйлеудің дамуын диагностикалау мен мониторинг жүргізу – баланың ойды жүйелі, логикалық және грамматикалық дұрыс жеткізу қабілетін бағалауға және дамытуға бағытталған маңызды процесс. Бұл жұмыс баланың сөйлеу тілінің даму деңгейін кешенді түрде қарастырып, оның коммуникативтік дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Байланыстырып сөйлеу – бала ойының құрылымдалуы мен оның тіл арқылы жеткізілу сапасын көрсететін негізгі көрсеткіштердің бірі. Сондықтан бұл бағыттағы диагностика білім алушының тілдік әлеуетін дамытуда маңызды рөл атқарады.

Бұл мақсатта бірнеше диагностикалық әдістер мен тапсырмалар қолданылады. Мәселен, *сурет бойынша әңгіме құрау* әдісінде білім алушыға бір немесе бірнеше сурет ұсынылып, сол суреттегі оқиға желісі бойынша әңгіме құрастыру тапсырмасы беріледі. Бұл тапсырма оқиғаның басталуы, дамуы және аяқталуын логикалық жүйемен баяндау қабілетін бағалайды. Ал ертегіні немесе әңгімені қайта айтып беру тапсырмасы арқылы білім алушының тыңдаған ақпаратты түсіну, есте сақтау және өз сөзімен мазмұндау дағдылары сараланады. Мұнда педагог қысқа мәтінді оқып береді, содан соң білім алушы оны ретімен, мәнін бұзбай қайталап айтып беруі тиіс.

Сонымен қатар, жағдайлық *сұрақтарға жауап беру* тапсырмасы да кең қолданылады. Бұл жаттығу логикалық ойлауды, себеп-салдарлық байланыстарды орнату және өз ойын байланыстырып жеткізу қабілетін бағалауға бағытталған. Мысалы: «*Егер сен орманда адасып қалсаң, не істер едің?*» деген сұраққа бала өз бетінше ой жүгіртіп, жүйелі жауап құрастыруы тиіс. Бұдан бөлек, сюжеттік суреттер тізбегі бойынша әңгіме құрау тапсырмасы да жиі қолданылады. Мұнда білім алушыға бірнеше суреттен тұратын логикалық тізбек ұсынылады, ол сол суреттерге сәйкес оқиғаны жүйелеп баяндауы керек.

Жоғарыда аталған жұмыстардың нәтижесін тиімді бағалап, баланың даму динамикасын бақылау үшін мониторинг жүргізу тәсілдері қолданылады. Атап айтқанда, білім алушының байланыстырып сөйлеу дағдылары ай сайын немесе тоқсан сайын бірдей типтегі тапсырмалар арқылы қайта тексеріліп, бұрынғы нәтижелерімен салыстырылады. Әр білім алушының бақылау күнделігі жүргізіліп, сөйлеуіндегі жаңа сөздер, сөйлем құрылымдары мен баяндау ерекшеліктері тіркеліп отырады. Бағалау арнайы шкала арқылы жүзеге асады:

- 0 балл – орындай алмайды;
- 1 балл – тапсырманы көмегімен орындайды;
- 2 балл – өздігінен орындайды, бірақ қателіктер бар;
- 3 балл – өздігінен және дұрыс орындайды.

Байланыстырып сөйлеуді дамытумен қатар, сөйлеуді түсінудің дамуын диагностикалау мен мониторинг жүргізу де тілдік қатынастың сапасын анықтауда маңызды орын алады. Бұл бағыт – білім алушының айтылған немесе жазылған ақпаратты түсіну, сөйлемнің мағынасын қабылдау және тілдік материалды өңдеу механизмдерін анықтауға бағытталған. Мұндай диагностика логопедтер мен педагог-психологтардың тәжірибесінде кеңінен қолданылады.

Сөйлеуді түсінуді диагностикалауда бірнеше әдістер тиімді нәтижелер береді. Нұсқаулықты түсіну тапсырмаларында білім алушы тыңдалған нұсқауды дұрыс қабылдап, оны нақты орындауы тиіс. Мысалы: *«Үстелдің үстіндегі қызыл қарындашты ал да, дәптердің үстіне қой»* деген тапсырмада білім алушының түсіну деңгейі мен әрекетті дәл орындау қабілеті бағаланады. Суретті таңдау әдісінде білім алушыға бірнеше сурет ұсынылып, сөйлем мазмұнына сәйкес келетін бейнені таңдау сұралады. Мысалы: *«Мысық сүт ішіп отыр»* деген сөйлемге сәйкес суретті табуы қажет.

Сөздер мен сөйлемдерді сәйкестендіру әдісінде бала берілген сөйлемді дұрыс түсініп, оған сай әрекет жасауы тиіс. Мысалы: *«Қыз бала гүл теріп жүр»* деген сөйлемге сәйкес келетін ойыншықты немесе суретті табу қажет. *«Кім не істеді?»* тапсырмасы арқылы сөйлем құрылымындағы субъект, іс-әрекет және объект арасындағы байланысты түсіну қабілеті анықталады. Мысалы, *«Аян алма жеді»* сөйлеміндегі субъект – Аян, іс-әрекет – жеді, объект – алма.

Тағы бір тиімді әдіс – қарапайым мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап беру. Бұл тапсырмада қысқа мәтін оқылып, содан кейін білім алушыға мазмұн бойынша сұрақтар қойылады. Мысалы: *«Мәтінде кім туралы айтылды?»* деген сұрақ арқылы мәтінді түсіну және есте сақтау деңгейі анықталады.

Түсіну қабілетін бағалауда да мониторинг жүргізу әдістері қолданылады. Апта сайын немесе ай сайын бірдей мазмұндағы тапсырмалар қайталанып беріліп, білім алушының даму динамикасы тіркеледі. Бақылау дәптеріне баланың түсінуде қиындық тудырған сөздер мен сөйлемдер жазылып отырады. Қайталап жүргізілген тапсырмалар нәтижесінде баланың ілгерілеуі мен тұрақты жетістігі көрініс табады. Бағалау шкаласы алдыңғы бөліммен бірдей:

- 0 балл – орындай алмайды;
- 1 балл – педагогтің көмегімен орындайды;
- 2 балл – өздігінен орындайды, бірақ қателіктер бар;
- 3 балл – өздігінен және дұрыс орындайды.

Осы екі бағыттағы диагностикалық жұмыстар арнайы ғылыми және әдістемелік әдебиеттерге сүйеніп ұйымдастырылады. Атап айтқанда, Қ. Өмірбекова мен Қ. Серкебаевтың «Логопедия» оқулығы, Р.Е. Левинаның «Логопедия теориясы мен практикасының негіздері» атты еңбегі, А.Н. Гвоздевтің «Балалар тілін зерттеу мәселелері» еңбегі, сондай-ақ О. Усанова мен В. Лубовский құрастырған логопедиялық әдістемелер жиынтығы – сөйлеуді түсіну мен байланыстырып сөйлеуді диагностикалауда кеңінен қолданылатын құнды әдебиеттер болып табылады.

Осылайша, байланыстырып сөйлеу мен түсіну дағдыларын диагностикалау мен мониторинг жүргізу – білім алушының тілдік даму

процесінің маңызды құрамдас бөлігі. Бұл бағыттағы жүйелі жұмыс тіл кемістіктерінің алдын алуға, сөйлеу қабілетін мақсатты дамытуға және білім алушының толыққанды қарым-қатынас жасауына мүмкіндік береді.

Оқылым және жазылым дағдыларының дамуын диагностикалау және мониторинг жасау – білім алушының мәтінді түсіну, мазмұндау, жазу ережелерін сақтау, орфографиялық және пунктуациялық сауаттылығын анықтау мақсатында жүргізілетін жүйелі жұмыс. Бұл дағдылар тілдік-коммуникативтік құзыреттіліктің ажырамас бөлігі.

Диагностикалау әдістері

1. Оқылым дағдысын бағалау

1.1 Мәтінді оқу және мазмұнын айту

Мақсаты: мәтінді түсіну, негізгі ойды анықтау.

Тапсырма: қысқа мәтін оқылады. Сұрақтар қойылады: «Бұл мәтінде кім туралы айтылған?», «Негізгі ойы қандай?»

Бағалау критерийлері:

- мәтін мазмұнын дұрыс жеткізу;
- сұрақтарға нақты жауап беру;
- тілдік құрылымдарды қолдану.

1.2 Сөз, сөз тіркесі және сөйлемдерді оқу

Мақсаты: дыбыстау, интонация, екпін қою.

Тапсырма: білім алушыға жеке сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер беріледі.

Ол оларды дұрыс, анық оқуы тиіс.

Бағалау критерийлері:

- дыбыстау дұрыстығы;
- қате оқыған сөздер саны;
- интонация, пауза.

2. Жазылым дағдысын бағалау

2.1 Диктант жазу

Мақсаты: орфографиялық және пунктуациялық сауаттылығын анықтау.

Тапсырма: қысқа мәтін диктант ретінде жазылады.

Бағалау критерийлері:

- орфографиялық қателер саны;
- сөйлем құрылымы;
- дұрыс әріппен жазу.

2.2 Көру диктанты / көшіріп жазу

Мақсаты: көру арқылы есте сақтау және көшіру дағдыларын тексеру.

Тапсырма: білім алушыға бірнеше сөйлем көрсетіледі, содан кейін сөздер жасырыланады да жатқа жазу сұралады.

Бағалау критерийлері:

- дұрыс көшіру;
- қателер саны;
- есте сақтау қабілеті.

2.3 Мәтін құрау (шағын әңгіме, хат, сипаттама)

Мақсаты: шығармашылық, логикалық және грамматикалық қабілетті тексеру.

Бағалау критерийлері:

- мәтін құрылымы;
- қате сөздер саны;
- сөздік қоры.

Мониторинг жүргізу тәсілдері білім алушының тілдік дағдыларының қалыптасу барысын жүйелі түрде бақылап, даму динамикасын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдер оқыту процесін дараландыру мен тиімді түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыруда маңызды рөл атқарады.

Мониторинг процесінде ең алдымен уақытша салыстыру әдісі қолданылады. Бұл әдіс бойынша бірдей типтегі тапсырмалар ай сайын немесе тоқсан сайын қайталап беріледі. Уақыт өте келе білім алушының даму динамикасы бағаланып, оның сөйлем құрау сапасының жақсаруы, қателер санының азаюы, тілдік бірліктерді дұрыс қолдану көрсеткіштері прогресс кестелері арқылы айқындалады.

Сонымен қатар, бақылау парақтары мен күнделіктер арқылы білім алушының даму траекториясы тіркеліп отырады. Әр тапсырманың нәтижесі жазылып, орындалу барысындағы қиын тұстары белгіленеді. Бұл тәсіл педагогке білім алушының қай тілдік аспектілерде қиналатынын нақты көруге мүмкіндік береді және сол бағытта жекелеген жұмыс жүргізуге негіз болады.

Бағалау нәтижелерін тіркеу үшін бағалау шкаласы пайдаланылады. Ол білім алушының тапсырманы орындау сапасын төмендегідей деңгейде сипаттайды:

- 0 балл – орындай алмайды;
- 1 балл – педагогтің көмегімен орындайды;
- 2 балл – өздігінен орындайды, бірақ қателіктер бар;
- 3 балл – өздігінен және дұрыс орындайды.

Мониторинг барысында қолданылатын әдістемелік құралдар мен әдебиеттер педагогтің кәсіби қызметін ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан негіздеуге көмектеседі. Атап айтқанда, Б. Сағындықұлының «Тіл дамыту. Жазылым және оқылым» еңбегі, ҚР Білім және ғылым министрлігінің ұсынысы бойынша әзірленген «Оқу сауаттылығы бойынша тапсырмалар жинағы», Р.Е. Левина мен О.Н. Усанованың логопедиялық диагностикаға арналған теориялық еңбектері, сондай-ақ Қ. Өмірбекова мен Қ. Серкебаевтың «Логопедия» оқулығы – мониторинг жүргізу процесінде кеңінен қолданылатын негізгі әдебиеттер болып табылады.

Осы ұсынымдар жиынтығы білім алушының тілдік дамуындағы нақты өзгерістерді бақылауға және қажетті түзетулерді дер кезінде енгізуге мүмкіндік береді.

Мұғалімдерге арналған ұсыныстар білім алушылардың тілдік даму процесін тиімді жүргізуге бағытталған. Біріншіден, оқу тоқсандарының басында және соңында айтылым, оқылым, жазылым және тығдалым дағдыларына жүйелі

диагностика жүргізу маңызды. Бұл ретте нақты диагностикалық құралдарды – тесттерді, бақылау парақтарын, бағалау шкалаларын пайдалану ұсынылады.

1. Жүйелі диагностика жүргізу

- білім алушылардың тілдік дағдыларын жан-жақты бағалауға бағытталған жүйелі диагностикалық жұмыстарды ұйымдастыру ұсынылады. Әр оқу тоқсанының басында және соңында білім алушылардың айтылым, оқылым, жазылым, тыңдалым дағдыларының деңгейін тексеріп отыру – олардың оқу процесіндегі ілгерілеуін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл тексеру жұмыстары нақты диагностикалық құралдар арқылы (мысалы, тесттер, бақылау парақтары, бағалау шкалалары) жүргізілуі керек. Жинақталған мәліметтер білім алушылардың жеке оқу траекториясын жоспарлау мен тиімді қолдау көрсетудің негізі бола алады..

- оқу процесінде білім алушылардың тілдік дағдыларын тиімді бағалау үшін нақты диагностикалық құралдарды, атап айтқанда, тесттерді, бақылау парақтарын, бағалау шкалаларын жүйелі түрде қолдану маңызды. Бұл құралдар мұғалімге білім алушының қай саладан қиналатынын нақты анықтауға, сол арқылы дер кезінде түзету жұмыстары мен қолдау шараларын ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Диагностикалық мәліметтерді жинақтап, оқу тоқсандары ішінде және соңында салыстырмалы түрде талдау – білім алушының даму динамикасын бақылауға сеп болады.

2. Жеке оқу траекториясын жоспарлау

- диагностика нәтижелеріне сүйене отырып, әр білім алушының жеке қажеттіліктерін ескеру маңызды. Осы деректер негізінде мұғалім жеке тапсырмалар мен жаттығулар топтамасын әзірлеуі тиіс. Мұндай тәсіл білім алушылардың әлеуетін толық ашуға, олардың тілдік дамуындағы олқылықтарды түзетуге және оқу материалын меңгеру қарқынын арттыруға жағдай жасайды. Жеке оқыту траекториясы – әр білім алушының мүмкіндігі мен даму деңгейіне сай білім беруді ұйымдастырудың тиімді жолы.

3. Интерактивті тәсілдерді пайдалану

- ойын, суретпен жұмыс, мәтін құрау және дыбысқа еліктеу жаттығуларын сабақ процесіне енгізу білім алушылардың тілді меңгеруге деген қызығушылығын арттырып, оқу материалын жеңіл әрі қызықты қабылдауына ықпал етеді. Мұндай тапсырмалар оқыту процесін жандандырып, тілдік әрекетке белсенді қатысуына мүмкіндік береді.

- білім алушының жеке ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып тапсырмаларды бейімдеу – оқу материалын тиімді меңгерудің маңызды шарты. Мұндай тәсіл баланың жеке әлеуетін ашуға, оқу іс-әрекетіне белсенді қатысуына және тілдік дағдыларын еркін дамытуына жағдай жасайды.

4. Мектеп логопедімен және психологпен тығыз байланыста болу

- күрделі тілдік қиындықтар байқалған жағдайда білім алушыны қосымша мамандарға – логопедке, дефектологқа немесе психологқа бағыттау маңызды. Бұл дер кезінде кәсіби қолдау көрсетіп, тілдік бұзылыстың тереңдеуіне жол бермеуге мүмкіндік береді.

- мектеп логопедімен және психологпен ортақ жұмыс жоспарын үйлестіру арқылы білім алушының тілдік дамуына бірізді, кешенді қолдау көрсетіледі. Мұндай бірлескен әрекет педагогтің жұмысына жүйелілік енгізіп, түзету-дамыту шараларының тиімділігін арттырады.

Ата-аналарға арналған ұсыныстар:

1) үйде тілдік ортаны дамыту. Баланың сөйлеу қабілетін қалыптастыруда отбасындағы қарым-қатынас шешуші рөл атқарады. Үйде тілдік ортаны дамыту үшін:

- баламен күнделікті диалог жүргізіп, түрлі сұрақтар қойып отыру қажет. Мысалы: «Бүгін мектепте не істедің?», «Не ұнады?» деген секілді сұрақтар арқылы ой қозғауға мүмкіндік беріледі;

- ертеңгі, қысқа әңгімелерді оқып беру және оқығанын бірге талдау – баланың тілдік қоры мен байланыстырып сөйлеу дағдысын дамытады;

- суреттерді қарап отырып, «Бұл суретте не болып жатыр?», «Мына балақай не істеп жатыр?» деген сияқты әңгімелесу жаттығулары ұйымдастырылады;

- теледидар қарау уақытын шектеп, оның орнына бірге кітап оқу, сурет салу немесе диалогтік ойындар ойнау ұсынылады.

2) сабырлылық және қолдау көрсету. Бала тілінде қателіктер жіберсе де, оған дұрыс реакция таныту маңызды:

- қатесін бетіне баспай, дұрыс нұсқасын үлгі етіп айту қажет. Мысалы, бала «Күдік бардым» десе, ата-ана «Иә, сен бүгін дүкенге бардың ғой?» деп дұрыс сөйлеммен қайталап айтуы керек;

- балаға әрдайым қолдау көрсету: «Жақсы айтып тұрсың», «Тағы да қайталап көрейік» деген жылы, көтермелеуші сөздер баланың өзін сенімді сезінуіне көмектеседі;

- баланың сөйлеу талпынысын тоқтатпай, керісінше мақтау арқылы ынталандыру маңызды.

3) мектеппен тұрақты байланыста болу. Білім алушының тілдік дамуы үздіксіз бақыланып, педагогпен тұрақты байланыс орнату арқылы тиімді қолдау көрсетіледі:

- мұғаліммен жиі сөйлесіп, баланың жетістіктері мен қиындықтары туралы кері байланыс алу ұсынылады;

- үй тапсырмаларын орындауда баламен бірлесе отырып жұмыс жасау – оқу процесіне ата-ананың белсенді араласуына мүмкіндік береді;

- мұғалім мен ата-ана ортақ мақсат қойып, оқу мен сөйлеу дағдыларын дамытуда бір бағытта әрекет етуі қажет.

4) уақтылы мамандар көмегіне жүгіну. Егер балада сөйлеу барысында тұрақты қиындықтар байқалса, арнайы мамандардың көмегіне жүгіну маңызды:

- логопед – дыбыстарды дұрыс айтуға, байланыстырып сөйлеуге, грамматикалық құрылымдарды меңгеруге көмектеседі;

- дефектолог – тілмен қатар когнитивті және сенсорлық дамуы артта қалған балаларға арнайы түзету жұмыстарын жүргізеді;

- психолог – сөйлеу процесіне әсер ететін эмоционалдық жағдайды, өзін-өзі бағалау мен әлеуметтік қарым-қатынас ерекшеліктерін анықтап, қолдау көрсетеді;

- ерте көрсетілген көмек – баланың тілдік дамуына әсер ететін факторларды дер кезінде анықтап, қажетті қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Осы ұсыныстарды жүйелі түрде қолдану арқылы ата-аналар баласының тілдік дағдыларының қалыптасуына елеулі үлес қоса алады.

Диаграмма арқылы жылдық нәтижені көрсету

Білім алушының айтылым және тілдік дағдыларының жыл бойындағы дамуын диаграмма түрінде көрсету — оқу процесінің тиімділігін бағалауға және көрнекі түрде талдауға мүмкіндік береді. Мұндай визуалды құрал мұғалімдерге де, ата-аналарға да баланың дамуын бақылап, қандай дағдыларда жетістік бар, ал қай тұстарда қосымша жұмыс қажет екенін айқындауға көмектеседі.

Диаграмма жасау үшін қолданылатын тілдік дағдылар

Диаграммада мына негізгі тілдік бағыттар бойынша бағалау нәтижелері көрсетіледі:

Оқылым

- бала мәтінді түсініп оқи ала ма?;
- мағына бойынша сұрақтарға жауап бере ала ма?;
- негізгі және қосымша ақпаратты ажырата ала ма?.

Жазылым

- жазбаша тапсырмаларды орындау барысында грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдана ма?;
- сөздерді сауатты жаза ала ма?;
- құрылымды сөйлемдер құрай ала ма?.

Айтылым

- тыңдалған сөйлемдер мен мәтіндердің мағынасын түсіне ала ма?;
- нұсқаулықтар мен тапсырмаларды орындау қабілеті қандай?

Грамматика

- сөз тіркестерін, сөйлем құрылымдарын дұрыс құра білу дағдысы;
- морфологиялық және синтаксистік құрылымдарды қолдану дәлдігі.

Фонетика

- дыбыстарды дұрыс айту дағдысы;
- фонематикалық есту қабілетінің қалыптасуы;
- буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау қабілеті.

Мониторинг жүргізу тәсілдері

1) бағалау шкаласы. Әр дағдыны бағалау келесі шкала бойынша жүзеге асырылады:

- 0 балл – орындай алмайды;
- 1 балл – педагогтің көмекпен орындайды;
- 2 балл – өздігінен орындайды, бірақ қателері бар;

- 3 балл – өздігінен және дұрыс орындайды.

2) бақылау парағы мен күнделік. Әр білім алушының жеке даму траекториясы жасалып, ай сайын немесе тоқсан сайын толтырылады.


Әр тапсырма бойынша нәтижелер тіркеліп, даму қарқыны мен қиындық тудыратын дағдылар белгіленеді.

Қажет жағдайда қосымша тапсырмалар мен қолдау шаралары қарастырылады.

3) динамикалық бақылау. Белгілі бір уақыт аралығында бірдей типтегі тапсырмаларды қайталау арқылы дамудың серпіні бақыланады.

Уақыт өте келе бала қаншалықты алға жылжығаны салыстырмалы талдау арқылы көрсетіледі.

Нәтижелер кесте немесе диаграмма түрінде рәсімделеді, мысалы:



1-сурет. Білім алушының тілдік дағдыларының тоқсандық даму динамикасы

Тілдік дағдыларды ерте кезеңнен бастап жүйелі бақылау және дамыту – бастауыш сынып білім алушысының ойлау, қарым-қатынас, оқылым және жазылым дағдыларының негізін қалыптастырады.

Тілдік даму компоненттерін жан-жақты диагностикалау – білім алушының тілдік қабілеттерінің күшті және әлсіз тұстарын анықтап, жеке даму жоспарын жасауға мүмкіндік береді. Нәтижелі мониторинг білім алушының тілді меңгеруінде жүйелі, тиімді және мақсатты даму траекториясын қамтамасыз етеді. Мұғалім мен ата-ананың бірлескен, саналы, жүйелі жұмысы ғана білім алушының сөйлеу және тілдік дағдыларын толыққанды дамытуға мүмкіндік береді. Ең бастысы – білім алушының әлеуетіне сену және оған сенімді, қолдаушы орта қалыптастыру.

Бастауыш сынып кезеңі – білім алушының тілдік, танымдық және тұлғалық дамуының негізі қаланатын маңызды кезең. Бұл уақытта білім алушылардың сөйлеу әрекетінің дағдылары, сөздік қоры, грамматикалық құрылымдарды меңгеруі және коммуникативтік қабілеттері қалыптасады. Педагог-психологтың міндеті – білім алушылардың тілдік дамуын бақылау, диагностика жүргізу және қажет болған жағдайда түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру. Бұл жұмыс білім алушылардың оқу жетістіктерін арттыруға, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға және коммуникативтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Мақсаты – білім алушылардың тілдік даму деңгейін жан-жақты анықтау және олардың коммуникативтік дағдыларын жүйелі түрде жетілдіруге ықпал ету болып табылады. Ең алдымен, білім алушының айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылым сияқты негізгі тілдік дағдыларын бақылау арқылы олардың дамуындағы ерекшеліктер мен қиындықтарды ерте кезеңде анықтау көзделеді. Мұндай диагностика нәтижелері білім алушының тілдік қабілеттеріндегі әлсіз тұстарын уақытылы түзетуге, қажетті педагогикалық және психологиялық қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, бұл жұмыс білім алушылардың тілдік дағдыларын жетілдіруге бағытталған арнайы ұсыныстар мен жаттығулар кешенін құрастыруды мақсат етеді. Психологиялық тұрғыдан қолдау көрсету арқылы білім алушының өзіне деген сенімін арттыру, оқу әрекетіне деген қызығушылығын дамыту және тілдік дағдыларды меңгеруде жағымды мотивация қалыптастыру көзделеді.

Осы мақсаттарды жүзеге асыру барысында білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен даму қарқыны ескеріліп, сөйлеу тіліндегі қиындықтарды жоюға бағытталған нақты, тәжірибеге бағытталған әдістер мен ұсынымдар берілетін болады.

Негізгі бағыттар:

1) диагностикалық жұмыс: білім алушылардың тілдік даму деңгейін анықтау үшін кешенді диагностикалық жұмыстар жүргізіледі. Бұл кезеңде келесі әдістер қолданылады:

- бақылау және әңгімелесу;
- арнайы әзірленген тесттер мен тапсырмалар (сөздік қоры, грамматикалық құрылымдар, байланыстырып сөйлеу);
- сурет бойынша әңгіме құрастыру, мәтіндерді толықтыру, диктант жаздыру.

Диагностиканың мақсаты – білім алушының сөйлеу тіліне, дыбыстарды айту ерекшеліктеріне, сөздік қорына, сөйлем құрау дағдысына, тыңдап түсіну деңгейіне талдау жасау. Диагностикалық мәліметтерге сүйене отырып, әр білім алушыға жеке қолдау стратегиясын қалыптастыру ұсынылады.

2) кеңес беру – диагностикалық деректерге сүйене отырып, педагогтер мен ата-аналарға тілдік даму ерекшеліктеріне қатысты кеңес беріледі. Кеңес беру барысында келесі міндеттер жүзеге асырылады:

- білім алушының тілдік дағдылары туралы нақты ақпарат беру;

- ата-аналар мен педагогтарға қолжетімді әдіс-тәсілдер ұсыну (үй жағдайында қолдануға болатын тапсырмалар мен жаттығулар);

- білім алушының тілдік ортасын байытуға бағытталған ұсыныстар дайындау;

- педагогтармен бірлесе отырып, білім алушының оқу процесіне бейімделуіне ықпал ету;

- кеңес беру жүйелі түрде ұйымдастырылуы қажет және отбасы мен мектеп арасындағы тиімді өзара әрекеттестікті қамтамасыз етуі тиіс.

3) түзету-дамыту жұмыстары: тілдік дағдыларында кідірісі немесе бұзылысы бар білім алушылармен арнайы түзету-дамыту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуі қажет. Мұндай жұмыстардың негізгі мақсаты – білім алушының сөйлеу тіліне байланысты қиындықтарын жеңілдету, тілдік қабілеттерін жетілдіру және қарым-қатынас жасауға көмектесетін негізгі дағдыларды қалыптастыру.

Бұл бағыттағы түзету-дамыту жұмыстары келесі мазмұнды қамтиды:

- дыбыстық талдау және жинақтау арналған тапсырмалар: дыбыстарды ажырату, буынға бөлу, дыбыстардың орналасуын анықтау сияқты жаттығулар арқылы фонематикалық есту қабілетін дамыту көзделеді;

- сөздік қорды дамыту жаттығулары: жұп сөздермен жұмыс жасау, антонимдер мен синонимдерді табу, логикалық тізбектер құрастыру арқылы білім алушының сөздік қорын байытуға көңіл бөлінеді;

- байланыстырып сөйлеуді дамыту: сурет бойынша әңгімелеу, мәтін құрау, рөлдік ойындар арқылы ойды жүйелі жеткізу қабілеті мен тілдік байланыс құру дағдысы дамытылады;

- грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдануға бағытталған тапсырмалар: сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі, сөз түрлендіру, септеу, жіктеу және сөйлем құрастыруға арналған жаттығулар ұсынылады;

- ойын әдістері мен визуалды құралдарды пайдалану: білім алушының қызығушылығын арттырып, оқыту процесін жеңілдететін түрлі танымдық ойындар мен көрнекі материалдар қолданылады.

Жоғарыда аталған барлық жаттығулар білім алушының жеке даму деңгейіне және жеке ерекшеліктеріне сай бейімделіп, жүйелі әрі кезең-кезеңімен ұйымдастырылуы тиіс. Түзету-дамыту жұмыстары білім алушының тілі дамуына кешенді түрде ықпал етіп, оның оқу процесіне белсенді қатысуына мүмкіндік туғызады.

4) мониторинг – тілдік даму көрсеткіштерін жүйелі бақылау. Тілдік даму деңгейін тұрақты бақылау – жұмыстың тиімділігін бағалаудың маңызды бөлігі болып табылады. Мониторинг білім алушының тілдік дағдыларының қалыптасуы мен даму серпінін байқауға, қиындықтарды уақытылы анықтауға және түзету-дамыту шараларын нақтылауға мүмкіндік береді.

Мониторинг үдерісі келесі тәсілдер арқылы жүзеге асырылады:

- диагностикалық жұмыстар нәтижелерін салыстыру: оқу жылының басында және аралық кезеңдерде жүргізілген диагностикалық тексерулердің

нәтижелерін салыстыра отырып, білім алушының ілгерілеу деңгейі айқындалады;

- айтылым, жазылым, тыңдалым жұмыстарын жинақтап, динамикасын бақылау: әртүрлі тілдік дағдылар бойынша орындалған тапсырмалар нәтижелері жүйеленіп, олардың сапалық өзгерісі талданады;

- ата-аналар мен педагогтардың бақылау жазбаларын ескеру: білім алушының тілдік белсенділігіне қатысты күнделікті байқаулар мен пікірлер мониторинг нәтижесін толықтырады және шынайы бағалауға ықпал етеді;

- білім алушының оқу процесіндегі тілдік белсенділігін талдау: сабақтағы жауап беру белсенділігі, өз ойын еркін жеткізу, сұрақ қою немесе пікір айту сияқты көріністер арқылы білім алушының тілдік даму деңгейі сараланады;

- жүргізілген мониторинг нәтижелері түзету-дамыту жұмыстарының бағыттарын қайта қарауға, оқыту стратегияларын жетілдіруге және қажет болған жағдайда әдістемелік тәсілдерді өзгертуге негіз болады.

Тілдік даму – білім алушының академиялық жетістігінің ғана емес, сонымен қатар тұлғалық және әлеуметтік дамуының да негізгі факторларының бірі. Сондықтан жоғарыда аталған бағыттар бойынша жүйелі әрі мақсатты жұмыс жүргізу тілдік қиындықтарды жеңілдетіп қана қоймай, баланың толыққанды және үйлесімді дамуына кең жол ашады.

Диагностика түрлері және қолданылатын әдістемелер

Тілдік дамуды бағалау – білім алушылардың айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылым дағдыларындағы ерекшеліктерді анықтауға, сол арқылы тиісті түзету-дамыту жұмыстарын жоспарлауға мүмкіндік береді. Бұл мақсатта әртүрлі диагностика түрлері мен әдістемелер қолданылады.

Скринингтік диагностика оқу жылының басында және соңында жүргізіледі. Оның мақсаты – білім алушылардың тілдік даму деңгейін бастапқы және қорытынды кезеңдерде бағалау. Бұл жалпы білім беру тобындағы барлық балаға ортақ тапсырмалар арқылы жүзеге асырылады.

Жеке диагностика – белгілі бір тілдік ауытқулары бар білім алушылармен түзету жұмысы барысында қолданылады. Әр білім алушының қажеттілігіне бейімделген бұл диагностика нақты қиындықтарды анықтауға бағытталады.

Қайта диагностикалау (мониторинг) – түзету-дамыту жұмыстарының нәтижелілігін бағалау мақсатында жартыжылдық немесе жыл соңында жүргізіледі. Мониторинг баланың даму серпінін бақылауға және алдағы жұмыстарды нақтылауға негіз болады.

Сауалнама және бақылау әдістері педагогтар мен ата-аналардан кері байланыс алу үшін қолданылады. Бұл тәсілдер арқылы баланың сөйлеу жылдамдығы, сөздік қоры, сөйлем құрау қабілеті, тыңдалым, оқылым және жазылым дағдылары жан-жақты талданады.

Қолданылатын әдістемелер:

Д.Б. Эльконин әдістемесі – фонематикалық есту мен дыбыстық талдауға арналған. Баланың дыбысты ажыратуы, сөздегі дыбыстардың орнын табуы және

дыбыстарды өзгерте алуы тексеріледі. Бұл әдіс әсіресе мектепке дейінгі балалар мен 1-сынып білім алушылары үшін тиімді.

Мысалы:

- Қай сөзде [с] дыбысы бар?» — «сағат».
- «Тосап» сөзінің басындағы дыбыс? — «Т».
- «Қар» сөзіндегі дыбыстар қандай? — «Қ–А–Р».
- «Ана» сөзінде неше дыбыс бар? — «Үш».
- «Қала» сөзінде «қ» орнына «б» қойсаң? — «Бала».

Н.И. Гуткина әдістемесі – білім алушының грамматикалық құрылымдарды меңгеру деңгейін бағалауға арналған.

Н.Л. Скуратовская әдістемесі – сөздік қордың даму деңгейін, сөздердің мағынасы мен қолдану ерекшеліктерін анықтауға бағытталған.

Сөйлеуді байланыстырып жеткізу диагностикасы – монолог және диалог түріндегі сөйлеу қабілеттерін бағалайды.

Сюжетті суреттермен жұмыс – логопедиялық жұмыс барысында қолданылады. Сурет арқылы сөйлеу белсенділігі дамытылады, әңгіме құрастыру дағдылары жетілдіріледі.

Тыныс алу және артикуляциялық жаттығулар – сөйлеу мүшелерінің қозғалысын жетілдіру мақсатында жүзеге асырылады. Бұл жаттығулар сөйлеу процесіне тікелей әсер ететін артикуляциялық моториканы дамытады.

Көрнекілікпен жұмыс және ойын әдістері – баланың танымдық және тілдік қабілеттерін дамытуда тиімді. Мұнда заттық және бейнелі құралдар қолданылады.

Сөйлемді толықтыру, әңгіме құрастыру тапсырмалары – сөйлем ішіндегі сөздердің байланысын, грамматикалық дұрыс құрылуын дамытуға арналған.

Жоғарыда көрсетілген диагностика түрлері мен әдістемелер білім алушылардың тілдік ерекшеліктерін нақты бағалап, олармен тиімді жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл құралдар мұғалімге, логопедке және басқа мамандарға бала дамуын жүйелі түрде қадағалап отыруға, қажетті түзету шараларын уақытылы қолға алуға жол ашады.

Қолдану әдістемесі

Параметр	Түсіндірме
Жасы	5 жастан бастап, әсіресе 1-сынып білім алушыларына тиімді
Ұзақтығы	10–15 минут
Жүргізу формасы	Жеке жұмыс, мұғалімнің жетекшілігімен
Құралдар	Сөздік карточкалар, суреттер, фишкалар, текше (дыбыстарды белгілеу үшін)

Нәтижені бағалау
Бағалау деңгейі

Сипаттамасы

Жоғары	Дыбыстарды нақты ажыратады, сөз құрамын дұрыс талдайды
Орташа	Қарапайым тапсырмаларды орындайды, бірақ күрделі түрлерде қате жібереді
Төмен	Дыбысты ажырату қиын, дыбыстық талдау жасауға қиналады

Ескерту: бұл әдістеме тіл кемістіктерін диагностикалау емес, фонематикалық дайындық деңгейін анықтауға арналған; қате жауаптар болған жағдайда баланы түзетуге болмайды, тек бақылау жүргізіледі; қорытынды педагогикалық шешім қабылдау үшін бірнеше кезеңдік байқау мен қосымша тапсырмалар қажет.

Фонематикалық естуді диагностикалау парағы (Д.Б.Эльконин әдістемесі негізінде)

Білім алушының аты-жөні _____
 Жасы _____ Сыныбы _____ Мектебі _____
 Мұғалімнің аты-жөні _____
 Өткізу күні _____
 Диагностикалық тапсырмалар

№	Тапсырма мазмұны	Орындалуы (иә/жоқ)	Ескертпе
1	Сөз ішінен берілген дыбысты табу (мысалы: [с] дыбысы қай сөзде бар?)		
2	Сөздің басындағы дыбысты айту (мысалы: «Тосап» сөзінің басындағы дыбыс)		
3	Сөздің соңындағы дыбысты айту (мысалы: «Шам» сөзінің соңындағы дыбыс)		
4	Сөздегі дыбыстардың ретін атау (мысалы: Қ-А-Р)		
5	Сөздегі дыбыстар санын айту (мысалы: «Ана» – 3 дыбыс)		
6	Сөздегі дыбысты өзгертіп, жаңа сөз құрау (мысалы: қала → бала)		

Нәтижені бағалау: диагностикалық тапсырмаларды орындау нәтижелері білім алушының тілдік даму деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Жоғары деңгейдегі білім алушы барлық тапсырмаларды дұрыс орындап, дыбыстарды сенімді ажырата алады және сөйлеу дағдысында қиындық байқалмайды. Орташа деңгейде – білім алушы 1–2 тапсырмада қате жібереді, кейбір дыбыстарды шатастыруы мүмкін, бірақ жалпы тапсырманың мазмұнын түсінеді және орындай алады. Ал төмен деңгейде білім алушы бірнеше тапсырманы орындауда қиналады, дыбыстарды ажыратуда едәуір қиындықтар байқалады, сөйлеу

барысында тұрақсыздық пен белгісіздік орын алады. Бұл жағдайда қосымша қолдау мен түзету жұмыстары қажет.

Н.И. Гуткина әдістемесі – мектепке дейінгі және бастауыш жастағы балалардың грамматикалық құрылымдарды меңгеру деңгейін бағалауға арналған тиімді диагностикалық құрал. Бұл әдістеме баланың сөз түрлендіру, сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастыру, грамматикалық нормаларды сақтау арқылы еркін сөйлеу қабілетін анықтауға бағытталған.

Әдістеменің негізгі мақсаты – баланың грамматикалық ережелерді қаншалықты меңгергенін, сөздерді дұрыс формада түрлендіру шеберлігін, сөйлем ішінде сөздер арасындағы грамматикалық байланысты орната білу деңгейін бағалау.

Мысалы, баладан зат есімді көпше түрде айту, етістікті дұрыс шақта қолдану немесе сөйлемде септік жалғауларын дұрыс жалғау сұралуы мүмкін. Сондай-ақ, баланың сөздерді белгілі бір грамматикалық талапқа сай сәйкестендіріп қолдана алуы, күрделі сөйлемдер құрай алуы да назарға алынады.

Н.И. Гуткина әдістемесі балалардың сөйлеу тіліндегі грамматикалық құрылымдардың даму ерекшеліктерін нақты әрі жан-жақты саралауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс логопедтер, мұғалімдер мен психологтар үшін түзету-дамыту жұмыстарын жүйелі жоспарлау мен іске асыруда маңызды диагностикалық негіз бола алады.

Диагностикалық тапсырмалар үлгілері

1) сөздердің грамматикалық түрленуін бағалау

Тапсырма: берілген сөздерді көпше / жекеше, септік немесе жіктік жалғауларымен түрлендір.

Мысал:

Мұғалім → мұғалімдер

Үй → үйге, үйден, үймен

Ол → олар, оның, оларға

Жалғауларды дұрыс қолдану, яғни септеу, жіктеу дағдысы бағаланады.

2) сын есімді зат есіммен байланыстыру

Тапсырма: суретке қарап, затты сипаттап сөйлем құрастыр.

Мысал: (көлік суреті) → Бұл – қызыл көлік. (кітап суреті) → Жаңа кітап үстелдің үстінде жатыр.

Сын есім мен зат есімнің грамматикалық байланысы бағаланады.

3) сөйлемдегі сөз тәртібі

Тапсырма: аралас сөздерден сөйлем құрастыр.

Мысал: [бақшада, балалар, ойнап, жүр] → Балалар бақшада ойнап жүр.

Сөйлем құрылымын сақтау, сөз тәртібін реттеу бағаланады.

4) сұрақтарға жауап беру (грамматикалық толық жауаппен)

Мысал: Не істеді? – Кітап оқыды. Қайда бардың? – Дүкенге бардым.

Толық, дұрыс жауап және сөздің грамматикалық формасы бағаланады.

5) етістікті түрлендіру

Тапсырма: етістікті шақтар мен жақтар бойынша түрлендір.

Мысал: жүгіру: мен жүгірдім, сен жүгірдің, ол жүгірді. Келу: келемін, келдің, келеді.

Етістіктің шақ және жаққа байланысты өзгеруі бағаланады.

Бағалау критерийлері

Деңгей

Сипаттамасы

Жоғары	Барлық тапсырманы толық әрі дұрыс орындайды, грамматикалық формаларды еркін қолданады.
Орташа	Кейбір грамматикалық түрлендірулерде қате бар, бірақ сөйлем құрауда қиындық жоқ.
Төмен	Сөздерді түрлендіруде қиналады, сөйлем құруда көмекті қажет етеді.

Диагностикалық парақ

Тақырыбы: грамматикалық құрылымдарды меңгеруін бағалау
(Н.И. Гуткина әдістемесі бойынша)

Білім алушының аты-жөні: _____

Күні: _____

Педагогтың аты-жөні: _____

Нұсқаулық: төмендегі тапсырмалар арқылы білім алушының грамматикалық құрылымдарды меңгеру деңгейін тексеру. Әр тапсырманы орындау барысында білім алушының қателері мен жетістіктерін белгілеп отыру.

Тапсырмалар

№	Тапсырма мазмұны	Бағалау критерийлері	Қорытынды (түсінігі бар/барлығы меңгерген/қателері бар)
1	Сөйлемдегі сөздердің дұрыс байланысын тексеру	Сөйлемдегі сөздердің дұрыс синтаксистік байланысы	
2	Құрамында грамматикалық форма (жекеше/көпше, септік) бар сөздерді табу	Дұрыс формаларды анықтау және қолдану	
3	Сөйлемді дұрыс құрылыспен аяқтау	Сөйлемнің мағынасына сай толық және дұрыс құрылым	
4	Берілген сөздерден дұрыс сөйлем құрастыру	Сөздердің реті мен синтаксистік байланысын сақтау	
5	Сөйлемде грамматикалық қатені табу және түзету	Қателерді анықтап, түзетулер енгізу	

Білім алушы грамматикалық құрылымдарды меңгерген:

Қателері бар, қосымша жұмыс қажет: ☐

Басқа ескертпелер: _____

Н.Л. Скуратовская әдістемесі бойынша сөздік қор деңгейін анықтау әдістемесінің мақсаты: білім алушылардың сөздік қорын анықтау, соның ішінде белсенді және енжар сөздік қор деңгейін бағалау арқылы тілдік дамуының сапалық және сандық ерекшеліктерін айқындау.

Қолдану аясы: бастауыш білім беру кезеңіндегі балалардың тілдік дамуын диагностикалауға бағытталған. Педагогтер мен логопедтер тарапынан баланың сөйлеу ерекшеліктерін бағалау, даму деңгейін саралау және жеке даму траекторияларын құру үшін қолданылады.

Әдістеме үш негізгі бағыт бойынша жүргізіледі:

1) белсенді сөздік қорды анықтау: білім алушыға түрлі тақырыптардағы (үй жануарлары, көлік, ыдыс-аяқ, киім, ойыншықтар және басқа) заттардың бейнеленген суреттері ұсынылады. Педагог баладан суретке сәйкес заттың атауын айтуын сұрайды. Бұл тапсырма арқылы баланың еркін сөйлеу кезінде қолданатын сөздердің ауқымы анықталады.

2) енжар сөздік қорды анықтау: педагог белгілі бір сөздерді дауыстап айтып, білім алушыдан соған сәйкес суретті көрсетуін немесе әрекетті орындауын сұрайды (мысалы: «Қоянды көрсет», «Қасықты таңда» және басқа). Бұл тапсырма арқылы баланың сөз мағынасын түсіну және тану қабілеті бағаланады.

3) жалпылау және нақтылау қабілетін бағалау: білім алушыдан бірнеше нақты затты біріктіретін жалпылаушы сөзді атауы сұралады (мысалы: алма, алмұрт, шие – жемістер). Бұл тапсырма логикалық жіктеу дағдыларын, мағыналық байланысты орнату қабілетін айқындауға бағытталған.

Бағалау нәтижесі: баланың сөздік қорының даму деңгейі төмендегіше сипатталады:

Деңгей

Сипаттамасы

Жоғары	Сөздердің 80% және одан да көбін дұрыс таниды және қолданады.
Орташа	50–79% аралығында сөздерді дұрыс түсінеді және қолданады.
Төмен	50%-дан аз сөздерді меңгерген, түсіну мен атауда қиындық бар.

Бұл әдістеме баланың сөздік қорын жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді және тілдік дамудағы ауытқуларды ерте кезеңде анықтауға септігін тигізеді. Диагностикалық деректер баланың коммуникативтік қабілетін жетілдіруге бағытталған педагогикалық және логопедиялық жұмыстарды жекешелендіруге негіз болады.

Диагностикалық парақ

Әдістеме атауы: Н.Л. Скуратовская әдістемесі

Бағыты: сөздік қор деңгейін анықтау

Білім алушының аты-жөні: _____

Күні: _____

Педагогтың аты-жөні: _____

1-бөлім: сурет бойынша сөздікті анықтау (актив сөздік қор)

Нұсқаулық: балаға түрлі тақырыптар бойынша (үй жануарлары, киімдер, көлік, ыдыс-аяқ, ойыншықтар және т.б.) 5–6 суреттен тұратын бірнеше топ суреттер көрсетіледі.

Тапсырма: «Не көріп тұрсың?», «Мынау не?» деген сұрақтар қойылады.

№	Тақырып	Суреттер саны	Білім алушы атаған сөздер саны	Ескерту
1	Жануарлар	6		
2	Киім	5		
3	Ыдыс-аяқ	5		
4	Көлік	5		
5	Ойыншықтар	6		
	Жалпы саны			

2-бөлім: сөздерді түсіну деңгейін анықтау

Нұсқаулық: педагог балаға белгілі бір сөзді айтып, «Көрсет», «Таңда» деген сияқты нұсқаулық береді.

№	Сөз	Түсінді ме (✓/Х)	Ескерту (шатасты ма, дұрыс түсінді ме)
1	Қасық		
2	Қой		
3	Қарындаш		
4	Қолғап		
5	Жүк көлігі		
6	Сорпа		

Ескерту: Сөздер баланың жасына қарай таңдалады).

3-бөлім: заттың атауын нақтылау және жалпылау

Нұсқаулық: «Бұлардың бәрін бір сөзбен қалай айтуға болады?»

Мысалы: алма, алмұрт, шие → Жемістер

№	Сөздер тобы	Жалпылаушы сөз	Дұрыс жауап (✓/Х)	Ескерту
1	Мысық, ит, сиыр			
2	Көйлек, шалбар, жейде			
3	Қасық, шанышқы, пышақ			

Бағалау шкаласы (үлгі):

Сөздік қор деңгейі	Сипаттамасы
Жоғары	80%+ сөздерді дұрыс таниды және атайды
Орташа	50–79% сөздерді дұрыс қолданады
Төмен	50%-дан аз, түсіну мен атауда қателер көп

Қорытынды:

Белсенді сөздік қор: _____

Енжар сөздік қор: _____

Қиындықтар / Ескертпелер: _____
Ұсыныстар: _____

Сөйлеуді байланыстырып жеткізу диагностикасы – монолог және диалог түріндегі сөйлеу дағдыларын бағалауға бағытталған әдістеме. Бұл диагностика білім алушылардың тілдік қарым-қатынасқа түсу, өз ойын жүйелі, ретпен және түсінікті түрде жеткізе білу қабілеттерін анықтауға мүмкіндік береді.

Мақсаты – білім алушылардың байланыстырып сөйлеу қабілетін бағалау, атап айтқанда, олардың монолог және диалог түріндегі сөйлеу дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау. Монолог кезінде білім алушы белгілі бір тақырып аясында өз ойын ретімен, логикалық бірізділікпен, мазмұнды және тиянақты түрде жеткізуге тиіс. Диалог барысында білім алушы сұхбаттасуға белсенді қатысып, сұрақтарға нақты жауап беруі, пікірін білдіруі, сұхбаттасушыға қарсы уәж айтуы немесе ойды дамытуы қажет.

Қолдану аясы – бұл әдістеме бастауыш білім беру деңгейінде баланың коммуникативтік дағдыларын бағалау үшін қолданылады. Диагностикалық тапсырмалар білім алушының сөйлеудегі белсенділігін, сөздік қорын, сөйлем құрау дағдысын, мазмұн құру, әңгімелесу мәдениеті мен логикалық байланыстарды сақтауын бағалауға бағытталған.

Сөйлеу диагностикасы арқылы білім алушының тілдік дағдылары жайлы нақты мәліметтер алынады және осы мәліметтер негізінде түзету-дамыту жұмыстары жоспарланады.

Диагностикалық бөлімдері:

1) монолог түріндегі сөйлеу дағдыларын бағалау. Бұл бөлімде білім алушының өз ойын жүйелі, құрылымды және мазмұнды түрде жеткізе білу қабілеті сараланады. Монолог түрінде сөйлеу барысында білім алушы белгілі бір тақырыпқа немесе жағдайға байланысты әңгіме құрастырып, ойын ретімен баяндауға тиісті.

Мақсаты – білім алушының бірізді, логикалық құрылымы бар және мазмұнға сай сөйлеу қабілетін анықтау.

Тапсырма түрлері:

- сурет бойынша әңгіме құрастыру (мысалы, «Қыста серуен», «Дүкендегі жағдай»);
- белгілі бір тақырыпқа қысқаша әңгіме айту (мысалы, «Менің отбасым», «Менің сүйікті ойыншықтарым»);
- оқиғаны реттілікпен баяндау (оқиғаның басталуы – дамуы – қорытындысы).

Бағалау критерийлері:

- сөйлеудің құрылымдылығы (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды);
- сөздік қордың жеткіліктілігі;
- грамматикалық сауаттылық;
- логикалық байланыстардың болуы;
- сөйлемдер мен ойлардың бірізділігі.

2) диалогтік сөйлеу дағдыларын бағалау. Бұл бөлім білім алушының тілдік қарым-қатынасқа түсу, сұрақтар мен жауаптар арқылы байланыс орнату, әңгімені бастау, қолдау және пікір білдіру қабілетін бағалауға бағытталған. Диалог – коммуникативтік дағдының маңызды көрсеткіші, сондықтан бұл диагностика білім алушының серіктеспен өзара әрекеттесуін жан-жақты талдауға мүмкіндік береді.

Мақсаты – білім алушының сұрақ-жауап арқылы тілдесу, әңгімені қолдау, тыңдаушы ретіндегі белсенділігі мен серіктеспен қарым-қатынас орната білу қабілетін анықтау.

Тапсырма түрлері:

- педагогпен қарапайым сұхбат (мысалы: «Қалай ойлайсың, не істеді?», «Саған не ұнайды?»);
- рөлдік ойындар (мысалы: «Дүкенде», «Қонақта», «Телефонмен сөйлесу»);
- сюжетті сурет бойынша сұрақтар қою және жауап беру арқылы диалог құрастыру.

Бағалау критерийлері:

- сұрақтарға жауаптың толықтығы мен нақтылығы;
- сөйлеу әрекетінің бастамашылдығы (өзінен сұрақ қою, әңгімені жалғастыру);
- диалогтік байланыс құру қабілеті;
- сөйлеу қарқыны мен анықтылығы;
- этикалық нормаларды және сөз әдебін сақтау.

Бағалау нәтижелері:

Деңгей	Сипаттамасы
Жоғары	Монолог пен диалогта еркін сөйлеу, мазмұнды әрі байланыстырып жеткізе білу дағдысы қалыптасқан.
Орташа	Ойды жеткізу барысында жеңіл қиналыс байқалады, бірақ сөйлеу құрылымы мен мазмұны негізінен сақталған.
Төмен	Сөйлеу үзік-үзік, логикалық байланыс әлсіз, сөздік қоры шектеулі, сөйлеуде белсенділік төмен.

Байланыстырып сөйлеу диагностикасы – білім алушының тілдік және коммуникативтік құзыреттілігін анықтайтын маңызды құрал. Монологтік және диалогтік сөйлеу дағдыларын жүйелі бағалау арқылы педагог баланың тілдік дамуына қажетті қолдау мен түзету жұмыстарын ұйымдастыруға мүмкіндік алады.

Диагностикалық тапсырмалар жинағы

(Монолог және диалог түріндегі сөйлеу дағдыларын анықтауға арналған)

1-бөлім. Монолог түріндегі сөйлеу дағдысын анықтау

1-тапсырма: сурет бойынша әңгіме құрастыру

Ресурс: сюжетті сурет (мысалы: «Балалар аулада ойнап жүр»)

Нұсқаулық:

- суретке мұқият қара. Не болып жатыр? Бұл балалар не істеп жатыр? деген сұрақтарға жауап беру.

- оқиғаның қалай басталғанын, қалай жалғасқанын, қалай аяқталғанын айтып беру.

Бағалау: білім алушының байланыстырып сөйлеу дағдысын бағалау барысында бірнеше негізгі аспектілерге назар аударылады. Ең алдымен, әңгіменің құрылымына мән беріледі. Білім алушы өз әңгімесін белгілі бір жүйемен – басталуынан бастап, оқиға дамуы мен қорытындысына дейін – ретімен жеткізе білуі тиіс. Бұл құрылымдылық оның ойлау мен баяндау қабілетінің қалыптасқанын көрсетеді. Сондай-ақ, сөйлеу барысында қолданылатын сөздердің өзара байланысына ерекше назар аударылады. Білім алушы сөйлемдерді бір-бірімен қисынды түрде байланыстырып, мәтін ішінде ойдың тұтастығын сақтауы керек. Лексикалық байлық та бағалаудың маңызды өлшемдерінің бірі болып табылады. Бұл – білім алушының сөздік қорының молдығы мен алуан түрлілігін, жаңа сөздерді дұрыс қолдана білуін сипаттайды. Тақырыпқа сәйкес түрлі сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана алуы оның тілдік дамуының жоғары деңгейін көрсетеді. Соңында, білім алушының түйін жасау қабілеті бағаланады. Ол өз ойын қорытындылай отырып, негізгі мағынаға тоқталып, әңгіменің мазмұнын жинақтай білуі қажет. Бұл қабілет білім алушының логикалық ойлауын және тілдік тұжырым жасау дағдысын көрсетеді.

2-тапсырма. Белгілі тақырыпқа әңгіме құрау

Тақырыптар үлгісі: «Менің сүйікті ойыншығым»; «Менің отбасым»; «Мектепке алғаш барған күнім».

Нұсқаулық: берілген тақырыпта әңгіме құрап айту.

Бағалау: білім алушының байланыстырып сөйлеу дағдысын бағалауда сөйлеу логикасы, қиял мен есте сақтау қабілеті, сондай-ақ сөйлемнің толықтығы ескеріледі. Ең алдымен, сөйлеу логикасына назар аударылады. Бұл дегеніміз – білім алушының ойын ретімен, бірізділікпен жеткізе білуі, сөйлемдер мен ойлардың өзара байланысты әрі мазмұнды болуы. Логикалық байланыстың болуы білім алушының тілдік қатысымда жүйелі ойлай алатынын көрсетеді. Сонымен қатар, білім алушының қиялы мен есте сақтау қабілеті де маңызды рөл атқарады. Әңгіме құрастыруда ол бұрын көрген, естіген немесе өз қиялында елестеткен мазмұнды толық бейнелей алуы тиіс. Бұл көрсеткіш баланың танымдық процестерінің тілдік дамуымен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Сөйлемнің толықтығы да бағалау барысында ескеріледі. Білім алушы сөйлемдерін толық, грамматикалық жағынан дұрыс құрып, мағыналық жағынан аяқталған ойлар айтуы тиіс. Бұл оның тілдік бірліктерді дұрыс қолданып, өз ойын нақты жеткізе алу қабілетін көрсетеді.

3-тапсырма. Суреттер тізбегі бойынша оқиға құрау

Ресурс: 3–4 бірізді сурет (мысалы: «Сәбидің серуенге дайындығы»)

Нұсқаулық: суреттерді ретімен қойып, оқиғаны толық әңгімелеп бер.

2-бөлім. Диалогтік сөйлеу дағдысын анықтау

1-тапсырма. Сұрақ-жауап әңгімесі

Нұсқаулық (педагог қояды):

- қалай ойлайсың, мына балақай неге жылады?
- сен осындай жағдайда не істер едің?
- саған ең ұнайтын тағам қандай?

Бағалау: білім алушының диалог түрінде сөйлеу дағдысын бағалауда ең алдымен сұрақты түсіну қабілетіне мән беріледі. Бұл – білім алушының тыңдалған ақпаратты дұрыс қабылдап, сұрақтың мазмұнын нақты түсіну деңгейін көрсететін маңызды көрсеткіш. Сұрақты толық түсінген жағдайда ғана ол мағыналы әрі сәйкес жауап бере алады. Келесі бағалау өлшемі – жауаптың толықтығы. Білім алушы берілген сұраққа қысқа ғана емес, мағыналық жағынан жан-жақты, түсінікті және байланысы бар жауап құра білуі тиіс. Бұл тілдік қор мен ойды жеткізу дағдысының қалыптасқанын білдіреді. Сондай-ақ сөйлеу қарқыны мен айтылымның анықтығы да маңызды. Білім алушы өз ойын тым баяу не асығыс емес, тыңдаушыға түсінікті әрі анық жеткізуі қажет. Дыбыстарды дұрыс айтуы, сөйлеу ырғағы мен дауыс мәнері тілдік қарым-қатынастың сапасын арттырады және коммуникацияның тиімділігін қамтамасыз етеді.

2-тапсырма. Рөлдік ойын (жағдаяттық сөйлесу).

Сюжеттер:

«Дүкенде»: сатушы мен сатып алушы

«Дәрігерде»: дәрігер мен науқас

«Қонаққа бару»: қонақ пен үй иесі

Нұсқаулық: рөлді таңау және диалог құру.

Бағалау: білім алушының диалогтік сөйлеуін бағалауда рөлдік сөйлесудің табиғилығы басты назарда болады. Бұл көрсеткіш білім алушының рөлге еніп, шынайы өмірлік жағдаятқа сәйкес еркін әрі сенімді сөйлеуін білдіреді. Табиғи сөйлеу – жаттанды емес, нақты жағдаятқа бейімделген, серіктеске бағытталған жауаптардың болуын талап етеді. Сонымен қатар этикалық нормаларды сақтау – білім алушының сөйлеу барысында сыпайылық, әдептілік, тыңдаушыны құрметтеу сынды коммуникативтік мәдениет элементтерін қолдана білу деңгейін көрсетеді. Сөйлеу кезінде амандасу, рақмет айту, кешірім сұрау сияқты тілдік формалардың қолданылуы осы өлшем аясында бағаланады. Диалогтік репликалар саны мен сапасы – білім алушының диалог барысында қаншалықты белсенді екенін және оның айтылымдары қаншалықты мазмұнды, байланысты, түсінікті екенін сипаттайды. Бұл критерий білім алушының тілдік қатысымға қатысу белсенділігі мен сөйлеу репликаларының тілдік және мағыналық деңгейін саралауға мүмкіндік береді.

3-тапсырма. Сюжетті сурет бойынша диалог құрастыру

Ресурс: 2 кейіпкері бар сурет (мысалы: бала мен анасы)

Нұсқаулық: қалай ойлайсың, олар не туралы сөйлесіп жатыр? Екеуінің диалогін құрастыр.

Бағалау парағы үлгісі

Аты-жөні	Монолог құрылымы	Сөздік қоры	Байланыстылық	Диалог қатысуы	Сұраққа жауап	Жалпы баға

Бақылау парағы: сөйлеуді байланыстырып жеткізу диагностикасы бойынша (монолог және диалог түріндегі сөйлеу дағдыларын анықтау)

№	Білім алушының аты-жөні	Монолог құрылымы (басы, дамуы, соңы)	Сөздік қорының байлығы	Логикалық байланыс	Диалогке қатысу белсенділігі	Сұраққа жауап нақтылығы	Жалпы бағалау (жоғары, орташа, төмен)	Ескерту
1								

Логопедиялық суреттермен жұмыс

Мақсаты: сюжетті суреттер арқылы балалардың байланыстырып сөйлеуін, сөздік қорын, сөйлеу белсенділігін дамыту.

Сюжетті суретпен жұмыс түрлері:

1) сурет бойынша әңгіме құрастыру. Мақсаты: сөйлемдер құрастыра білу, ой жүйелілігін қалыптастыру.

Нұсқаулық:

- Суретке қара. Не болып жатыр?
- Бұл қай мезгіл?
- Кейіпкерлер не істеп жатыр?
- Сен бұл жағдайда не істер едің?

Бағалау: білім алушының монолог немесе байланыстырып сөйлеу дағдыларын бағалауда сөйлемдердің толықтығы маңызды рөл атқарады. Бұл өлшем бала сөйлемді толық құрылыммен – бастауыш, баяндауыш және өзге мүшелерімен дұрыс құра ала ма, ойды толық жеткізе ме деген сұрақтарға жауап береді. Толық сөйлемдер – тілдің грамматикалық жағынан дұрыс әрі мағыналық жағынан тұтас құрылымының көрінісі. Хронологиялық ретпен баяндау қабілеті – оқиғаның немесе әңгіме мазмұнының логикалық жүйелілікпен: басталуы, дамуы, аяқталуы бойынша баяндалуын білдіреді. Бұл дағды білім алушының оқиғаның уақыттық ретін сақтай отырып, дәйекті баяндау қабілетін сипаттайды. Сөздік қорды қолдану деңгейі – білім алушының тақырыпқа сай, мағыналы, нақты сөздерді тандай білуі мен оларды сөйлеуде орынды қолдануын көрсетеді. Бұл көрсеткіш баланың тіл байлығын, сөз тіркестері мен сөздердің синонимдік, антонимдік, жалпылама-мағынасына сай қолданысын бағалауға мүмкіндік береді.

2) «Не дұрыс емес?» әдісі

Мақсаты: назарын шоғырландыру, логикалық ойлауды дамыту.

Ресурс: қате белгілері бар сюжетті сурет (мысалы, бала аяқ киімді қолына киген).

Нұсқаулық:

- суретке қара. Бұл жерде не дұрыс емес?

- сен қалай түзетер едің?

3) суреттер тізбегі бойынша әңгіме құрау

Мақсаты: оқиға желісін жалғастыра отырып сөйлеуді дамыту.

Ресурс: 3-4 ретпен берілген сурет (мысалы: «Қоянның орманға саяхаты»).

Нұсқаулық: суреттерге кезекпен қарап, оқиғаны әңгімелеп бер.

4) кейіпкер атынан сөйлеу

Мақсаты: эмоцияны жеткізе білу, монолог дағдысын дамыту.

Нұсқаулық: осы баланың (қыздың, жануардың) орнына өзінді қой. Ол не айтады?

Бақылау парағы үлгісі:

№	Білім алушының аты-жөні	Әңгіменің құрылымы	Сөздік қор	Белсенділігі	Түсінуі мен жауап беруі	Жалпы деңгейі	Ескерту
1							

Қолданылатын көрнекі құралдар:

Мезгілдік көріністер (жазғы демалыс, қысқы ойындар)

Отбасылық сюжеттер: «Дүкенде», «Дәрігерде», «Ас үйде» сияқты жағдаяттық суреттер.

Үй жануарлары, жабайы аңдар қатысқан суреттер

Әрекетке құрылған комикс-бейнесуреттер (3-4 кадрдан тұратын)

Сюжетті суреттер логопедиялық жұмыс барысында сөйлеуді белсендіруге, сөздерді дұрыс қолдануға, байланыстырып сөйлеуге үйретудің тиімді құралы болып табылады. Педагог немесе логопед суреттер бойынша сұрақтар қою, жауапты толықтырып айту, оқиғаны жалғастыру сияқты тәсілдерді жүйелі түрде қолдануы керек.

1-сынып

Мақсаты: сөйлем құрау, сөздік қорды байыту, негізгі оқиға желісін түсіну.

Аулада ойнап жүрген балалар; дүкендегі ана мен бала; үй жануарларын күтіп жатқан бала және т.б. тақырыптардағы сюжетті суреттер.

Тапсырмалар:

- Суретке қарап бір сөйлем құрастыр.
- Балалар не істеп жатыр?
- Сен бұл жерде болғың келе ме? Неге?
- Суретке ат қой.
- Сурет бойынша қысқа әңгіме құрастыр (3-4 сөйлем).

2-сынып

Мақсаты: қарапайым оқиғаларды байланыстыра сөйлеу, сөйлемдер құрастыруда әртүрлі сөз тіркестерін пайдалану.

Қыс мезгілінде шанамен сырғанап жүрген балалар; әжесіне көмектесіп жүрген бала; орманда серуендеп жүрген отбасы және т.б. тақырыптағы суреттер.

Тапсырмалар:

- суреттегі оқиға қай кезде болып жатыр?

- әңгімені 3 бөлікте айтып бер: басы, ортасы, соңы.
- бір кейіпкерді таңдап, сол атынан сөйлеп көр.
- бұл суреттегі жағдай саған таныс па?
- қосымша бір оқиғаны ойдан құрастыр (қиялдау дағдысы).

3-сынып

Мақсаты: сөйлеу құрылымының логикасын сақтау, байланыстырып сөйлеуді кеңейту.

Табиғат аясына экскурсия; кітапханадағы балалар; сабақ айтып тұрған бала және т.б. тақырыптарындағы сюжетті суреттер.

Тапсырмалар:

- суреттегі оқиға қалай басталды деп ойлайсың?
- қай кейіпкердің орнында болғың келеді? Неге?
- қосымша сурет сал: оқиғаның жалғасы қандай болмақ?
- сурет бойынша 5 сөйлемнен тұратын монолог айт.
- диалог құрастыр: 2 кейіпкердің әңгімесін ойлап тап.

4-сынып

Мақсаты: толық мазмұнды монолог құрастыру, диалогті жүргізу, өз ойын дәлелдеу.

Ауылдағы жазғы демалыс; «Менің арманым» тақырыбындағы сурет; мектеп ішіндегі іс-шара және т.б. тақырыптағы сюжетті суреттер.

Тапсырмалар:

- суреттің мазмұнына сай қысқа шығарма жаз.
- 2 кейіпкер арасында диалог құрастыр (кемі 4-5 реплика).
- өз пікіріңді айт: саған бұл сурет ұнай ма, неліктен?
- суреттегі оқиғаға басқа аяқталу ойлап тап.
- суретті сипаттай отырып, 8-10 сөйлемнен тұратын әңгіме құрастыр.

Тыныс алу және артикуляциялық жаттығулар

Сөйлеу тілін дамытуда тыныс алу мен артикуляциялық дағдылардың орны ерекше. Бұл дағдылар сөйлеу моторикасымен тығыз байланысты болғандықтан, оларды ерте кезеңде диагностикалау және қажетті түзету жұмыстарын ұйымдастыру маңызды. Мұндай жұмыстар білім алушылардың сөйлеу мүмкіндіктерін жақсартуға, демді дұрыс пайдалануға, сөйлеу ырғағы мен анықтығын қалыптастыруға ықпал етеді.

Тыныс алу дағдыларын бағалау – бастапқы диагностикалық кезеңнің басты міндеттерінің бірі. Бұл бағыттағы жұмыс баланың дұрыс тыныс алуын қалыптастыруға, сөйлеу барысында тынысты үнемдеп жұмсауға және өкпенің жұмысын тиімді пайдалануға бағытталады. Осы мақсатта түрлі ойын түріндегі жаттығулар пайдаланылады.

Мысалы, «Шамды үрлеу» жаттығуында бала көз алдына жанып тұрған шамды елестетіп, оны сөндіретіндей етіп баяу, бірақ күшпен үрлейді. Бұл жаттығу тыныс шығаруды ұзартып, оны басқаруға көмектеседі.

«Қағаз көбелек» жаттығуында балалар үстелге қойылған қағаз көбелекті үрлеп ұшырады. Мұндай әрекет тыныс күшін дәл бағыттауға, демді бақылауға және үйлестіруге мүмкіндік береді.

«Кемені жүздіру» тапсырмасы кезінде су бетіне қойылған қағаз қайық үрлеу арқылы қозғалысқа келтіріледі. Бұл жаттығу тынысты басқару қабілетін дамытуға арналған.

«Мұрындағы ауа» жаттығуында балалар мұрынмен терең тыныс алып, ауыздарын ашпай, тек мұрын арқылы баяу және біркелкі түрде тыныс шығарады. Бұл – мұрын арқылы тыныс алу дағдысын жетілдіру үшін қолданылатын тиімді әдіс.

Барлық жаттығулардың орындалуында келесі бағалау критерийлері негізге алынады:

- дем алу мұрын арқылы жүзеге асуы;
- дем шығару ауыз арқылы, баяу және бірқалыпты болуы;
- тыныс ұзақтығы баланың жас ерекшелігіне сай 4–6 секунд көлемінде болуы тиіс.

Осы жаттығулар баланың сөйлеу тынысын реттеп қана қоймай, артикуляциялық мүшелердің қызметін үйлестіруге, сөйлеу барысында демнің үзіліссіз әрі тиімді бөлінуіне дағдыландырады. Нәтижесінде сөйлеу сапасы артып, тілдік коммуникация жеңілдей түседі.

Артикуляциялық моториканы дамыту жаттығулары

Сөйлеу тілінің қалыптасуында артикуляциялық моториканың маңызы зор. Тіл, ерін, жақ бұлшықеттерінің үйлесімді, нақты және бағытталған қозғалыстары сөйлеу процесінің негізін құрайды. Осы бағыттағы диагностикалық жұмыстар балалардың сөйлеу аппаратындағы қимыл-қозғалыс үйлесімділігін бағалауға, сөйлеуге қажетті мүшелерді жаттықтыруға және дыбыстардың дұрыс қалыптасуына жағдай жасауға бағытталады.

Артикуляциялық дағдыларды қалыптастыру үшін ойын элементтеріне негізделген келесі жаттығулар жиі қолданылады:

«Тілге арналған сырғанаушы» жаттығуында бала аузын ашып, тілімен жоғарғы және төменгі тістерге кезекпен тигізеді. Бұл жаттығу тілдің дәлдігі мен икемділігін арттыруға көмектеседі, сөйлеу барысында артикуляциялық дәлдікті қамтамасыз етеді.

«Сағат тілі» жаттығуында бала аузын ашып, тілін сағат тілі бағытымен және оған кері бағытта айналдырады. Тіл бұлшықеттерінің серпімділігі мен қозғалыс ауқымын арттыратын бұл әрекет сөйлеудің еркіндігіне оң әсер етеді.

«Дәмді тосап» жаттығуында бала тілмен еріндерін жалап тұрғандай айналдыра қозғалыс жасайды. Мұндай жаттығу артикуляциялық мүшелердің үйлесімділігін жетілдіріп, сөйлеу мүшелерінің бірлескен қозғалысын жақсартады.

«Күлкі мен тұмсық» жаттығуында бала алдымен ернін кең ашып, күлімсірейді, кейін ернін түтік тәрізді жиырады. Бұл жаттығу ерін

бұлшықеттерінің икемділігін және басқару қабілетін арттырады, сөйлеу кезінде артикуляциялық дәлдікке үйретеді.

«*Ат шабады*» жаттығуында бала тілін таңдайға соғып, «тэк-тэк-тэк» деген дыбыстарды шығарады. Бұл тіл мен таңдайдың үйлесімді қозғалысын дамытып, сөйлеуге қажетті моторлық әрекеттердің дәлдігін қалыптастырады.

Барлық жаттығулардың орындалу барысында келесі бақылау өлшемдері ескеріледі:

- қимылдардың дәлдігі мен үйлесімділігі;
- қозғалыстың еркіндігі және симметриялылығы;
- жаттығу ретін түсіну және оны өздігінен орындау мүмкіндігі.

Артикуляциялық моториканы жүйелі түрде дамыту балалардың сөйлеу дағдыларын жетілдіруге, дыбыстарды анық айтуға, сөйлеу тілінің сапасын арттыруға ықпал етеді. Бұл жаттығулар тілдік кедергілердің алдын алуда және балалардың жалпы коммуникативтік қабілетін дамытуда тиімді құрал болып табылады.

Фонациялық тыныс және дыбыстау диагностикасы

Мақсаты: білім алушының дем шығару процесі мен дыбыстау әрекетінің өзара үйлесімділігін, яғни фонациялық тыныс пен дыбысты созып айту қабілетін бағалау. Бұл диагностика сөйлеу кезінде тыныс пен дауыс механизмінің үйлесімді жұмыс істеуін бақылауға мүмкіндік береді.

Тапсырмалар:

- бір деммен созылып айтылатын дауысты дыбыстарды айту: «а», «о», «у» – дыбысты созып, мүмкіндігінше бір деммен айту;
- қысқа буындарды баяу дауыс ырғағымен қайталап айту: «па-па», «ту-ту», «ма-ма» – дауыс анық, біркелкі, ырғақты және тынысқа сәйкес болуы тиіс.

Бағалау критерийлері:

- дыбыстың ұзақтығы – дыбысты бір деммен қаншалықты ұзақ әрі тұрақты созып айту қабілеті;
- дауыстың анықтылығы – дыбыстың көмескі шықпауы, дірілсіз әрі таза естілуі;
- тыныстың жеткіліктілігі мен күштенудің болмауы – демнің жетіспеу белгілері немесе дыбыстау кезінде артық бұлшықет күштенуі байқалмауы керек.

Мониторинг (үздіксіз бақылау және даму динамикасын тіркеу)

Фонациялық тыныс пен дыбыстау дағдыларының дамуын қадағалау мақсатында мониторинг жүйелі түрде жүргізіледі. Ол білім алушының бастапқы, аралық және қорытынды даму динамикасын бақылауға мүмкіндік береді.

Мониторинг өткізу кезеңдері:

- бастапқы кезең – оқу жылының басында (қыркүйек);
- аралық кезең – әр тоқсан соңында (қазан, желтоқсан, наурыз);
- қорытынды кезең – оқу жылының соңында (мамыр).

Мониторинг құралдары:

- сөйлеу картасы (логопедиялық бақылау парағы): білім алушының сөйлеу және тыныс дағдылары бойынша дербес мәліметтер енгізіледі;

- арнайы бақылау бланкілері: әр білім алушыға жеке толтырылады;
- видеожазба: жаттығу барысындағы әрекеттерді бейнежазбаға түсіріп, кейін талдау арқылы дыбыстау сапасын, демнің ұзақтығын және тыныс үйлесімділігін бағалау жүргізіледі.

Мониторинг нәтижелері білім алушының фонациялық тыныс пен дыбыстау қабілеттерін жетілдіру бағытындағы түзету-дамыту жұмыстарын жоспарлауға негіз болады.

5-кесте – Мониторинг нәтижелерін бағалау

Деңгей	Сипаттамасы
Жоғары	Жаттығуларды еркін, дәл және ырғақпен орындайды
Орташа	Кей жаттығуларда дәлсіздік бар, тұрақсыздық байқалады
Төмен	Жаттығуларды орындауда қиындықтар бар, қимыл шектелген

Диагностика мен мониторинг нәтижелері арқылы сөйлеу мүшелерінің моторикасын жақсартуға бағытталған жеке немесе топтық түзету жұмыстары жоспарланады. Жетістік динамикасы білім алушының сөйлеу тілінің даму қарқынын, тыныс алу мен артикуляциялық дағдылардың қалыптасу деңгейін нақты анықтауға мүмкіндік береді

Көрнекілікпен жұмыс барысында қолданылатын ойын әдістері баланың қабылдауын, зейінін, ойлауын және тілін белсендіреді. Ойын – бала үшін табиғи әрекет, ал көрнекілік оны нақты әрі қызықты етеді.

Көрнекілік түрлері: суреттер мен иллюстрациялар.

Танымдық және тілдік процестерді ойын арқылы дамыту бойынша диагностика мен мониторингтің мақсаты: білім алушылардың танымдық белсенділігі мен тілдік қабілеттерін ойын әдістері арқылы дамыту деңгейін анықтау, диагностикалау және оқу процесінде жетістіктерін жүйелі бақылау.

Диагностика (бастапқы кезең)

Бастапқы диагностика білім алушылардың танымдық және тілдік даму ерекшеліктерін анықтап, әрі қарайғы түзету-дамыту жұмыстарының мазмұнын жоспарлауға негіз болады. Бұл кезеңде балалардың зейін, есте сақтау, қиял, ойлау сияқты негізгі психикалық процестері мен тілдік дағдылары кешенді түрде бағаланады. Диагностикалық жұмыс ойын әдістерімен үйлестіріле отырып, білім алушының әлеуетін табиғи әрі белсенді жағдайда бақылауға мүмкіндік береді.

1) танымдық процестерді диагностикалау

Зейін: «Нені байқап тұрсың?» әдісі бойынша балаларға бірнеше ұқсас сурет ұсынылып, айырмашылықтарды табу ұсынылады. Бұл зейіннің шоғырлану, тұрақтылық және бөліну қасиеттерін бағалауға көмектеседі.

Есте сақтау: 5–6 суреттен тұратын қатар көрсетіледі, білім алушы оларды есте сақтап, көзден таса болғаннан кейін айтып шығуы қажет. Бұл тәсіл көрнекі есте сақтау көлемін анықтауға бағытталады.

Қиял: балаларға «ертегі кейіпкерін ойлап тауып, сипатта» деген тапсырма беріледі. Бұл олардың қиял ұшқырлығын, бейне құрау қабілетін, образдық ойлауын бағалауға мүмкіндік береді.

Логикалық ойлау: логикалық тізбектер құрастыру (мысалы, «жыл мезгілдері», «күн тәртібі», «табиғаттағы құбылыстар» т.б.) арқылы баланың себеп-салдарлық байланысты орната білуі мен реттілікті түсінуі сараланады.

2) тілдік процестерді диагностикалау

Сөздік қоры: білім алушыдан түрлі заттарды атау, берілген сөзге синоним немесе антоним табу сұралады. Бұл тапсырмалар сөз байлығын, мағыналық реңктерді түсіну деңгейін көрсетеді.

Байланыстырып сөйлеу: сюжеттік сурет негізінде әңгіме құрастыру тапсырмасы арқылы бала ойды байланыстыру, сөйлем құрау, оқиғаны жүйелі жеткізу дағдыларын көрсете алады.

Грамматикалық құрылым: «Сөйлемді дұрыс аяқта» немесе «сөздердің байланысын тап» сияқты тапсырмалар грамматикалық нормаларды меңгеру деңгейін, сөйлем ішіндегі сөздердің үйлесімділігін бағалайды.

3) ойын әдістерін пайдалану

«*Сиқырлы қатшық*»: балалар затты сипап көріп, оны сипаттау арқылы атауы керек. Бұл жаттығу тілдік сипаттау қабілетін және сенсорлық танымды дамытады.

«*Суретті құрастыр*»: бөліктерге бөлінген суретті қайта құрастырып, оның мазмұны туралы әңгімелеу. Балада кеңістік ойлау мен сөйлеу байланысы бағаланады.

«*Қай сурет артық?*»: бірқатар суреттер арасынан логикалық байланысы жоқ бейнені тауып, артық элементтің не себепті артық екенін түсіндіру ұсынылады.

«*Жасырын сурет*»: сурет біртіндеп ашылып отырады, ал бала көргеніне сүйене отырып болжау айтады. Бұл тәсіл ойлау, тілдік болжам айту, логикалық пайым жасау дағдыларын дамытады.

Бастапқы диагностика нәтижелері білім алушының әлеуетті даму аймағын, танымдық және тілдік процестеріндегі ерекшеліктерін, қолдауды қажет ететін тұстарын анықтауға мүмкіндік береді. Осы негізде түзету-дамыту жұмыстары жеке және топтық бағытта жоспарланады.

Мониторинг құралдары

Педагог бақылауы (бақылау картасы). Мақсаты: білім алушының танымдық және тілдік дағдыларын күнделікті сабақ процесінде жүйелі түрде бақылау және даму динамикасын тіркеу.

Қолдану әдісі: педагог әр білім алушы үшін жеке бақылау картасын жүргізеді.

Сабақ кезінде білім алушының сөйлеу белсенділігі, зейіні, есте сақтау қабілеті, логикалық ойлауы, ойынға қатысуы, тілдік тапсырмаларды орындау тәсілдері белгіленеді.

Картада әр критерий бойынша үш деңгейде (жоғары, орта, төмен) белгі қою немесе қысқаша сипаттама жазу қарастырылған.

Бақылау картасы үлгісі:

Критерийлер	Жоғары деңгей	Орта деңгей	Төмен деңгей	Ескертпе
Зейін	✓			Белсенді, тұрақты
Есте сақтау		✓		4 суретті есінде сақтайды
Сөйлеу белсенділігі			✓	Жауап беруге тартыншақ
Ойынға қатысуы	✓			Ынтамен орындайды

Жеке тапсырмалармен жұмыс парақтары. Мақсаты: әр білім алушының жеке қабілетіне сәйкес дайындалған тапсырмалар арқылы танымдық және тілдік даму деңгейін нақты бағалау.

Қолдану әдісі: парақтарда суретпен жұмыс, сөз тіркестерімен сөйлем құрау, айырмашылықтарды табу, логикалық тізбек жалғастыру сияқты тапсырмалар болады.

Әр тапсырмаға арналған дескрипторлар мен бағалау критерийлері болады.

Білім алушының жұмысы жинақталып, мониторингке қосымша дәлел ретінде сақталады.

Тапсырмалар (үлгі):

- Суретті қарап, не болып жатқанын айтып бер.
- Берілген сөздерден сөйлем құрастыр.
- Қай сурет артық екенін тап және неге екенін түсіндір.

Видео/фото тіркеу (қажет жағдайда). Мақсаты: білім алушының сөйлеу және ойлау әрекетін визуалды түрде тіркеу арқылы даму динамикасын объективті бақылау және салыстыру.

Қолдану әдісі: ойын тапсырмаларын орындау барысынан қысқа видеожазба немесе фотосурет түсіріледі.

Жазбалар тек оқу мақсатында қолданылады, ата-аналардың алдын ала келісімі қажет.

Бір тоқсанда 1-2 рет тіркеу жеткілікті, ол оқушының сөйлеу дағдыларын салыстыру үшін тиімді.

Пайдасы:

- білім алушының сөйлеу мәнеріндегі өзгерістерді байқауға көмектеседі.
- мұғалім мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты күшейтеді.

Ата-аналармен сауалнама. Мақсаты: үй жағдайында білім алушының танымдық белсенділігі мен сөйлеу дағдылары туралы қосымша ақпарат алу, ата-аналармен бірлесе жұмыс жүргізу.

Қолдану әдісі: тоқсанына 1 рет ата-аналарға қарапайым және нақты сұрақтардан тұратын сауалнама беріледі. Сауалнама жазбаша немесе онлайн түрде толтырылады. Жауаптар педагогтың бақылауымен салыстырылып, кешенді талдау жасалады.

Сауалнама сұрақтарының үлгісі:

- балаңыз үйде жаңа сөздерді қалай меңгереді?
- сөйлеу кезінде қиындық байқайсыз ба?
- қиялға негізделген ойындарға қызығушылығы бар ма?

- балаңыздың есте сақтау қабілеті туралы не айтасыз?

6-кесте – Бағалау критерийлері

Деңгей	Сипаттамасы
Жоғары	Тапсырмаларды өз бетінше, белсенді және нақты орындайды
Орташа	Кей жағдайда көмек қажет етеді, бірақ мазмұнын түсінеді
Төмен	Белсенділігі төмен, тапсырманы толық түсінбейді немесе орындай алмайды

Ойын арқылы танымдық және тілдік қабілеттерді дамыту – бастауыш білім алушылар үшін тиімді әдіс. Диагностика мен мониторинг нәтижелері негізінде педагог жеке және топтық дамытушы жұмыстарды жоспарлайды.

Ойын әдістері – тілдік және танымдық процестерді дамытуда ерекше тиімді педагогикалық құрал. Олар балалардың сөйлеу белсенділігін арттыруға, қызығушылығын оятуға, логикалық ойлау мен есте сақтау қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Төменде қолдануға болатын бірнеше ойын түрі мен олардың сипаттамалары ұсынылады:

«*Не жоқ?*» ойыны. Мақсаты: зейінді шоғырландыру, есте сақтау қабілетін дамыту, сөздік қорды белсендіру.

Көрнекілік: 5–6 сурет (мысалы, үй жануарлары).

Ойын барысы: балалар суреттерге қарап, есте сақтайды. Көздерін жұмғанда бір сурет алынып тасталады. Көзін ашқаннан кейін бала қай сурет жоқ екенін анықтап, атауы тиіс.

«*Сипатта және тап*» ойыны. Мақсаты: сипаттап сөйлеу, логикалық болжау, сөз мағынасын түсіну және сөздік қорды толықтыру.

Көрнекілік: түрлі заттардың немесе жануарлардың суреттері.

Ойын барысы: педагог бір бейнені сипаттап айтады (мысалы: «Бұл – төрт аяқты, жұмсақ жүні бар, «мәә» деп дыбыстайды»), бала тиісті суретті табады.

«*Артықты тап*» ойыны. Мақсаты: талдау, салыстыру, жалпылау және негізделген жауап айту қабілеттерін дамыту.

Көрнекілік: бір тақырыпқа біріктірілген бірнеше сурет, олардың біреуі тақырыпқа сәйкес келмейді

Ойын барысы: Бала артық бейнені анықтап, неліктен артық екенін түсіндіреді.

«*Қайда жатады?*» ойыны. Мақсаты: ұғымдарды топтастыру, логикалық байланысты түсіну және жіктеу қабілетін дамыту.

Көрнекілік: тақырыптық суреттер (көлік түрлері, тағамдар, киімдер, жануарлар және т.б.).

Ойын барысы: балалар берілген суреттерді тиісті санатқа (топқа) орналастырады.

«*Сөзді аяқта*» ойыны. Мақсаты: фонематикалық есту, сөздік белсенділік және дыбыстық талдау қабілеттерін дамыту.

Көрнекілік: жартылай айтылған сөзге сәйкес сурет.

Ойын барысы: педагог сөзді толық айтпайды (мысалы: «Бұл – са...»), бала толықтырып (мысалы: «сағат»), тиісті бейнені көрсетеді.

Көрнекілікпен ойын арқылы жұмыс істеу – балалардың танымдық белсенділігін арттырудың, тілдік қатысымға еркін түсуін қамтамасыз етудің тиімді құралы болып табылады. Мұндай жұмыс түрлері білім алушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға, ойды жүйелі жеткізуіне, сөздік қорын байытуға, сондай-ақ байланыстырып сөйлеу және сипаттап айту дағдыларын дамытуға бағытталады. Ойын элементтері мен көрнекі материалдардың үйлесімді қолданылуы бала қызығушылығын оятып, сөйлеу әрекетіне белсенді түрде қатысуына мүмкіндік береді.

Балалар ойын арқылы заттарды атау, сипаттау, салыстыру, есте сақтау, логикалық жүйелеу сияқты дағдыларды меңгереді. Ойын форматы білім алушының еркін ойлауына, қызығушылықпен қатысуына және белсенді тілдік қарым-қатынасқа түсуіне мүмкіндік береді.

Сөйлемді толықтыру, әңгіме құрау тапсырмалары сөйлемнің грамматикалық құрылымын меңгерту, ойды жүйелі жеткізу, сөйлеу логикасын қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылады.

Бұл жұмыстың мақсаты – білім алушының сөйлем ішіндегі сөздердің өзара байланысын түсіну қабілетін анықтау, сондай-ақ оның грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлем құрай білу деңгейін бағалау болып табылады. Сонымен қатар, тапсырмалар арқылы білім алушының берілген суретке немесе тақырыпқа сәйкес мазмұнды, жүйелі әңгіме құрастыра алу дағдысын дамыту көзделеді. Бұл бағыттағы жұмыс тілдік құрылымдарды меңгеруге, ойды ретімен жеткізуге және байланыстырып сөйлеу қабілетін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Диагностика мен мониторинг мазмұны білім алушының сөйлеу дағдыларын жан-жақты саралауға бағытталады. Бұл жұмыс барысында ең алдымен сөйлем құрылымының толықтығы мен логикалық реті назарға алынады. Сонымен қатар, білім алушының қолданған сөздерінің өзара мағыналық байланысы, сөйлем ішінде грамматикалық дұрыс жалғаулар мен жұрнақтарды пайдалану дағдылары бағаланады. Диагностиканың тағы бір маңызды аспектісі – ойды жүйелі жеткізу және байланыстырып сөйлеу қабілетінің деңгейін анықтау. Осындай бағытта жүргізілген бақылау нәтижелері білім алушының тілдік дамуын нақты бағалауға және қажетті қолдау шараларын жоспарлауға мүмкіндік береді. Мұндай тапсырмалар жүйелі түрде беріліп, білім алушының сөйлеу дағдыларының даму динамикасы бақыланады және қажетті түзетулер жүргізуге негіз болады.

Диагностикалық тапсырмалардың бағыттары:

- сөйлемді толықтыру (жекелеген сөздерді немесе сөз тіркестерін орынды қолдану);
- қатарынан берілген сөздерден мағыналы сөйлем құрастыру;
- көрнекі суретке қарап шағын әңгіме құрау;
- жартылай берілген әңгімені логикалық жағынан жалғастыру;
- оқиға ретімен баяндау (басы – ортасы – соңы);
- сөйлемдегі грамматикалық қателерді табу және түзету.

7-кесте – Бағалау критерийлері:

Критерийлер	Дескрипторлар
Сөйлемнің толық және мағыналы құрылуы	Сөйлемде бастауыш, баяндауыш және толықтауыш бар
Сөздердің грамматикалық байланысы	Сөздер септелу, жіктелу ережелеріне сай байланысты
Ойдың ретімен берілуі	Оқиғаның басы, дамуы, соңы жүйелі түрде айтылған
Тыныс белгілерін дұрыс қолдану	Сөйлем соңында тиісті тыныс белгісі бар
Лексикалық байлықтың көрінуі	Әңгімеде әртүрлі сөздер, сын есімдер мен етістіктер қолданылған

Мониторинг жүргізу

Мониторинг жүргізу – білім алушының тілдік дамуындағы жеке ілгерілеуін жүйелі бақылауға мүмкіндік беретін маңызды кезең. Оның басты мақсаты – диагностика нәтижелері негізінде білім алушының сөйлеу дағдыларындағы даму динамикасын анықтау, тілдік қабілеттердің қай қырында қиындық бар екенін белгілеу және сол бағытта қолдау көрсету жұмыстарын ұйымдастыру.

Мониторинг құралдарына мыналар жатады:

- педагогтің тікелей бақылауы – білім алушының сөйлеу әрекеттері кезінде педагог ауызша жауаптарға баға береді, жеке бақылау кестесін толтырады;
- жазбаша жұмыс парақтары – сөйлем құрау, мәтінмен жұмыс, сөздердің байланысын табу секілді тапсырмалар қолданылады;
- аудио/видео жазбалар – білім алушының әңгіме құрауын немесе сөйлеу әрекетін жазып алып, кейін сараптау жүргізу үшін пайдаланылады;
- ата-ана сауалнамасы – баланың үйдегі сөйлеу белсенділігі туралы қосымша мәлімет алуға көмектеседі, ол баланың ортадағы тілдік белсенділігі туралы толық түсінік қалыптастырады;
- бақылау картасы – мониторинг нәтижелерін тіркеп отыру үшін қолданылады. Онда әр білім алушы бойынша сөйлеу деңгейі, сөйлем құрау дағдысы, сөздік қоры, байланыстырып сөйлеу қабілеті, грамматикалық құрылымды дұрыс қолдану деңгейі және олардың өзгерісі белгіленіп отырады.

Мұндай жүйелі мониторинг тілдік дамуындағы оң өзгерістерді уақытында байқап, қиындықтарды ерте кезеңде түзетуге жағдай жасайды.

3-кесте. Бақылау картасы үлгісі (мониторингке)

Білім алушының аты	Сөйлем құрау	Әңгіме құрау	Грамматика	Ой жүйелілігі	Даму бағыты
Айдос	Орта деңгей	Жоғары деңгей	Қате көп	Қалыптасқан	Септік жалғаулармен жұмыс керек

Айша	Жоғары деңгей	Орта деңгей	Қателер жоқ	Сәл шашыраңқы	Логикалық байланысты дамыту керек
------	---------------	-------------	-------------	---------------	-----------------------------------

Нәтижені пайдалану жолдары

Жеке даму картасын толтыру мақсаты: әр білім алушының сөйлеу, грамматикалық құрылыммен жұмыс істеу және байланыстырып сөйлеу дағдыларының даму динамикасын нақты бақылау.

Қолданылуы: диагностикалық және мониторингтік тапсырмалар нәтижесінде алынған мәліметтерді жинақтау.

Әр білім алушыға арналған жеке кестелерде: сөйлем құрау деңгейі, сөздердің байланысы, грамматикалық сауаттылығы, ой жүйелілігі секілді көрсеткіштер белгіленеді.

Мысалы: ай сайын «қалыптасқан», «қалыптасу үстінде», «қалыптаспаған» деген белгілер қойылады.

Нәтижесі: педагог білім алушының нақты қай тілдік қабілеті дамымағанын көре алады және жеке жұмыс жоспарын құрады.

Сараланған тапсырмалар ұсыну мақсаты: әр білім алушының тілді меңгеру деңгейіне қарай жеке тапсырмалармен жұмыс жүргізу.

Қолданылуы: диагностикалық мәліметтерге сүйене отырып, грамматикалық ережелерді толық меңгермеген білім алушылармен жекелей жұмыс жүргізіледі. Олар үшін сөйлем құрылымын нақтылап, бекітетін жеңілдетілген, үлгіге сүйенетін жаттығулар ұсынылады. Бұл тапсырмалар білім алушының грамматикалық құрылымдарды түсінуін және дұрыс қолдануын қалыптастыруға бағытталады. Ал сөйлем құрау дағдысы қалыптасқан, грамматикалық ережелерді еркін қолдана алатын білім алушылар үшін күрделенген, шығармашылық сипаттағы тапсырмалар ұсынылады. Мұндай жұмыс түрлері білім алушының ойлау, мазмұндау, тілдік икемділік дағдыларын тереңдете түсіп, олардың тілдік мүмкіндігін кеңейтеді. Мысалы, грамматиканы меңгермегендерге: «Берілген сөздерден сөйлем құра»; жақсы меңгергендерге: «Оқиға желісімен бірнеше сөйлем құрап, әңгіме жаз» тапсырмаларын беруге болады.

Нәтижесі: білім алушы өз деңгейіне сай жұмыс істейді, ынтасы артады, жетістікке жетеді.

Түзету-дамыту бағытында қосымша жұмыс жүргізу мақсаты: сөйлем құрауда қиналатын, сөздерді байланыстыруда немесе ойды жүйелі жеткізуде қиналатын білім алушылармен арнайы жұмыс жүргізу.

Қолданылуы: жеке немесе шағын топпен логопедиялық сипаттағы тіл дамыту сабақтары ұйымдастырылады.

Қосымша жұмыс дәптерлері мен жаттығу карталары ұсынылады.

Арнайы артикуляциялық және грамматикалық жаттығулар кешені орындалады.

Нәтижесі: білім алушының тілдік дағдылары жүйелі қалыптасып, сөйлеу мүмкіндігі артады.

Ата-анамен байланыс орнатып, қолдау көрсету жолдарын ұсыну мақсаты: үйдегі сөйлеу ортасын қолдап, білім алушыға қосымша тілдік тәжірибе беру.

Қолданылуы: диагностика нәтижелері негізінде ата-аналарға баласының қай тұста қиналатыны түсіндіріледі.

Сауалнамалар арқылы үй жағдайындағы сөйлеу белсенділігі туралы ақпарат жиналады.

Ата-аналарға баламен күнделікті сөйлеу, әңгіме құрау, ертегі оқу, суретпен жұмыс жасау секілді тілдік тапсырмалар ұсынылады.

Нәтижесі: үй мен мектеп арасындағы бірлескен жұмыс нәтижесінде баланың тілдік дамуы жеделдейді.

Тілдік қабілет деңгейі бойынша топтау немесе қолдау тобы құру мақсаты: ұқсас қиындықтары бар білім алушылармен бағытталған жұмыс жүргізу.

Қолданылуы: мониторинг нәтижесінде сөйлем құрылымын меңгеруде қиындық көретін білім алушылар анықталады.

Аптасына 1–2 рет арнайы тіл дамыту сағаттары аясында қолдау тобы ұйымдастырылып, жұмыс жүргізіледі. Бұл топтың мақсаты – тілдік дағдысы төмен немесе сөйлеуде қиындық көретін білім алушыларға жекелей немесе шағын топпен мақсатты түрде қолдау көрсету. Жұмыс барысында білім алушылардың айтылым, тыңдалым, түсіну, сөздік қорды кеңейту, сөйлем құрау сияқты дағдылары дамытылып, олардың тілдік қатысымға еркін араласуына жағдай жасалады.

Нәтижесі: білім алушылар өзара тілдік тәжірибе алмасып, қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытады. Сөйлеуге деген қызығушылығы мен сенімділігі артып, тілдік белсенділігі жоғарылайды. Сонымен қатар, өз ойын еркін әрі дұрыс жеткізу қабілеті қалыптасып, оқу үрдісінде белсенділік танытады.

Сөйлемді толықтыру мен әңгіме құрау тапсырмалары білім алушылардың тілдік және коммуникативтік дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады. Мұндай тапсырмалар баланың сөйлем құру, сөздерді байланыстыру, ойды жүйелеу, грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдану қабілетін жетілдіреді.

Сөйлемді толықтыру жұмыстары баланың ойлау белсенділігін арттырып, сөйлем мазмұнын логикалық жағынан толықтыруға дағдыландырады. Әсіресе, сөйлемнің басын, ортасын немесе соңын өз бетінше толықтыру арқылы білім алушы себеп-салдарлық, уақыттық немесе қарсы мәнді байланыстарды қолдануды меңгереді. Көп нұсқалы толықтыру тәсілі сөз таңдауда еркіндік беріп, сөйлеу икемділігін қалыптастырады.

Әңгіме құрау тапсырмалары – тілдік тәжірибені тереңдетудің тиімді құралы. Сюжеттік суретке, берілген сөздерге немесе нақты сұрақтарға сүйене отырып әңгіме құрау баланың байланыстырып сөйлеу, логикалық ретпен баяндау, негізгі және қосымша бөліктерді ажырата білу, оқиғаның құрылымын сақтау қабілеттерін дамытады.

Мұндай тапсырмалар оқу процесінде үнемі қолданылып отырса, балалардың сөздік қоры кеңейіп, сөйлеуге деген сенімділігі артып, тілдік белсенділігі жоғарылайды. Сонымен қатар, балалар өз ойын еркін жеткізе алады,

грамматикалық дұрыс сөйлеуге дағдыланады және тілдік қарым-қатынас жасау қабілеті қалыптасады.

1) сөйлемді толықтыру тапсырмалары

1 - тапсырма: берілген сөйлемнің жалғасын тауып айт.

Мысалдар: Аян мектепке... (мысалы: ...қуана барды.); Кішкентай күшік... (мысалы: ...алаңда ойнап жүр.); Ауа райы бүгін... (мысалы: ...жылы және шуақты.).

2 - тапсырма: сөйлемдегі ойды жалғастыр. Мысалдар: Жаңбыр жауды, ал... (мысалы: ...балалар үйде отырды.); Мысық үстелдің астында отыр, өйткені... (мысалы: ...ол қорқып қалды.); Мен дүкенге бардым, сонда... (мысалы: ...жаңа дәптер сатып алдым.).

3 - тапсырма: сөздерді таңдап, сөйлемді аяқта. Мысалдар: Балақай _____ ойнап жүр. (доппен / құммен / достарымен); Ол _____ барып келді. (әжесіне / дүкенге / балабақшаға); Мен бүгін _____ жедім. (алма / бауырсақ / балмұздақ).

2) әңгіме құрау тапсырмалары

1 - тапсырма: сюжеттік суретке қарап, оқиғаны әңгімеле. Ресурс: балалар демалыста саябақта ойнап жүр. Сұрақтар: 1. Балалар не істеп жатыр?; 2. Олар қайда жүр?; 3. Қандай көңіл-күйде?

2-тапсырма: берілген сөздер арқылы әңгіме құрастыр. Керекті сөздер: достар, ойыншықтар, үй, қуаныш. Мысалы: «Бүгін менің достарым үйге келді. Біз ойыншықтармен ойнадық. Барлығымыз көңілді болдық.»

3- тапсырма: сұрақтарға сүйеніп әңгіме құра. Сұрақтар: 1. Қайда бардың?; 2. Кімді көрдің?; 3. Не істедің?; 4. Қандай әсерде болдың?

Мақсаты: хронологиялық тәртіппен, бірізді әңгіме құрау.

Сөйлемді толықтыру мен әңгіме құрау тапсырмалары білім алушылардың тілін, ойлау қабілетін, грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдануын жетілдіреді. Балалар өз ойын жүйелі жеткізе білуге, сөздердің өзара байланысын түсінуге үйренеді.

Жеке жұмыс: тілдік дағдыларда қиындықтары бар білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу мақсаты: айтылым, жазылым, сөйлем құрау, сөздерді байланыстырып айтуда және грамматикалық құрылымдарды қолдануда қиындық көретін білім алушыларға бағытталған жеке қолдау көрсету.

Қолдану тәсілдері: диагностика және педагог бақылауы нәтижесінде тілдік дағдылары төмен ілім алушылар іріктеледі.

Аптасына кемінде 1–2 рет шағын топпен немесе жеке тілдік қолдау сабақтары ұйымдастырылады.

Бертілетін тапсырмалар үлгілері: сөйлемді толықтыру; сурет бойынша сөйлем құрау; дыбыстау, дұрыс айтуға арналған артикуляциялық жаттығулар.

Мұғалім кері байланыс беріп отырып, білім алушының даму динамикасы бақылауға алынады.

Нәтиже: білім алушыда тілдік сенімділік қалыптасады, сөздік қоры артады, сөйлем құрау дағдысы жақсарады.

Тілдік дамуды қолдау мақсатында мектеп пен отбасы арасындағы тиімді байланыс, пән мұғалімдерімен әдістемелік ынтымақтастық және қосымша материалдарды пайдалану маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

Ата-аналармен байланыс білім алушылардың тілдік дамуына жан-жақты қолдау көрсетудің негізгі тетіктерінің бірі ретінде қарастырылады. Бұл бағыттағы жұмыс баланың мектептен тыс ортада да тілдік дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік беріп, оқу процесінің нәтижелілігін арттыруға бағытталады. Осы мақсатта ата-аналармен жеке кездесулер ұйымдастырылып, баланың жетістіктері мен тілдік дамуындағы қиындықтары туралы нақты мәліметтер беріледі. Оған қоса, ата-аналарға күнделікті тілдік әрекеттерді ынталандыратын ұсыныс-парақтар таратылып, онда баламен қарапайым сұхбат жүргізу, бірге кітап оқу және талқылау, өз ойын еркін айтуына жағдай жасау, сондай-ақ «Бұл не?», «Қайда? Қашан?» сияқты тілдік ойындарды қолдану ұсынылады. Сонымен қатар ата-аналардан кері байланыс алу мақсатында бақылау парақтары мен шағын сауалнамалар жүргізіледі. Мұндай жұмыстар нәтижесінде мектеп пен үй арасындағы өзара әрекет күшейіп, баланың тілдік дамуына жағымды әсер етеді.

Мұғалімдермен ынтымақтастық арқылы білім алушылардың тілдік дағдыларын әртүрлі пәндер аясында дамытуға қол жеткізіледі. Бұл бағытта пән мұғалімдері мен сынып жетекшісі бірлесе отырып, сабақтарда тілдік мақсаттарды ескеріп жоспарлау жұмыстарын жүзеге асырады. Мысалы, бейнелеу өнері пәнінде – суретке сипаттама беру, дүниетану пәнінде – жаңа ұғымды өз сөзімен түсіндіру, әдебиеттік оқуда – өз ойын дәлелдеп жеткізу тапсырмалары арқылы білім алушылардың байланыстырып сөйлеу дағдылары дамытылады. Апталық тілдік күндер, эссе-күнделіктер мен ауызша жауап формалары қолданылады. Мұндай сабақтар нәтижесінде білім алушылардың сөздік қоры барлық пәндерде дамып, тілдік дағдыларын түрлі жағдайда қолдану қабілеті артады.

Қосымша материалдармен жұмыс сабақтан тыс уақытта да білім алушылардың тілдік дағдыларын дамытуға жағдай жасауға бағытталады. Осы мақсатта арнайы әзірленген жаттығу дәптерлері, деңгейге қарай сараланған карточкалар, жұмыс парақтары ұсынылады. Олар жұмбақтар мен мақал-мәтелдермен жұмыс, сөйлем құрылымын түзету, әңгіменің бөліктерін ретімен орналастыру, ертегі кейіпкерлерін сипаттау сияқты тапсырмаларды қамтиды. Сонымен қатар QR-кодпен ұсынылатын тілдік тапсырмалар, аудио-бейнематериалдарға негізделген тыңдалым және сипаттау жаттығулары да қолданылып, мультимедиялық ресурстар оқу процесіне енгізіледі. Білім алушыларға онлайн платформалар (мысалы, Wordwall, LearningApps, Google Forms) арқылы жеке тапсырмалар ұсынылады. Бұл қосымша жұмыстар балалардың өз бетімен білім алуға бейімделуіне, оқуға қызығушылығының артуына және тілдік дағдылардың жүйелі дамуына ықпал етеді.

Осы бағыттардың барлығы білім алушының тілдік ортасын кеңейтіп, өз ойын еркін, жүйелі және грамматикалық тұрғыдан сауатты жеткізу қабілетін қалыптастыруға негіз болады.

Бастауыш сынып білім алушыларының сөйлеу тілі мен тілдік дағдыларын дамыту мақсатында педагогтер, логопедтер және ата-аналар тарапынан бірлескен, жүйелі жұмыс жүргізілуі қажет. Сөйлеу қабілетінде ауытқуы бар балалармен ерте кезеңнен бастап түзету жұмыстары ұйымдастырылуы тиіс. Бұл ретте педагогтер мен логопедтер кешенді түрде әрекеттесіп, баланың тілі мен сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған біріккен жоспар құрып, жеке жұмыс бағыттарын айқындауы маңызды.

Диагностикалық мәліметтер негізінде білім алушыларға арналған жеке оқу маршруттарын құру ұсынылады. Грамматикалық құрылымдарды меңгеруде қиындықтары бар балаларға – жеңілдетілген тапсырмалар, ал сөйлеу дағдыларын жақсы меңгерген білім алушыларға – күрделенген, шығармашылық мазмұндағы тапсырмалар берілуі қажет. Сонымен қатар жылына кемінде екі рет мониторинг жүргізу арқылы баланың даму динамикасын бақылап, нәтижелерін салыстырып отыру ұсынылады.

Ата-аналармен жұмыс бағытында келесі ұсыныстарды ұстану тиімді:

- үй жағдайында балаңызбен жиі тілдесіп, сұрақ қойып, өз ойын айтуға мүмкіндік беру;
- сөздік қорын байыту мақсатында ертегі, әңгімелер оқып беріп, оларды бірге талқылауға дағдыландыру;
- экран алдындағы уақытты шектеп, баламен нақты тікелей сөйлесу тәжірибесін көбейту;
- егер балада сөйлеуде қиындық байқалса (мысалы, дыбыстарды бұрмалау, сөз табудағы кедергілер, екпіннің дұрыс болмауы), дер кезінде маманның көмегіне жүгіну;
- балаңыздың сөйлеу қабілетін бағаламай, салыстырудан немесе сын айтудан гөрі, қолдау көрсету.

Педагогтер үшін келесі ұсыныстар назарда болуы тиіс:

- сабақ барысында білім алушылардың сөйлеу белсенділігін бақылап, сөйлеуінде қиындық бар балаларды уақытылы маманға бағыттау;
- диктант жаздыру, мәтінмен жұмыс істеу және әңгімелету тапсырмаларын жиі ұйымдастыру;
- сабақта тыныс алу, сөз тудыру, синоним мен антоним табу секілді қарапайым логопедиялық және психологиялық жаттығуларды қолдану;
- сөйлеуде қиындық танытқан білім алушыларды логопед немесе психологқа бағыттап отыру;
- ата-анамен әр уақытта байланыста болу.

Ескерту ретінде атап өту қажет: баланың сөйлеу дағдылары – оның оқу үлгерімімен және әлеуметтік қарым-қатынас орнату қабілетімен тікелей байланысты. Уақтылы анықталған тілдік қиындықтар – баланың болашақтағы оқу жетістіктерінің және өзін еркін таныта білуінің кепілі.

Қорытынды

Зерттеу барысында балалардың тілдік дамуын диагностикалау және мониторингілеу мәселелері жан-жақты қарастырылды. Тілдік қабілетті бағалауға арналған әдіс-тәсілдердің мазмұны сараланып, олардың артықшылықтары мен шектеулі тұстары анықталды. Соның негізінде баланың фонологиялық, лексикалық, грамматикалық және коммуникативтік дағдыларын кешенді түрде бағалауға мүмкіндік беретін диагностикалық және мониторингтік құралдар әзірленді.

Ұсынылған әдістемелік ұсыным білім беру ұйымдарында педагогтердің тілдік даму деңгейін жүйелі бақылауына және нақты түзету жұмыстарының жүргізілуіне негіз болады. Бұл құжаттың мазмұны білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді жұмыс жүргізуге бағытталған практикалық тәсілдер мен тапсырмаларға құрылған. Мониторинг жүйесінің енгізілуі арқылы білім алушының даму динамикасын кезең-кезеңімен бақылауға, ал алынған нәтижелерге сүйене отырып, оқу процесін нақтылауға және дараландыруға мүмкіндік туады.

Педагогтер үшін ұсынылған материалдар білім алушылардың сөйлеу дағдыларын дамытуда, грамматикалық құрылымдарды меңгерту мен сөздік қорды жетілдіруде қолайлы жағдай жасайды. Сонымен қатар, тілдік кемшіліктерді ерте кезеңде анықтау мен алдын алуға, тиісті қолдау көрсетуге жол ашады. Ұсынылған ойын элементтері, көрнекілік құралдары, ата-аналармен және пән мұғалімдерімен ынтымақтастықты ұйымдастыру тәсілдері балалардың тілдік дамуын кешенді жүргізуге жағдай жасайды.

Зерттеу нәтижесінде тілдік дамуды диагностикалау мен мониторингілеудің теориялық-әдіснамалық негіздері нақтыланып, қазақ тілінде баланың тілдік қабілеттерін бағалауға арналған ғылыми тұрғыдан негізделген әдістемелік материалдар жүйеленді. Бұл – отандық педагогикалық тәжірибе үшін маңызды қадам.

Алдағы уақытта балалардың тілдік дамуын диагностикалау мен мониторингілеу әдістерін жетілдіру мақсатында бірқатар бағыттар бойынша зерттеулер жүргізу қажет. Атап айтқанда, диагностикалық құралдарды сандық деректерге негізделген автоматтандырылған жүйелерге бейімдеу – білім алушылардың даму процесін нақты әрі шапшаң бақылауға мүмкіндік бермек. Сонымен қатар, жас ерекшеліктеріне бейімделген арнайы әдістемелер әзірлеу де аса маңызды. Себебі тілдік даму әр жаста өзіндік сипатқа ие және тиімді бағалау құралдары сол ерекшеліктерге сай құрылуы тиіс.

Баланың тілдік қабілеті мен әлеуметтік-эмоционалдық даму деңгейінің арасындағы байланысты тереңірек зерттеу де назар аударуды қажет етеді. Сөйлеу қабілеті көбіне баланың ішкі күйі мен қоршаған ортамен өзара қарым-қатынасына байланысты дамитыны белгілі. Сондықтан кешенді тәсілді қолдану баланың толыққанды дамуына ықпал етеді.

Сондай-ақ көптілді ортада өмір сүретін балалардың тілдік дамуын бағалау мен мониторинг әдістерін бейімдеу – қазіргі білім беру жүйесі үшін өзекті

мәселе. Мұндай жағдайда ана тілі мен екінші тілді меңгеру ерекшеліктерін ескере отырып, нақты әрі әділ бағалау жүйесін қалыптастыру маңызды.

Қорыта келгенде, балалардың тілдік дамуын диагностикалау және мониторингілеу әдіснамасын жетілдіру білім беру сапасын арттырудың, оқыту мазмұнын тиімді ұйымдастырудың және әр баланың әлеуетін ашудың негізгі тетігі болып табылады. Ұсынылып отырған әдістемелік ұсыным педагогикалық процесті жаңғыртуға, балалардың тілдік жетілуін жеделдетуге және білім алуға деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері тілдік дамуды бағалаудың жаңа бағыттарын енгізуге негіз бола отырып, білім алушылардың жан-жақты және үйлесімді дамуына ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. Сүлейменова Э.Д. (ред.). Қазақ тілінің теориялық мәселелері. – Алматы: Ғылым, 2004.
2. Жұбанова Б.Қ. Тіл дамыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1996.
3. Бастауыш мектепте тіл дамыту әдістемесі. – Алматы: Мектеп, 2012.
4. Айтбаева А.Б. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы: Арыс, 2007.
5. Құлмағамбетова Б.Х. Балалар тілін дамытудың психологиялық және педагогикалық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2019.
6. Құсайынов А., Құлмағамбетова Б., Сейсенбаева Г. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік дамуын бағалау жүйесі. – Нұр-Сұлтан: ҰҒПББСО, 2020.
7. Леонгард Е.В. Диагностика речевого развития детей дошкольного возраста. – М.: Владос, 2010.
8. Мастюкова Е.М. Психолого-педагогическая диагностика в логопедии. – М.: Академия, 2001.
9. Безруких М.М., Семенович А.В. Психофизиологическая диагностика речевых нарушений у детей. – М.: Просвещение, 2004.
10. Трошина Т.Н. Развитие речи дошкольников: диагностика и методика. – СПб.: Детство-Пресс, 2015.
11. Snow C.E., Burns M.S., Griffin P. Preventing Reading Difficulties in Young Children. – Washington, DC: National Academy Press, 1998.
12. Paul R., Norbury C. Language Disorders from Infancy Through Adolescence: Listening, Speaking, Reading, Writing, and Communicating. – Elsevier, 2012.
13. Owens R.E. Language Development: An Introduction. – Pearson, 2016.
14. McCormick L., Loeb D. Communication Disorders in Educational and Medical Settings. – Pearson, 2016.
15. Shipley K.G., McAfee J.G. Assessment in Speech-Language Pathology: A Resource Manual. – Cengage Learning, 2020.
16. Қ. Өмірбекова, Қ. Серкебаев – Логопедия (оқу құралы), Алматы, 1996 ж.
17. Гриншпун Б.М., Ляпидевский С.С. – О классификации речевых расстройств, М., 1969 ж. 3. Гвоздев А.Н. – Вопросы изучения детской речи, М., 1961 ж. 4. Левина Р.Е. – Основы теории и практики логопедии, М., 1968 ж.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
1. Балалардың тілдік дамуын диагностикалау және мониторингілеу әдіснамасы	5
2. Балалардың тілдік дамуын диагностикалау және мониторингілеу бойынша әдістемелік ұсынымдар	31
Қорытынды	79
Пайдаланылған дереккөздердің тізімі	81